Розлив воды	Нарушение санитарного состояния оборудования	Строгий контроль за санитарным состоянием оборудования
	Сбой оборудования	Строгое соблюдение правил эксплуатации оборудования и технологической инструкции
Упаковка	Закупка недоброкачественного упаковочного материала	Строгое соблюдение нормативных требований, предъявляемых к упаковочному материалу
	Нарушение санитарного состояния оборудования	Обработка и дезинфекция оборудования, строгий контроль за санитарным состоянием оборудования

Таким образом, предлагаемые нами решения дают возможность значительно снизить возможность возникновения и проявления опасных факторов, представляющих потенциальную опасность с позиций потребления минеральной воды.

**Литература**

1. Еделев, Д.А. Международный опыт обеспечения безопасности и качества продуктов питания / Д.А. Еделев, В.М. Кантере, В.А. Матисон // Пищевая промышленность. – 2010. – № 12. – С. 70–71.
2. Система НАССР – основа для внедрения системы менеджмента безопасности / З.Е. Егорова, Н.Д. Коломиец, Т.М. Шачек // Качество в XXI веке: системный подход и инновации: материалы Междунар. науч.-практ. конф., Минск, 26-27 марта 2008 г. / НП РУП БелГИСС. – Минск, 2008. – С. 245–246.
3. Егорова, З.Е. Анализ риска при производстве пищевых продуктов / Егорова З.Е., Коломиец Н.Д. // Стандартизация. – 2008. – №3 – С. 13–16..
4. СТ РК ИСО 22000-2006 Системы менеджмента безопасности пищевых продуктов. Требования ко всем организациям в цепи производства и потребления пищевых продуктов.
5. О безопасности упаковки: ТР ТС 005/2011.— Утв. решением Комиссии Таможенного союза от 16 августа 2011 г. № 769.

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

6. О безопасности пищевой продукции: ТР ТС 021/2011. – Утв. решением Комиссии Таможенного союза от 9 декабря 2011 г. № 880.
7. Пищевая продукция в части ее маркировки: ТР ТС 022/2011 – Утв. решением Комиссии Таможенного союза от 9 декабря 2011 г. № 881.
8. Требования безопасности пищевых добавок, ароматизаторов и технологических вспомогательных средств: ТР ТС 029/2012. – Утв. решением Комиссии Таможенного союза от 9 декабря 2011 г. № 881.
9. Единые санитарно-эпидемиологические и гигиенические требования к товарам, подлежащим санитарно-эпидемиологическому надзору (контролю), утвержденные Решением Комиссии таможенного союза от 28 мая 2010 года № 299.
10. Инструкция о качестве и безопасности продовольственного сырья и пищевых продуктов/ утверждено Постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 ноября 2000 года N 1783.
11. СанПиН 2.3.2.1078-01 Гигиенические требования безопасности и пищевой ценности пищевых продуктов.
12. СанПиН «Санитарно-эпидемиологические требования к производству, качеству и безопасности расфасованных в емкости питьевых, минеральных природных и искусственно минерализованных вод» от 24 марта 2005 года №147.
13. Тарасов Р.В., Макарова Л.В., Умярова С.Ж., Медведкова Е.В. Анализ риска от воздействия потенциальных опасных факторов и разработка предупреждающих действий при производстве минеральной воды//[Научно-практический журнал «Современные научные исследования и инновации»](http://web.snauka.ru/issues/2014/02/31612), <http://web.snauka.ru/issues/2014/02/31612>.
14. Тәліпбаева Г. Ғ., Тулекбаева А.К., Сабырханов Д.С., Егорова З.Е. Роль программы производственного контроля в обеспечении безопасности пищевых продуктов на соответствие требованиям системы НАССР (HAZARD ANALYSIS AND CRITICAL CONTROL POINTS)// Труды научно-практической конференции «Интеграция науки, образования и практики» посвященной 15-летию Международного гуманитарно-технического университета, Шымкент, Том 2, 2015, С.421-434.

### *Түйін*

*Мақалада рұқсат етілген деңгейге дейін анықталу мүмкіндігін төмендетуге бағытталған ескертуші әрекеттерді әзірлеуге эксперттік әдіс негізінде бағалау және сапалық диаграмманы тұрғызумен минералды су өндірісі процесіндегі қауіпті факторларға талдау жүргізілген.*

### *Summary*

*In the article analyzes the hazards during the production of mineral water with their assessment based on the use of expert methods and the construction of high-quality diagrams to develop preventive actions aimed at reducing the possibility of their occurrence to an acceptable level.*

ӘОЖ665.637.6.092.5

**Усентаев Б.М., Танашев С.Т., Пусурманова Г.Ж.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІН ЖАҚСARTУ МАҚСАТЫНДА ҚҰМКӨЛ МҰНАЙЫНЫҢ ДИЗЕЛЬ ФРАКЦИЯЛАРЫН ГИДРОАСЫЛДАНДЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗЕРТТЕУ**

**Аңдатпа:** Экологиялық қасиетін жақсарту мақсатында мұнай өңдеу, мұнайхимия саласында өзекті мәселе болып табылатын Құмкөл мұнайының дизель фракцияларын гидроасылдандыру процесінің нәтижелері қарастырылған. Дизель фракциясынан жоғары сапалы дизель отынын алу мақсатында гидроасылдандыру сынағы және оның тәжірибелік тәуелділігі зерттелген. Гидротазалау қондырғысын жетілдіру, қолданылатын шикізаттың құрамына, катализатордың белсенділігіне және тұрақтылығына тәуелді екендігі анықталған.

Осылайша, Құмкөл мұнайының дизель фракцияларын алдын-ала сутекпен гидроасылдандырудың әртүрлі катализатордағы көрсеткіштері, мақсатты дизель отынының шығымы мен сапасын, өндірістік көрсеткіштерін қанағаттандырып, сонымен қатар Еуростандарт талаптарына жауап бере алады.

**Кілттік сөздер:** Катализатор, температура, көмірсутек, шикізат, сутек, мұнай, дизель, фракция, гидроасылдандыру, гидрогенизация.

Қазіргі кезде сапасы жоғары отын және жағар майларды өндірумен тұтыну өзекті мәселе болып отыр, осыған байланысты отын және жағар майлардың сапасына қойылатын талаптарды ғылыми-техникалық және экономикалық тұрғыдан негіздеу, оларды пайдалану кезіндегі қасиеттерінің деңгейін оңтайландыру

## М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері

және осы деңгейге жетуге қажетті технологияны таңдау үлкен проблемаға айналды. Сапа қоры негізделмеген отын және жағар майларды қолдану мұнай өңдеуде тиімсіз шығындарға әкеліп соқса, ал пайдалану талаптарына сай келмейтін отын және жағар майларды қолдану қозғалтқыштардың, машиналардың және механизмдердің сенімділігін төмендетеді[1].

Осы жоғарыда атап көрсетілгендей соңғы кезде техника мен көлік құралдарының жоғары қарқынды дамуына байланысты, дизель отындарының экологиялық тазалығы мен қолдану қасиеттеріне деген талап артып келеді.

Аталған жағдайлар ТМД және Қазақстан ғалымдарының зерттеу жұмыстарында да бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселе екендігі көрсетілген[2].

Бұл жұмыста біз Құмкөл мұнайының дизель фракцияларын жоғары сапалы дизель отынын алу және сапасы мен шығымын анықтау мақсатында шикізатты алдын-ала сутекпен гидроасылдандыру процесін қолдандық.

Орындалған жұмыста шикізатты сутекпен каталикалық ыдырату процесі жүргізілген, ал бұл жұмыстың ерекшелігі шикізатты алдын-ала сутекпен асылдандыру процессін жаңа физика-химиялық технология әдісі бойынша іске асырылуында.

Сутекпен гидроасылдандыру процесін төмендегі шарттарды пайдалану арқылы жүзеге асырдық, яғни процесс температурасы 340 – 350 °С, қысымы шамамен 5-6 МПа.

«ПҚОП» ЖШС шарттарына орай, базалы дизель отыны өндірісі үшін шикізаттың негізгі көзі болып табылатын Құмкөл мұнайының дизель фракцияларына кешенді зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Осы зерттеулер нәтижесіне сүйеніп, базалы дизель отыны өндірісі үшін қажетті шикізатын сутекпен гидроасылдандыру жобасы дайындалды.

Құмкөл мұнайының дизель фракцияларын жоғары сапалы дизель отынының компонентін алу мақсатында тәжірибе, зертханалық сутекпен асылдандыру қондырғысында жүзеге асырылды.

Шикізатты алдын-ала тазартып алу үшін катализатор ретінде ТМД елдерінің мұнай өңдеу зауыттарының сутекпен тазарту және гидропарафинсіздендіру қондырғыларында кеңінен қолданылатын HR-626(гидротазалау) және HYDEX-G(гидродепарафинизация) маркалы катализаторлар қабаттарынан тұратын реакторлы жүйені пайдаландық.


Алынған гидрогенизатты, оның құрамындағы жеңіл фракциялардан арнайы айдап алу арқылы тұрақтандырып, тұрақталған гидрогенизатты дизель отынын алу блогы қондырғысында өңдедік.

Тәжірибе нәтижесінде алынған мәліметтер төмендегі кестеде ұсынылған.

Кесте 1. Дизель отынының сапасының гидротазалау нәтижесінде өзгеруі


Көрсеткіштер	Бірінші сынақ		Екінші сынақ	
	Бастапқышикізат	Тұрақтыгидрогенизат	Бастапқышикізат	Тұрақтыгидрогенизат
50 °С тығыздық, кг/м <sup>3</sup>	815	810	812	808
50 °С сыну көрсеткіші	1,5036	1,4923	1,5021	1,4938
100 °С тұтқырлығы, мм <sup>2</sup> /с	8,76	7,05	8,59	7,6
Тұтану температурасы(жабық тигелде) қайнауы, °С,	79	65	75	62
түсі, ЦНТ бірлігінде	5,0	3,5	5,5	3,5
күкірт мөлшері, %(масс.)	0.045	0.00041	0,037	0,00044
бейкүкіртсіздену тереңдігі, %(масс.)	-	80	-	75

С<sub>күк.</sub> %



Сурет 1. Күкірсіздендіру нәтижесінің температураға тәуелділігі, °C, (Тәжірибе №1).

$S_{\text{күк.}} \%$



Сурет 2. Күкірсіздендіру нәтижесінің температураға тәуелділігі, °C, (Тәжірибе №2).

Құмкөл мұнайының дизель фракцияларынан сапалы дизель отынының компонентін алу мақсатында сутекпен гидроасылдандыру қондырғысында жүргізілген, 1 кестеде келтірілген зертханалық тәжірибелік нәтижелер бойынша айтатын болсақ, онда шикізатты алдын-ала сутекпен асылдандырғанда оның тығыздығы  $810 \text{ кг/м}^3$ , сыну көрсеткіші 1,4923 және тұтқырлығы  $7,05 \text{ мм}^2/\text{с}$  (сынақ 2) төмендегенін, сонымен қоса шикізаттың түсінің жақсарғанын 3,5 және оның құрамында күкірт мөлшерінің 0,00041 (сынақ 1) төмендегенін байқаймыз.

Жұмыстың алға қойған мақсатына сәйкес, әр шикізаттың көмірсутекті құрамына процестің әсерін анықтау үшін, бастапқы шикізат пен сутекпен гидроасылдандырылған Құмкөл мұнайының дизель фракцияларын зертханалық қондырғыда парафинсіздендіруге ұшыраттық.

Алынған нәтижелер төмендегі 2 кестеде ұсынылған.

Кесте 2. Құмкөл мұнайының 230-350 °C аралығында қайнайтын фракциясын сутегімен гидроасылдандырғанда оның тұрақталған гидрогенизат-дизель отынының құрамына әсері


Көрсеткіштер	Бірінші сынақ		Екінші сынақ	
	бастапқы шикізат	тұрақты гидрогенизат	бастапқы шикізат	тұрақты гидрогенизат
Зертханалық жағдайда парафинсіздендіру, % (масс).	-	-	92,0	93,8
Парафинсізденген гидрогенизаттың сипаттамасы				
Тұтқырлық, $\text{мм}^2/\text{с}$				
100°C	15,05	6,75	11,15	6,66
50°C	70,85	34,45	65,78	32,46
Тұтқырлық индексі	55	89	58	91
20 °C сыну көрсеткіші	1,5161	1,5041	1,5170	1,5100



Көрсеткіштер	Шикізат	Гидрогенизаттың катализатордағы көрсеткіштері			
		АКМ	АНМ	АНМС	HR-626
20°C, тығыздығы кг/м <sup>3</sup>	815	812	810	813	810
20°C, кинематикалықтығыздығы сСт	3,99	3,98	4,73	5,50	5,10
тұтану температурасы, °C,	76	56	60	58	63
қату температурасы, °C,	15	-10	-16	-15	-18
Жалпы күкірт мөлшері %мас	0,042	0,00041	0,00053	0,00047	0,00035
Иодтық саны, г I <sub>2</sub> /100г	2,96	1,95	2,02	1,70	1,33
Қышқылдылығы, мг КОН/100г	0,62	0,025	0,032	0,019	0,016
Цетандық саны	40	51	52	50	55
Фракциялық құрамы °C,					
б.к.	206	200	196	198	202
10% қайнайды	247	224	225	220	222
50% -"	280	280	279	277	278
90% -"	333	336	339	337	334
96% -"	354	347	350	349	345
Топтық көмірсутектік құрамы, % (масс.)					
изопарафин-нафтендер		30,45			45,56
ароматты көмірсутектер:		18,20	49,71	31,78	23,93
жеңіл <1,5100)		8,52	28,89	16,80	7,21
орта (<1, 5240)		42,25	7,74	10,23	22,05
ауыр (> 1,5240)		1,20	18,26	38,89	1,52
			0,79	1,4	

Жоғарыдағы 1 кестеден көріп отырғанымыздай, алдын-ала сутекпен гидроасылдандыру тұрақталған гидрогенизат - дизель отыны фракциясының құрамын айтарлықтай өзгертетіні байқалған, атап айтқанда (1 сынақ) изопарафин-нафтен көмірсутектері мен жеңіл ароматты көмірсутектердің мөлшері жоғарлап, (2 сынақ) орта, ауыр ароматты көмірсутегі төмендеген [3].

Кесте 3. Шикізаттың және гидротазаланған дизель фракциясының әртүрлі катализатордағы көрсеткіштері.



Сурет 3. Құмкөл мұнайының мұнайының дизель фракцияларын сутегімен гидроасылдандырғанда және гидротазаланған дизель фракциясының әртүрлі катализатордағы 1-HR-626; 2—АКМ; 3-АНМ; 4-АНМС көрсеткіштері. (Т=350°C, Р=5,2 МПа, V<sub>0</sub>=3,0 сағ<sup>-1</sup>)

## **М.Әуезов атындағы ОКМУ ғылыми еңбектері**

Шикізатты сутегімен байытудың арқасында тұрақталған гидрогенизат - дизель отынының цетандық көрсеткіші жоғарлаған. Бірінші кесте мен екінші кестедегі жүргізілген тәжірибелердің бір-бірінен айырмашылығы бірінші сынақта Құмкөл мұнайының дизель фракцияларын алдын-ала сутекпен гидроасылдандырып, екінші сынақта одан алынған гидрогенизаттың құрамындағы парафин құрылымы өзгеріп, нәтижесінде алынған тұрақталған гидрогенизат- дизель отынының сапалық көрсеткіштері айтарлықтай жақсарғанын байқап отырмыз[4].

Тәжірибеге сәйкес 3 кесте мен 3 суреттегі жүргізілген тәжірибелердің ұсынылған  $T=350^{\circ}\text{C}$ ,  $P=5,2$  МПа,  $V_0=3,0$   $\text{cm}^3$  режимдегі сутекпен гидроасылдандыру процесін әртүрлі катализатордағы көрсеткіштері алынған гидрогенизаттың негізгі көрсеткіштерінің жақсарғанын растайды, яғни күкіртсіздену мен парафинсіздендіру тереңдігі 89-90 %-дан төмен емес, парафинсізденген шикізаттағы парафин көмірсутектерінің мөлшері азайған, парафинсізденген дизель отынының цетандық көрсеткіші жоғарылаған. Орындалған жұмыс бойынша тұрақты гидрогенизат ұсынылған талаптарға жауап береді, әйткенмен болашақта тұрақты гидрогенизатқа деген талап қатаңдай түспек.

Осылайша, Құмкөл мұнайының дизель фракцияларын алдын-ала сутекпен асылдандырудың әртүрлі катализатордағы көрсеткіштері, мақсатты дизель отынының шығымы мен сапасын, өндірістік көрсеткіштерін қанағаттандырып, сонымен қатар қазіргі кездегі қажетті Еуростандарт талаптарына жауап бере алады.

### **Әдебиеттер**

1. Капустин В.М., Гуреев Л.А. Технология переработки нефти. Часть вторая. Деструктивные процессы. - М.: КолосС, 2007. 334 с.
2. Капустин В. М., Рудин М.Г. Химия и технология переработки нефти. - М.: Химия, 2013-496 с.
3. Капустин В.М., Танашев С.Т., Пусурманова Г.Ж. Мұнай өңдеу технологиясы. Бірінші бөлім. Мұнайды біріншілік өңдеу. Алматы, Эверо, 2014.-236 б.
4. Капустин В.М., Танашев С.Т., Пусурманова Г.Ж. Мұнай өңдеу технологиясы. Екінші бөлім. Мұнайды біріншілік өңдеу. Алматы, Эверо, 2014.-236 б.

### *Резюме*

*В данной работе рассматриваются актуальные проблемы возможности гидрокаталитического депарафинизации дизельной фракций из нефти месторождений Кумколь для производства дизельного топлива с улучшенными экологическими свойствами. Проведены испытания на гидрооблагораживание дизельной фракций и исследованы экспериментальные зависимости с целью получения высококачественного дизельного топлива. Выявлено, что интенсификация гидроочистки дизельной фракций на установке зависит от состава сырья, а также стабильности и активности катализатора.*

### *Summary*

*In this work actual problems of opportunity hydrocatalytic dewaxings of diesel fractions of oil of fields Kumkol for production diesel fuels with the improved ecological properties are considered. Tests on a hydrouppclassing of diesel fractions are carried out and experimental dependences for the purpose of receiving high-quality diesel fuel are investigated. It is revealed that the intensification of hydrotreating of diesel fractions on installation depends on structure of raw materials, and also stability and activity of the catalyst.*

*On the basis of the received scientific results it is established that the raw materials used in production of high-quality diesel fuel can be considered as disperse system as under optimum conditions promotes formation of difficult structural units the having kernels and a solvatny cover regulated with use of methods of physical and chemical technology of oil disperse systems.*

ӘОЖ 37.016:621.3/.38(042.4)

**Ходжаева Г.Т., Жаркынбекова Ф., Сарсенова М., Култаева С.**

Шымкент көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжі, Шымкент, Қазақстан

### **НАНОТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ӨМІРДЕ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Аңдатпа:** Нанотехнология физикада, химияда, медицинада кеңінен қолданылады. Атомдық және молекулалық масштабтағы объектілермен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін технологияны айтамыз.

**Кілттік сөздер:** Нанометр, нанотехнология, фуллерендер, нанокұбырлар, наноталшықтар, нанотесікті құрылымдар, нанодисперсиялар, нанороботтар, толқынлық дуализм, масспектрометр.

«Нанотехнология» деген сөзді өзіміздің қазақ тілінде түсіндіретін болсақ, «кішкентай өлшемді технология» дегенді білдіреді. Бұл жерде «нано» сөзі «миллиардтың бір бөлшегі» деген мағынаны береді. Қысқасы, кез келген заттың миллиардтан бір бөлшегі бастапқы тегінен ерекшеленді де, басқа физикалық қасиеттерге ие болады. Міне, осы заңдылық арқылы, яғни, материяның белгілі бір күйден екіншісіне өту

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

кезіндегі өзгерістер арқылы өмірге, бұрын ешкімге белгісіз жаңа технология еніп жатыр. Қазіргі заманауи «сандық» технологиялармен үйлесімді жұмыс істейтін электронды құрылғылар – осы нанотехнологияның жемісі десек, қателесіп отырған жоқпыз. Нанотехнология адамзат өміріндегі ең төңкерісті жаңалықтардың бірі болды десек, артық айтқандық емес. Ал оның бүгінгісінен болашағы әлдеқайда «жемісті». Сонымен, нанотехнология дегеніміз – молекулалардың жиынтығынан құрылған ерекше бір физикалық қасиеті бар материал. Немесе бір сөзбен айтқанда, заттың бөлшегінен тұтас бір жаңа дүние ойлап шығару дегенді білдіреді.

Нанотехнология – бұл адамның көзіне көрінбейтін майда бөлшектерді белгілі бір ретке келтіре отырып, оның ерекшеліктерін алдын-ала белгілеп беру арқылы әлдебір құрылымды қарастыруға қажетті жекелеген атомдарды ыңғайлап орналастыру. Нанометр дегеніміз бір метрді миллиардқа бөлгендегі ұсақ бөлігі ( $1 \text{ нанометр} = 10^{-9} \text{ метр}$ ). Нанотехнология – осындай кішігірім өлшемдермен айналысатын ғылым. XXI ғасырда нанороботтар мен технологиялар әрбір ағзаның, заттың құрамына енгізіледі де, адамзат өзін қоршаған әлеммен бірге тұтастай саналы суперкомпьютерге айналады.

Нанотехнология – кеңістіктің нанометрлік аймағындағы жеке атомдарға, молекулаларға, молекулалық жүйелерге әсер ету арқылы жаңа физика-химия қасиеттері бар молекулалар, наноқұрылымдар, наноқұрылғылар мен материалдар алу мүмкіндіктерін зерттейтін қолданбалы ғылым.

Наноқұрылымды материалдар немесе қарапайым наноматериалдар дегеніміз нанометрлі мөлшердегі құрылымды материалдарды айтамыз.

Заттар макро мөлшерден нано мөлшерге ауысқан кезде олардың қасиеттері өзгереді. Өзгерістер екі негізгі себептермен байланысты: беттік бөліктің ұлғаюы және кванттық эффекті күшінің электрондық құрылымының өзгеруі. Беттік қабатқа жақын атомдардың қасиеттері материал көлеміндегі атомдардың қасиеттерінен өзгеше болады, сондықтанда материалдың беттік қабатын заттың ерекше қасиеті ретінде қарастыруға болады. Беттік қабатта орналасқан атомдар бөлшектері көп болған сайын, беттік қабатпен байланысты эффектілер күштірек болады.

Нанообъектілердің электрондық құрылымдарының ерекшеліктері мөлшерінің кішірейетініне байланысты кванттық қасиетінің басымдығымен түсіндіріледі. Қазіргі уақытта технология әртүрлі наноматериалдардың көптеген түрлерін алып үйренді. Заманауи ғылым наноматериалдардың түрлерін бірнеше классификацияға бөледі: нанобөлшектер, фуллерендер, наноқұбырлар мен наноталшықтар, нанотесікті құрылымдар, нанодисперсиялар, наноқұрылымды беттер мен қабаттар, нанокристалды материалдар. Нанобөлшектер дегеніміз мөлшері 100 нм кем мөлшерді айтады. Нанобөлшектер  $10^6$  немесе одан да аз атомдар санынан тұрады және олардың қасиеттері осындай атомдардан тұратын көлемді заттардың қасиеттерінен ерекшеленеді. Мөлшері 10 нм кем нанобөлшектер нанокластерлер деп аталады. Кластер сөзі ағылшынша «cluster» - қабаттасу, шеге деген сөзінен шыққан. Әдетте, нанокластерлерде 1000 атомға дейін атомдар болады. Нонохимияда көміртегінің мәні өте зор, оның барлығы фуллерендер мен наноқұбырлардың ашылуымен байланысты.

Фуллерендер – 40 көміртегі атомынан тұратын кластер, формасы футбол добының формасын еске түсіретін сфера тәрізді қарқасты құрылым болып табылады. Фуллерендер өзінің атауын осындай құрылымдарды архитектурада пайдалануға арнап ойлап тапқан архитектор Фуллердің құрметіне аталған. Тұрақты фуллерен  $C_{60}$  болып табылады, оны 1985 жылы Крото әріптестерімен біріге отырып, ойлап тапқан болатын. Фуллерендерді зерттеу барысында 36-дан 540-қа дейін көміртегі бар кластерлер алынды. 1991 жылы жапон ғалымы Сумио Ииджима ұзын көміртекті құрылымды анықтады, оны наноқұбыр деп атады. Фуллерендер мен наноқұбырлар нанотехнологияда көптеп зерттелетін объектілері болып табылады, олар өте қызықты қасиеттерге ие және ғылым мен техникада көптеп пайдаланылады.

Нанотехнология наномөлшердегі құрылғыларды жасауға және оларды пайдалануға мүмкіндік береді. Нанометрлік мөлшердегі объектілер мен заттарды алудың екі жолы бар. Бұл әдістер технологияда «жоғарыдан төменге» және «төменнен жоғарыға» деп аталады. «Жоғарыдан төмен» технологиясы денені механикалық немесе басқалай өңдеу кезінде, нанометрлік мөлшерге дейін жететіндей мөлшерге дейін кішірейтеді. Мысалға, нанобөлшектерді макрокопиялық мөлшерге дейін арнайы ұнтақтағыштарда ұнтақтау арқылы нанобөлшектерді алуға болады.

Адамның көзі жақсы көретін объектілердің минималды мөлшері, көз жақсы көреді деген кезде 25 см тең, мөлшері шамамен 0,1 мм. Өте ұсақ объектілерді зерттеу үшін әртүрлі оптикалық құралдар пайдаланылады мысалы, қарапайым лупа, сонымен қатар күрделі бірнеше линзалардан тұратын оптикалық микроскоптар. Қазіргі заманауи оптикалық микроскоптар 1500 есе үлкейтеді, яғни бұл дегеніміз олардың көмегімен шамамен  $10^7$  мөлшердегі, яғни жүздеген нанометр шамасындағы объектілерді ажыратуға болады.

Белгілі болғандай, оптикалық диапазон (яғни көзге көрінетін жарық) 400-ден (күлгін) 800 нм (қызыл) аралығында жатыр. Осы себептенде, теория жүзінде болса да, 200 нм-ден кіші объектілерді өте күшті микроскоптың көмегімен де көре алмайсың. Осы диапазонға тірі ағзалар кіреді, олардың мөлшерлері жүздеген және мыңдаған нанометрден тұрады. Мөлшерлері бірнеше нанометрден аспайтын атомдарды бұл оптикалық микроскоппен көру мүмкін емес. Бұл жағдайдан шығудың тамаша мүмкіндігі сәулеленудің толқын ұзындығын азайту болып табылады. Оптикалық микроскоптың көмегімен жеке атомдарды ажырату үшін толқын ұзындығын мың есе азайтуға тура келеді.

XX ғасырдың 30 жылдары электрон ағынын жарық толқынымен бірге бейнелейтін микроскоптардың сызбалары ұсынылды. Электронды микроскоптың жасалуы ғасырдың басындағы кванттық физиканың қарқынды дамуына мүмкіндік берді. Микроәлемнің бөлшегі, жекелеп алғанда электрон, коркускулярлы – толқындық дуализмге ие, яғни бөлшек пен толқын ретіндегі барлық қасиеттерді көрсете беретіні белгілі болды. Белгілі болғаны, тек қана жарық толқындарына тән деп келген интерференция, дифракция және тағы басқа қасиеттер электрондарға да тән болып келеді. Осы уақытта электрондар – олар зарядталған бөлшектер, қозғалысын электр және магнит өрістердің көмегімен басқаруға болады, яғни электрон шоғыры электр және магнит өрістерінде шамамен оптикалық линзалардың жарық сәулелері сияқты шашырайды. Сондықтанда электрон шоғырын фокустайтын және шашыратын құрылғы электронды микроскоптарда «электронды линза» деп аталады. Электронды микроскоптың сызбасы, келесі элементтерден тұрады: электронды зеңбірек, жіберілетін электрон ағындары плюс электронды (магнитті) линзалар жүйесі, зерттелетін объектіге фокусталатын электрон ағыны. Ең соңында қалатыны кескіндемені көрінетіндей жағдайға жеткізу болып табылады. Бұл проблемалардың кешені, 1932 жылы неміс ғалымдары М.Кнолль мен Э.Русканың электрондарды фокустау үшін магнит линзаларын пайдаланатын бірінші микроскопты жасаған кезінде шешілді.

Бұл микроскоптардың жарық көзі электронды зеңбірек, ал электрон көзі көп жағдайда қыздырылған вольфрам жібі болып табылады. Зерттелетін электрондар зерттелетін үлгінің беткі жарықтандырылатын ауданы арқылы электронды линза – конденсатор арқылы өтеді, ол жерде сәулелену ағыны интенсивті реттеледі, содан кейін линза – объект арқылы өтеді де, оның техникалық тапсырмасы люминесценцияланған экранға түседі, онда «электронды көлеңке» әдеттегі сурет сияқты суретке түсіріледі немесе жай байқалады.

Өрісті ионды микроскопты 1951 жылы неміс ғалымы Э.Мюллер жасап шықты. Ионды микроскоптың әсер ету шамасы электронды микроскопқа ұқсас. Объект арқылы өте отырып және оның әртүрлі бөліктерінде шашырау және жұтылу құбылыстары жүзеге асады, ионды шоғыр электр және магнит линзасының жүйесінде фокусталады және де экранда немесе фотоқабатта объектілердің үлкейтілген кескіндемелері алынады. Кескіндемені алу үшін кескіндейтін газ деп аталатын иондар пайдаланылады. Кескіндейтін газ ионын алу үшін металл бетіне өте күшті электр өрісінде газ молекуласы немесе атомы, металлға «туннелдену» электрондарының есебінен ионизациялау құбылысы пайдаланылады. Кескіндеуші газ ретінде әдетте гелий және тағы басқа инертті газдар пайдаланылады. Қазіргі таңда ионды микроскоптың үлгісі үшін пайдаланылатын бірнеше түрі жасалынған. Себебі, ионды микроскопта кескіндемені алу біршама спецификалық жағдайда ғана мүмкін болады: бетті ауыр иондармен атқылаудың нәтижесінде зерттелетін кеңістік қажалады, бос орындар тез-тез «толтырылу» жүреді, қатысатын атомдар шегеріледі және т.б. осының барлығы идеалды ретті орналасқан атомдардың біртекті кескіндемесін алуға мүмкіндік береді. Тірі объектілерді мұндай микроскоптың көмегімен зерттеу мүмкін емес.

Кластерлер дегеніміз – салыстырмалы түрде аз саналатын бір ден бастап жүз мыңдаған атомдар мен молекулалар санынан тұратын нанообъект.

Кластерлерді зерттеу макроскопиялық денелердің қасиеттерінің түзілуін түсінуге мүмкіндік береді және макроскопиялық үлгінің сипаттамасына ие болу үшін неше бөлшектің бірігуі қажеттігін анықтауға көмектеседі. Кластерлердің физикалық қасиеттері көп жағдайда оның атом санына байланысты, сол себепті кейбір зерттеушілер бұл сандарды Менделеевтің үшінші координаталы кестесі деп те атайды. Кластердің өлшемінің жоғарғы шегі атомдардың келесі қосылуы оның физикалық және химиялық қасиеттерін өзгертпейтін санға сәйкес келеді. Оны нанокристал ретінде қолдануға болады. Әдетте ол бірнеше мың он мыңдаған атомдар жиыны.

Кіші өлшемді нанокластерлерде олардың физикалық қасиеттерін аз ғана әсер ету арқылы өзгертіп отыруға болады. Осылайша молекулалық оксидті метал кластердің өлшемі адам шашының қалыңдығынан 10 есе кіші және ол негізгі молекулалық жад болуы да мүмкін. Осы бөлшекке бір ғана электрон қосу арқылы оның физикалық қасиетін өзгертуге болады. Әдетте кластерлер оларды алу әдісіне қарай газды және қатты денелі болып бөлінеді. Біріншісі әдеткі жағдайда газ болып саналатын зат бөлшектерінен тұрады. Газды кластерлер алу үшін жоғарғы қысымдағы газдар шұғыл түрде ауытқуы тиіс.

Қатты денелі кластер алу үшін қатты дененің беткі бөлігін жоғары кинетикалық энергиямен қамтылған жинақпен немесе лазерлі сәулемен сәулелендіреді. Материалдың бетінен макроскопиялық тамшылардың біршама саны, жекеленген бөлшектер мен түрлі өлшемдегі кластерлер ұшып шығады. Кластерлерді арнайы аспап - масспектрометрге бағыттайды, аспап олардың массалық үлесін анықтап береді, яғни кластердегі бөлшектер санын көрсетеді.

#### **Әдебиеттер**

1. Алферов Ж.М. «Наноматериалы и нанотехнологии» Ж.И. Алферов и др.« Нано- и микросистемная техника». 2003. №8.
2. Кобаяси Н. Введение в нанотехнологию: пер.с яп. Н.Кобаяси. М.:Бином. Лаборатория знания, 2007.
3. Хартмани у. Очарование нанотехнологии: пер.с нем. у. Хартмани. М.: Бином. Лаборатория знаний, 2008.
4. Демиховский В.Я. Квантовые ямы, нити, точки. Что это такое? / В.Я. Демиховский // Соросовский образовательный журнал. 1997. №5.

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

5. Леденцов Н.Н. Наноструктуры- как это делает природа [Электронный ресурс]. Леденцов // Лекторий Научно- Образовательного Центра ФТИ им. А.Ф.Иоффе. 13 октября 2000г.
6. Раков Э.Г. Микробы на службе нанотехнологии [Электронный ресурс]. 2004г.
7. Жувкин Г. Лабиринты фотонных кристаллов / Жувкин Г // 2001. №30 (407)
8. Кособукин В.А. Фотонные кристаллы / Кособукин В.А. // Окно в МикроМир. 2002. №4.
9. Звездин А.К. Квантовая механика плененных фотонов. Оптические микрорезонаторы, волноводы , фотонные кристаллы / Звездин А.К. // Природа. 2004. №10.
10. Потапов В.Т. Фотонные кристаллы и оптические волокна на их основе [ Электронный ресурс]

### *Резюме*

*Нанотехнологии широко используется в физике, в химии, в медицине. Нанотехнология нам позволяет работать масштабными объектами, именно атомными и молекулярными объектами.*

### *Summary*

*Nanotechnology is widely used in physics, chemistry and medicine. Nanotechnology allows us to work in large- scale facilities, namely atomic and molecular objects.*

УДК 666.942.3

**Худякова Т.М., Атанбаева Л.Ш., Гаппарова К.М., Джурабекова М.К.**  
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

## **АКТИВИЗАЦИЯ КЛИНКЕРНЫХ ФАЗ КРАТКОВРЕМННЫМ ВЫСОКОТЕМПЕРАТУРНЫМ ЛЕГИРОВАНИЕМ**

**Аннотация:** Существует ряд проблем, препятствующих промышленному выпуску низкоосновных клинкеров. Одна из главных - низкая гидравлическая активность цемента в ранние сроки твердения.

Для повышения активности низкоосновного клинкера в ранние сроки твердения использовался разработанный способ введения добавки - кратковременное высокотемпературное легирование.

Способ базируется на вводе легирующей добавки при обжиге в практически сформировавшуюся клинкерную систему.

Полученные экспериментальные данные свидетельствуют о том, что кратковременным высокотемпературным легированием (КВЛ) возможно значительное увеличение прочности низкоосновного клинкера в начальные сроки твердения без снижения марочной прочности.

**Ключевые слова:** низкоосновный клинкер, легирующие добавки, цемент, активность, кратковременное высокотемпературное легирование

Мировая цементная промышленность развивается в настоящее время по пути реализации сухого способа производства, который обеспечивает снижение удельного расхода топлива по сравнению с мокрым почти в 2 раза. Однако такой путь связан с большими капитальными вложениями и в настоящее время не может быть повсеместно реализован в Республике Казахстан .

В связи с экономическими сложностями, не позволяющими провести кардинальные изменения (переход на сухой или комбинированный способы производства цемента, внедрение нового оборудования) возникла необходимость в технологических решениях, которые возможно применить к любым способам производства цемента с минимальными дополнительными затратами [1].

В значительной степени эти проблемы может решить переход к выпуску низкоосновных цементов.

Для повышения гидравлической активности используются разнообразные модифицирующие добавки, которые обычно вводят в сырьевую смесь. Модификаторы растворяются в клинкерном расплаве и изменяют его свойства и строение, но и в этом случае обычно не удается существенно активизировать начальную стадию твердения низкоосновных клинкеров [2].

Для эффективного применения различных добавок необходимо изучение закономерностей их воздействия как на процесс клинкерообразования, так и на свойства продукта обжига.

Поиск добавок для легирования производился исходя из склонности к изоморфным замещениям в основных составляющих клинкер минералах и образованию твердых растворов с клинкерными фазами.

Изучено действие следующих добавок:

- солей, содержащих известные ионы-модификаторы  $K^+$  и  $SO_4^{2-}$  в виде  $K_2CO_3$  и  $CaSO_4$  и их смеси, взятые в равных количествах;
- фракции пыли из последнего поля электрофильтров вращающихся печей АО «Шымкентцемент», состоящие из  $CaCO_3$ ,  $Na_2CO_3$ ,  $K_2SO_4$ ,  $KCl$ ,  $Na_2SO_4$ ,  $K_2CO_3$ ;
- отходы обогащения полиметаллических руд (карбонато-бариевые хвосты), содержащие  $MgO$  и  $BaO$ .

## М.Әуезов атындағы ОКМУ ғылыми еңбектері

Температура введения присадки добавки определялась в интервале, включающем процессы клинкерообразования от спекания до кристаллизации клинкерного расплава – 1350-1250 °С. Оптимальный температурный интервал присадки добавки соответствует завершению процесса спекания и началу охлаждения клинкера, а необходимое время взаимодействия добавки с обжигаемым материалом составляет от 7 до 20 минут.

Для дальнейших экспериментов принят режим легирования в течение 10 минут при температуре 1300°С. На рисунке 1 представлена зависимость относительной прочности цементного камня от температуры легирования карбонато-бариевыми хвостами.




Рисунок 1 - Зависимость относительной прочности цементного камня (R, %) от температуры легирования карбонато-бариевыми хвостами в течение 10 минут (1) и времени легирования при температуре 1300°С (2). За 100% принята прочность клинкера без добавок.

В таблице 1 представлены результаты физико-механических испытаний образцов с 5% содержанием вводимых добавок.

Таблица 1 - Влияние кратковременного высокотемпературного легирования на гидравлическую активность низкоосновных клинкеров из сырья АО «Шымкентцемент»

№ Смеси	КН	Количество добавки, %	Предел прочности при сжатии, МПа, от продолжительности твердения, сут			
			1	2	7	28
1	2	3	4	5	6	7
1	0,7	0	13,7	21,4	42,1	80,3
2		5 % хвостов	30,0	46,2	51,9	9
3		5 % пыли электрофильтров	32,6	48,4	76,3	101,6
4		5 % гипса	34,3	49,2	73,1	105,3
5		5 % K <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	31,2	52,0	63,2	91,7
6		5 % гипса + K <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	35,1	53,2	74,5	105,6
7	0,8	0	12,9	30,5	55,8	68,0
8	0,92	5 % хвостов	26,3	49,9	58,0	80,85
9		5 % пыли электрофильтров	31,5	55,4	64,7	83,2
10		5 % гипса	34,5	54,8	67,3	87,0
11		5 % K <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	30,4	46,8	57,3	80
12		5 % гипса + K <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	34,4	56	68	91
13		заводской клинкер	28,9	42,68	72,8	90,3

Установлено, что повысить активность низкоосновного клинкера можно вводом добавок, содержащих анион  $SO_4^{2-}$  и катион  $K^+$ . Наиболее эффективно ионы действуют совместно в виде добавки ( $K_2CO_3 + CaSO_4$ ).

Пыль электрофильтров, содержащая необходимое сочетание легирующих компонентов, увеличивает гидравлическую активность низкоосновного клинкера до значений промышленного алитового клинкера с КН=0,92. Отходы обогащения полиметаллических руд (карбонато-бариевые хвосты), содержащие легирующие компоненты, как ВаО и MgO, также увеличивают гидравлическую активность клинкера до значений промышленных клинкеров (КН=0,92). Оптимальное количество вводимых добавок составляет 5-7% от массы клинкера. Повышенная гидратационная активность низкоосновного клинкера является

## М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері

следствием структурных изменений, происходящих в клинкерных фазах. При КВЛ не наблюдается рекристаллизации и пассивации кристаллов белита, а происходит стабилизация гидравлически активных  $\alpha_L$  и  $\alpha_M$  модификации  $C_2S$ , и кристаллизация с дополнительными дефектами в кристаллических решетках  $\beta-C_2S$  и  $C_3A$ . суммарное действие этих факторов делает низкоосновный клинкер быстротвердеющим и позволяет достигать высоких показателей, как в ранние сроки, так и поздние сроки твердения.

Предложенный способ активизации целесообразно применять только для низкоосновных систем с  $KH < 0,8$ , алитовый клинкер в принятом режиме легирования не активизируется (таблица 2), т.е. введение добавки не увеличивает прочность вяжущего после 7 и 28 суток твердения.

Таблица 2 - Влияние кратковременного высокотемпературного легирования на гидравлическую активность высокоосновных клинкеров

КН	Количество добавки, %	Предел прочности при сжатии, МПа, от продолжительности твердения, сут.			
		1	2	7	28
0,92	0	28,9	42,68	72,8	90,3
	5 % хвостов	39,6	63,0	71,5	92,6
	5 % пыли электрофильтров	40,1	59,4	69,4	88,3

Таким образом, режим легирования, позволяющий получить быстротвердеющий низкоосновный клинкер, заключается в присадке активизирующей добавки к клинкеру на завершающей стадии процесса спекания. Область присадки ограничена температурным интервалом, верхняя граница которого на 10-80 градусов ниже максимальной температуры обжига, а нижняя на 20 - 30 градусов выше температуры кристаллизации клинкерного расплава.

В промышленных условиях повысить гидравлическую активность клинкеров в ранние сроки твердения до значений показателей прочности промышленных высокоосновных клинкеров можно путем введения активизирующей добавки в зону спекания на слой охлаждающегося клинкера [3].

Переход к низкоосновным цементам обеспечивает снижение условного топлива на 9-59 кг на 1 т клинкера с учетом вещественного состава сырьевой шихты. Наряду с энергетической выгодой выпуск низкоосновных клинкеров сопровождается сокращением удельных затрат сырьевых материалов, повышением срока службы футеровки печи и ее производительности на 5-7 %, снижением вредного воздействия на окружающую среду за счет уменьшения выброса оксидов углерода и азота. Низкоосновные цементы выгодно отличаются небольшим тепловыделением при гидратации, повышенной сульфатостойкостью и водонепроницаемостью.

### Литература

1. Потапова Е.Н. Экологические проблемы производства портландцемента / Е.Н. Потапова // Материалы VIII международного совещания начальников лабораторий цементных заводов. – М.: 2013. - С.50-58.
2. Классен В.К. Техногенные материалы в производстве цемента / В.К. Классен, И.Н. Борисов, В.Е. Мануйлов – Белгород: Изд-во БГТУ, 2008. - 123с.
3. Т.В. Дудник. Экологический и экономический аспект при производстве белитового клинкера с использованием отходов промышленности / Т.В. Дудник, Т.М. Худякова // Современное состояние и проблемы инженерной экологии, биотехнологии и устойчивого развития. – Алматы: КазНТУ, 2010. – С.194-196.

### Түйін

*Төменнегізді клинкерлерді өндірісте шығаруда бірқатар мәселелер бар. Соның ең маңыздысының бірі – бастапқы қатаю мерзімде цементтің төмен белсенділігі.*

*Бастапқы қатаю мерзімде клинкердің төмен белсенділігін арттыру үшін қысқамерзімді жоғары температуралы легирлеу – қоспаларды еңгізу өндірілген тәсіл қолданды.*

*Тәсіл клинкер жүйесі қалыптасып, күйдіріп жатқанда легирлеуші қоспаны еңгізуде негізделеді.*

*Алынған тәжірибелік мәліметтер қысқамерзімді жоғары температуралы легирлеу арқылы маркалық беріктігін төмендетпей бастапқы қатаю мерзімде төменнегізді клинкердің беріктігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндігін айғақтайды.*

### Summary

*There are a number problems precluding the industrial production of low-basic clinkers. One of the main problems is a low hydraulic activity of low-basic clinker in early terms of hardening the developed method of additive introduction - short-term high-temperature alloying (SHA) was used. The method is based on the alloying additive introduction during roasting in almost formed clinker system.*


*Obtained experimental data testify that short-term high-temperature alloying can considerably increase durability of low-basic clinker in initial terms of hardening without decrease in brand durability.*

Эралиев С., Мейрманов М.С., Умиралиев М.М.

## ҚАЗІРГІ ЗАМАН СӘУЛЕТІНДЕ КЕРГІШ ЖӘНЕ ТОРЛЫ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі кезде заманауи қоғамдық ғимараттар жабындарының құрылымдық жүйелерінде темір және созылуға шыдамды материалдардан құралған тростарды кеңінен қолдануда.

Тростарды пайдаланып үлкен аудандарды қамтитын кеңістікті құрылымдар келтіріп шығару мүмкін. Мысалыға Астанадағы «Хан Шатыры» жабыны (сурет 1), Берлиндегі «Конгресс Холл» жабыны, Бакудегі жаңадан құрылып жатқан «Мәдениет орталығы» кешені жабыны және т.б.



Сурет 2


Кергіш құрылымдардың баламасы (образы) ретінде табиғаттағы өрмекшінің жасаған құрылымдық жүйелерін мысалға алса болады (сурет 2). Бұл жүйенің негізінде тростардың тартылып иілуі нәтижесінде өзара қиылысып кеңістікті мықты құрылым жүзеге келеді. Адамдар жасаған предметтер арасында, палаткаларды және парустарды кеңістікті кергіш құрылымдар қатарына қосу мүмкін.

Тростардан құрылған былайша құрылымдық жүйелерге болу мүмкін:

1. Иілуге қарсы орнықты болған өз салмағымен мықтылықты сақтайтын, бір жақтама иілген аспалы жабын. (Сурет 3)
2. Тростардан құрылған екі жақты иілген тор. Бұл тордың мықтылығы тартылу арқылы қамтамасыз етіледі. (Сурет 4)
3. Тростардан және стержендерден құралған комбинациялық құрылым.
4. Палаткалар.




Біржақтама иілген аспалы жабын.




Сурет 3

Екі жақтама иілген аспалы жабын.



Сурет 4


Бір жақтама иілген аспалы жабын, өзара параллель асылған тростардан құрылады. Тростардың бірдей қызмет атқаруын қамтамасыз ету және де мықты (қатты) құрылым болуы үшін көлденең тростармен байланыстырылады. Тростан құрылған құрылымдардың ұтымдылығы бұл оның жеңіл және жай ғана дайындалуы. Бұдан басқа мұндай құрылымның салмақты фундаментке жіберуі айналма жолымен орындалады. Бізге белгілі аспа көпірлерге ұқсас, аспалы трос жиегі бір жақтама иілген сырт, жазықтық пішіндегі құрылымдық құрылымдар типіне кіреді. Оны шартты түрде кеңістікті көтергіш құрылымдарға кіргізуі мүмкін. Тростардан құралған екі жақты қисық тордың мықтылығы тартылу арқылы қамтамасыз етіледі. Мысалға, бір қатар тростар, екі қиғаш орналасқан, тірек арқаларға тартылған. Сурет – 5.



Сурет 7

Екінші қатар оларға көлденең бағытта тартылған, нәтижеде кеңістікті мықтылықты қамтамасыз ететін көтергіш тор келіп шығады. Бұл құрылымды қолдану арқылы тростардан құралған екі жақты қисық жабын құралып керекті мықтылыққа жетіледі. Сонымен бірге жабынның өз салмағы жай құрылымдық жабынға қарағанда бірнеше есе жеңіл.

Бізге белгілі берілген екі бағыттауыш АВ, ДС түзу сызық болып келсе (бұл сызықтар өзара айқас), жасаушы L түзу сызықтың әрекеттенуі нәтижесінде қиғаш жазықтық деп аталатын сырт келіп шығады. Сурет – 6.



Сурет 6

Бұл беттің жиегін қысққ төртбұрыш деп қабылдап (AB, ВД, ДС, АС), жасаушы тростарды өзара қиылысатын екі бағытта тартылса, кеңістікті мықтылықты қамтамасыз ететін көтергіш тор келіп шығады.

Ер пішінді мұндай сырттарды гиперболик-параболоид (гипар) деп атаймыз.

Бұл пішіндерді өзара құрастыру нәтижесінде түрлі композициялық шешімдегі сәулеттік кеңістікті жабындар (оболочкалар) жасалуы мүмкін. Суреттер – 7.

Предметтерді ( құрылыстық материалдарды) бірінің үстін бірін қою қажеттілігі негізіндегі сәулет және предметтерді асу арқылы, аспалы құрылымдар сәулеті бұлар екі бөлек сәулеттік шешімдер.

Біріншісі тұрақтылығымен, салмақтылығымен, монументальдығымен айқындалады.

Екіншісі жеңілділігімен, пішіннің көріктілігімен, салмақсыздығымен ерекшеленеді. Бұл сәулеттік шешімдер өзінің көркі және әсемділігімен түрлі түсініктерге ие.

Бүгінгі күнде ғимарат құрылымдарын келтіріп шығаруда салмақты қою емес, асу яғни аспалы құрылымдарға көбірек көңіл бөлу керек.

Қазіргі инновациялық шешімдердің дамыған кезінде заманауи техникалардың көмегімен мықты, жеңіл, ыстық-суыққа шыдамды болған ғимарат жабындары үшін қолданылатын құрылыстық материалдар таратылуда. Бұл өз кезінде сәулетшілер үшін қалаған пішіндегі композициялық шешімдерді қолдауға мүмкіншілік тудырады.

#### Әдебиеттер

1. Архитектурное проектирование общественных зданий и сооружений, М.2007ж., А.Л. Гельфонд
2. Несущие системы. М.2007ж., Хайно Энгель.
3. Курт зигель. Структура и форма в современной архитектуре. М.1965ж.,

#### Резюме

*В данной статье рассматриваются вопросы использования тросов в строительстве к конструкциям висячих покрытий*

#### Summary

*In this article the questions of the use of ropes are examined in building to the constructions of hanging coverages.*

**Юсупов А.Н., Иманалиев Қ.Е., Жетпісбаева Б.Ұ.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ СӘУЛЕТШІЛЕР ДАЙЫНДАУ КЕЗЕҢІНДЕГІ "СӘУЛЕТТІК КОМПОЗИЦИЯНЫҢ" РӨЛІ**

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін "Сәулеттік композиция" пәніне келесі бөлімдерді қосу қажеттілігі туындады:

### **1. Сәулеттік композициядағы модельдеу**

Модель негізінен өндірістің техникалық салаларында кең түрде қолданылатыны белгілі. Мысалы, машина жасау өндірісіндегі кешенді жобалау кезінде оның бастапқы моделін немесе компьютерлік моделін орындап, барлық талапқа сай сынақ өткізеді. (Орыс өнертапқышы Кулибин әуелі аспалы көпірдің моделін орындап сынақ өткізген.) Бұл жерде модель нысанның алғашқы прототипі болады. Егер модель барлық сынақтан өтсе, бұл жобаланатын нысанның сенімді екенін көрсетеді.

Сәулетте модель оған деген қажеттілік туындағанда көптеп қолданады. Мысалы, голландиялық сәулетшісі Г.Ритвельд Утрехтегі Шредер үйін жобалаған кезде, үйдің моделін жиһаз қалдықтарынан орындап шығып, кешенді сынақтан өткізген.

*Бұл мақалада сәулет талаптарына сай кешенді сынақтан өткен макетті модельдеуден бастаймыз.*

Қазіргі кезде жедел дамып келетін елдерде, мысалы, Сингапурда жобалатын ғимарат қаланың эталонды моделіне енгізіледі. Қалақұрылыс кеңесінде ғимарат моделі (формасы, биіктігі оның келбеті және т.б.) катал сыналып, адаптацияланады. Сондықтан жер ауданы шектеулі, аралда орналасқан Сингапур қала мемлекеті ХХ ғасыр соңында, өзіндік қалақұрылыс сәулетін жаратып, әлемдегі өте көркем қаланың біріне айналды.

Біздің дәуірімізге дейінгі ІІ ғасырда көне грек сәулетшісі Витрувий: "Архитектура дегеніміз – пайда, беріктік және көркемдіктің бірлігі" деп анықтама берген. Бұл қағида әлі ескірген жоқ. Осыған орай қазіргі заман сәулеті келесі талаптарға сай болуы тиіс:


*Қолайлы.* Үйлермен қоғамдық ғимараттар жобасы бірінші нәубетте – өзінің қызметіне лайық болуы тиіс. Мысалы, мектептің жобасы – ең алдымен оқушыларға қолайлы (пайдалы) болғаны орынды: кең жарық класстар, спорт залдар, лабораториялар, асханалар, спорт алаңдары және т.б.

*Берік.* Екінші нәубетте үйлер мен ғимараттар берік болуы, дауылға, жер сілкінісіне, су тасқынына төзімді болуы тиіс. Ғалымдардың пайымдауынша, табаны: дөңгелек, квадрат, алтықырлы, сегізқырлы ғимараттар формасы зілзалаға берік келеді. Табаны кең болып, қабаттары өскен сайын бірте-бірте тарыла беретін биік ғимараттар формалары зілзалаға өте берік келеді. Мысалы,

Нью-Йорктегі Эмпайр Стейт билдинг, Мәскеудегі М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және т.б.

### **Зілзалаға берік ғимараттар**





Қытай банкы. Гонконг, арх. М.Пей, 1990.

Чикаго. Сириус Тауэр мұнарасы, 1974.

Сондықтан студенттер зілзалаға берік формалы ғимараттар жасауы тиіс.

*Көркемдік.* Үшінші нәубетте ғимараттар көз тартатын сәулетті, үйлесімді, көрген жанды сүйсіндіріп, көңіл-күйін асқақтатын болуы керек. Мысалы, Астанадағы "Бәйтерек" ғимараты, әлемдегі ең биік Бурдж-Халифа ғимараты (тектішек түрінде салынып, тұғыры кең жоғарылаған сайын жеңілдей береді).

*Технология.* Ғимарат технологиялық тұрғыдан тез салынып тез жиналатын құрылыс болуы тиіс. Мысалы, қазақтың киіз үйі, орыстың ағаш бөренелі үйі, осы іспетті заманауи модульді ғимараттар тез жиналады (технология жылдамдықпен салуға мүмкіндік береді). Жобасы жақсы ойластырмаған ғимараттар салынуы қиындайды, мұндай жағдайларда құрылыс мерзімі негізсіз созылады.

*Қоршаған ортаның пейзаждық көрінісі.* Жобаланатын ғимарат қоршаған ортаға, қалақұрылыс жағдайына көркем үйлесуі тиіс.

Ғимарат формасымен, силуэтімен, бұрылысымен, қоршаған ғимараттармен үндесіп көрікті қала пейзажын жасауы тиіс. Биік ғимараттардың 7-8 салтанатты көріну тұстары болуы мүмкін: бас алаңнан, көшеден, жаяулар жолынан, жүргіншілер аллеясынан, метро бекетінен және т.б.

Жобаланатын ғимараттардың моделін 3 түрге бөлуге болады: ізденіс моделі, модель-экспонат және қаланың модель-эталоны.




Сингапурдың модель-эталоны.

**М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері**

**2. Ле корбузе модулары**

Ле Корбузе модулары «алтын кесінді» қағидаларын және адам өлшемі пропорцияларын біріктірген. Ле Корбузе модуларды интерьер дизайнында, архитектура және қала құрылысы саласында қолданған. Төменде берілген модулор кестесін оқу процесінде және өндірісте қолдануға болады.



Модулор екі қатарға жазылған кестеден тұрады: «Қызыл қатар» және «Көк қатар». Мұнда «Қызыл қатар» адам денесінің ұзындығына негізделген (182,9см), ал «Көк қатар» -- адамның жерден бастап, қол созым ұзындығына негізделген (226 см). Модулордың сандық көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген :

«Қызыл қатар»		«Көк қатар»	
сантиметр	метр	сантиметр	метр
95 280, 7	952,80		
58 886, 7	588,86	117 773,5	1177,73
36 394, 0	363,94	72 788, 0	727,88
22 492, 7	224,92	44 985, 0	449,85

### М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері

13 901, 3	139,01	27 802, 5	278,02
8 591, 4	85,91	17 182, 5	171,83
5 309, 8	53,10	10 619, 6	106,19
3 281, 6	32,81	6 563,3	65,63
2 028, 2	20,28	4 056,3	40,56
1 253, 5	12,53	2 506,9	25,07
774, 7	7,74	1 549, 4	15,49
478, 8	4,79	957, 6	9,57
182,9	1,83	365, 8	3,66
113, 0	1,13	226,0	2,26
69, 8	0,70	139, 7	1,40
43, 2	0,43	86,3	0,86
26,2	0,26	53, 4	0,53
16, 5	0, 16	33, 0	0, 33
10, 2	0, 10	20, 4	0, 20
6, 3	0, 06	12, 6	0, 12
3, 9	0, 04	7, 8	0, 08
2, 4	0, 02	4, 8	0, 04
1, 5	0, 01	3, 0	0, 03
0, 9		1, 8	0, 01

Студенттердің практикалық жаттығулары үшін келесі мысалдар келтірілді: құжаттар сақтайтын сейф, сатылы формалы кубиктер, биік егіз ғимарат формалары.

Альберт Эйнштейн: «Модуль жаманды қиындатып, ал жақсыны оңайлататын пропорциялар тізбегі» деп бағалаған.

#### 3. Заманауи сәулеттік стилдер: Халықаралық архитектура

Бұл үрдістің бағытын анықтаған сәулетші ретінде Ле Корбюзьені атайды. Ол өзінің қысқаша тезистерінде келесі мәселелерге мән берді. Оның байқауынша, заманауи кемелер мен аэропандар тек формасымен ғана көркем (Титаник). Мұнда декоративті элементтер жоқ (капительдер, карниздер, т.б.). Конструктивті элементтері тік геометриялық, пішінді, есік терезелері қарапайым, геометриялық пішінде.

Сонымен бірге функцияға бағынған форма да көркем (гидродинамика, конструктивтік беріктік, бөлмелердің функционалды байланыстары т.б.). Осы бейнелер арқылы Ле Корбюзье заманауи сәулет бағытын дөп басып көрсетті. Ғимарат ең алдымен формасымен тартымды болуы тиіс. Функция форманы анықтайды. Ол сонымен қатар жаңа үрдістің бес ережесін түзді.

Яғни Корбюзье жаңашыл бағдарлама түзіп, өзі қысқаша баяндап отырған:

1. Үй жер деңгейінен биікте, бағаналарда орналасуы тиіс; босаған бірінші қабат көгалдандыруға, автокөліктер тұрағына берілуі керек, сонда үй қоршаған табиғат ортасымен үйлесім табады.

2. Каркасты (бағаналы) конструкцияны қолдану ішкі бөлмелерді еркін жоспарлауға мүмкіндік береді, қажет болса, бірнеше жылдан соң ішкі бөлмелерді жаңа талапқа сай қайта жоспарлауға болады.

3. Бағаналы конструкцияларға қабырғалар дәнекерленіліп жапсырылған болғандықтан, оларды әртүрлі композиция түзіп, қолайлы орналастыруға болады.

4. Терезелерді қолайлы түрде горизонталды тізбектеп орналастыру – мұндай шешім қоршаған ортаны тамашалауға қолайлы.

5. Шатыр тегіс болуы тиіс, оны бау-бақша орналастыруға не өзге де қажеттіліктерге пайдалануға болады, үйдің шаршы ауданын арттыра түседі.

### *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

Бірқатар салған ғимараттарында (Рика вилласы 1923ж., Париждегі халықаралық көрме ғимараты, 1925 ж, Гаршедегі виллада, 1927 ж., Париждегі Швейцария студенттеріне арналған жатақканада, 1930-31 ж.ж.) Корбюзье өзі жазған қағидаларын сақтап отырды.
**2. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің міндеттері:** 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету; 3) білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету; 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту; 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру; 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету; 7) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру. Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады.

**Орта білім беру ұйымдарындағы психодиагностикалық бағыттар:** 1) білім алушыларды психологиялық диагностикалау; 2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру; 3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау; 4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

**Орта білім беру ұйымдарындағы консультациялық бағыттар:** 1) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру; 2) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен консультация жүргізу; 3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету; 4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

**Орта білім беру ұйымдарындағы ағартушылық-профилактикалық бағыттар:** 1) білім алушылар мен педагогтердің өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету; 2) білім алушылар бейімсіздігінің психологиялық алдын алу; 3) педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік-психологиялық қолдау; 4) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің және медициналық-психологиялық-педагогикалық консилиумдарының жұмысына ықпал ету.

**Орта білім беру ұйымдарындағы Түзету-дамытушылық бағыттар:** 1) жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу; 2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, зияткерлік, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру; 3) жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзету.

**Орта білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар:** 1) педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дефектологтарға, логопедтерге, тифлопедагогтарға т.б.) аралас-мамандармен жұмыс жүргізу; 2) әлеуметтік-медициналық-психологиялық қызметтер туралы деректер банкіні қалыптастыру; 3) аралас-мамандармен және шұғыл жағдайда көмек көрсету бойынша мүдделі органдармен өзара іс-қимыл нәтижелерінің мониторингін жүргізу. Психологиялық қызмет жеке және топтық негізде білім алушыларға және педагог қызметкерлерге жұмыстың диагностикалық, дамытушылық, түзету және профилактикалық түрлері кешенін жүргізу үшін жекелеген ғимараттарға орналасқан және қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген педагог-психолог кабинеті базасында жұмыс істейді. 4) Психологиялық қызметтің жұмысын білім беру саласындағы уәкілетті орган, ал өңірлік деңгейде аудандық, қалалық, облыстық білім басқармалары (бөлімдерімен) үйлестіреді. 5) Психологиялық қызметтің жұмысы педагогикалық және медициналық қызметкерлермен, оның ішінде денсаулық сақтау жүйесімен, қамқоршылық және қорғаншылық органдарымен, ата-аналар қоғамымен тығыз байланыста жүзеге асырылатын болады. 6) Психологиялық қызмет педагог-психологтардың әдістемелік бірлестігімен, психологиялық орталықтармен, тәжірибелі психологтар кафедралары және қауымдастықтарымен, білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерімен өзара әрекеттеседі.

**Колледждегі психологиялық қызметі жұмысының негізгі циклдері**

**1 курс:**

- Кіріспе диагностика ( өзін-өзі бағалау деңгейі, оқу қызметін ынталандыру, жаңа студенттік ұжымның қалыптасуы, әлеуметтену мәселелері, педагогикалық қарым-қатынас деңгейі).

- Ө/о шеберлерімен әңгімелесу

-Сауалнама (жаңа қабылдаған топ студенттерінің бейімделуі)

-Психологиялық-педагогикалық консилиум (барлық кафедраларында психологтың қатысуымен).

-Танымдық үрдістер психологиясы (когнитивтік тренингтер және осы бағыттағы) дамыту жұмыстары ).

-Бейімделу кезеңінің бұзылуындағы түзеу-дамыту жұмысы ( қарым-қатынас тренингтері, психологиялық кеңес беру жүйесі ).

-Тұлғаның ерекшелігін сипаттайтын диагностикалық жұмыс (мысалы, девиантты мінез-құлықтағы студенттер).

## **М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері**

### **2 курс:**

-Ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынас диагностикасы (социометрия, көшбасшылық қабілеттер, ұжымдағы психологиялық ахуал)

-Ө/о шеберлері және топтардың сынып жетекшілерімен әңгімелесу

-Түзеу-дамытушылық жұмыс ( Оқу топтарындағы позитивті психологиялық ахуал)

-Шағымдану деңгейін бағалау

-Психологиялық-педагогикалық консилиум(барлық кафедраларында психологтың қатысуымен).

### **3 курс:**

-Тұлғаға бағытталған диагностика (болашақ мамандығына қызығушылық деңгейі, іскерлік дәрежесі, танымдық ерекшеліктері, мінез-құлық ерекшеліктері, мазасыздану деңгейі, темперамент типі ж.т.б.)

-Түзеу-дамытушылық жұмыс (психологиялық тренингтер, психологиялық кеңес беру жүйесі, психокоррекциялық жаттығулар мен ойындар, сауалнамалар)

-Емтиханға даярлық (психопрофилактикалық іс-шаралар, күйзеліске тұрақтылық деңгейінің диагностикасымен коррекция жұмыстары).

-Психологиялық-педагогикалық консилиум(барлық кафедраларында психологтың қатысуымен).

-Танымдық үрдістердің диагностикасы (қорытынды).

**Колледж студентінің іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктеріне педагогтар назар аудару керек:**

-мақсаттың және нәтиженің өзгешелігі (өзіндік еңбекке даярлау, білім, дағды, іскерлікті меңгеру, жеке тұлғалық қасиеттердің дамуы);

-оқу нысанындағы ерекше өзгешеліктер (ғылыми білім, болашақ еңбек туралы, т.б мәліметтер);

-студенттік іс-әрекеті арнайы ұйымдастырылған жағдайда жүзеге асады (жоспарлар, оқу мерзімі);

-маңызды іс-әрекет құралдары (әдебиеттер, зертханалық құралдар, болашақ кәсіби еңбектерінің табиғи үлгілері);

-студент іс-әрекетіндегі артық күш, яғни, қиындықтар, стресс жағдайлар пайда болады (емтихан, сынақ тапсыру, бақылау жұмысын орындау, дипломдық, курстік жобаларды қорғау, жаңа топ, мектеппен салыстырғанда күрделі талаптар).

Қорытындылай келе, колледждегі психологиялық қызметтің атқарылатын функциялары көп. Оқу барысында студенттермен, педагогикалық ұжымымен, әкімшілікпен, ата-анармен психологиялық қызмет көптеген маңызды, қажетті іс-шаралар атқарады.

### **Әдебиеттер**

1. Андриади И.А. Основы педагогического мастерства. – М.: «Академия», 1999. -160 с.
2. Бендиктов В.А. Представление педагогов о психологической службе. // «Вопросы психологии», 1986. № 2.
3. Столяренко Л.Д. Основы психологии / Л.Д. Столяренко. - М., 2002. - 720 с.

### *Резюме*

*В статье рассматриваются цели, задачи, содержание деятельности и роль психологической службы в средних учебных заведениях, в частности, в колледжах, а также анализируется роль и функции психолога в решении многих образовательных задач.*

### *Summary*

*The article discusses the goals, objectives, activities and the content of the role of psychological services in secondary schools, particularly in colleges, as well as analyzes the role of the psychologist in dealing with many educational problems.*

**Бердібеков С.О., Калышев С.Д., Шалдарбекова М.Б.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ, ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

*Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.* Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. «Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согуптіо» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «согуптіге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. 2011–2012 жылдарға арналған мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп іске асырылуда. Ішкі саясат бөлімі жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі ішкі саясаттың шешуші басымдылықтарын іске асыру ісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес барысын, ақпараттық қамтамасыз ету және қоғамның сыбайлас жемқорлық көріністеріне жағымсыз пікірін қалыптастыру, өңірлік БАҚ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықпен ашық диалог құру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және сыбайлас жемқорлық көріністердің жолын кесу бойынша алдын ала қолданылатын шаралар бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін жарықтандыру бойынша өңірлік БАҰ жүйелі негізде жұмыстар жүргізеді. Дүние жүзілік Банктің «Ауыспайлы әлемдегі мемлекет» 1997 ж. есебінде сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының негізгі себептері көрсетілген: «Сыбайлас жемқорлық ең алдымен бақылаудың және есеп берудің осалдығында шенеуніктер өкілеттігі кең болған жерде пайда болады. Саясаткерлер, шенеуніктер және судьялар игілікке қол жетімділігін бақылайды және осы жағдайын пайдалана отырып тұрғындарға және кәсіпорындарға қосымша шығын келтіруі мүмкін». Қазіргі заманғы қазақстан қоғамында сыбайлас жемқорлықтың себептері мыналар болып табылады:

1. Қазақстан Республикасындағы адам және азамат құқықтары саласында халықтың құқықтық мәдениетінің төмен-деңгейі;
2. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар, барлық жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылық құрамын құруда кадрлар іріктеудің жетілмегендігі;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәрбиесі және оқу орындарында, ең алдымен жоғарғы оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінік қалыптастыру жүйесінің болмауы;
4. Мемлекеттік органдардың шенеуніктерінің, мемлекеттік ұйымдардың, мекеме және кәсіпорындардың басшыларының арасында ашық түрде мүлкі, табысы және оның көзі туралы жариялаудың болмауы;
5. Кейбір шапшаң өсетін басшылардың мемлекеттігі, азаматтығы және патриотизмінің төмен-деңгейі;
6. Мемлекеттік қызметшілердің жалақысының және мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуының ынталандыру шараларының төмендігі;
7. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен кәсібилік-деңгейінің төмендігі;

8. Мемлекеттік басқару саласынан табыс етілетін елдің үкіметтік емес ұйымдары ұсынатын әлеуметтік қызметтер саласы жазықтығының тарлығы.

Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар Қазақстанда мемлекеттік билік және қоғам үшін қауіпті. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік негізгі басымдылықтарының арасында сыбайлас жемқорлықпен күресті белгіледі. Қазақстан совет үкіметінен кейінгі кеңістікте бірінші болып 1998 жылдың шілде айында сыбайлас жемқорлықпен күрес заңын қабылдады және халықаралық конвенсияларға қосылды. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің есептеу нүктесі 1998 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» бірінші Заң қабылдануы болып есептеледі. Осы уақыттан бастап ҚР Президентінің сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы бірқатар Жарлығына қол қойылды, оның ішінде «Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы». 1999–2000 жылдарға, 2001–2005 жылдарға, 2006–2010 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлықпен күрестің мемлекеттік бағдарламалары қабылданды. Осы бағдарламаларды іске асыру аясында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының пайда болуының себептері мен жағдайын жою жөніндегі нақты шаралар жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша арнайы органдар құрылған. 1997 жылы Қазақстанда ҚР Жоғарғы тәртіптік кеңесі құрылды, кейін ол Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ҚР Мемлекеттік комиссиясына қайта құрылды. 2002 жылы ҚР Президентінің жынында сыбайлас жемқорлықпен күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет эткасын сақтау мәселелері бойынша Комиссия құрылды. Экономикалық салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау үшін Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күрес жөніндегі Агенттігі құрылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында азаматтық қоғам институттарының — саяси партиялардың, әр түрлі үкіметтік емес ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы кеңеюде. «Нұр Отан» ХДП өткізіп жатқан маңызды қоғамдық жұмыстарды белгілей кеткен жөн. Партия жанынан республикалық және өңірлік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңестері құрылған, кеңеске түскен азаматтардың өтініштерінің әрбіреуі толық немесе жарым-жарты дұрыс шешімін тапты. Партия Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Нұр Отан» мемлекеттің барлық өңірлерінде әлеуметтік тұрғын үй бөлу процессін бақылауды іске асырады. Тұрғындармен, атқарушы және құқық қорғау органдарының тығыз және нәтижелі өзара әрекеттестігі реттелген. Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша ішкі саясат бөлімінің кадрлық қызметі жұмысын ұйымдастыру бөлімінің кадрлық қызметінің жұмысы кәсібилік, жұмыстағы ашықтық және айқындық принциптеріне негізделі отырып құрылған. Бөлімінің қызмешілерінің жыл сайынғы декларацияларын уақытында тапсыру мәселесі бөлімінің кадрлық қызметінің ерекше бақылауында. Бөлімінде 2012 жылға арналған оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес құқықтық жалпы оқыту жүргізіледі. Жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және ҚР мемлекеттік қызмешілерінің Ар-намыс кодексін сақтау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітіледі. Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. Бұзушылықтар және бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар анықталған жоқ. Бөлімінде бос лауазымдарға конкурстар әкімшілік мемлекеттік бос орындарына конкурс өткізу Ережелері қатаң сақтала отырып жүргізіледі. Лауазымдарға үміткерлерді комиссия мүшелері әділ бекітеді, бөлім басшылығы тарапынан, немесе басқа тұлғалардың араласуы және қысым жасауы жіберілмейді. Кадрлық резервпен жұмыс істеуде бөлім жұмыстың ашықтығы мен айқындығы, бос лауазымға үміткерлердің арасында ашық және салауатты бәсекелестік принциптеріне сүйенеді. Бөлім батығының қатысуымен резервшілермен әңгіме өткізіледі, оларға орындау үшін тапсырма беріледі, резервшінің өз функционалдық міндеттерін орындауда кәсібилік, интеллектуалдық, тәжірибелік дайындығына қарай кадидатура айқындалады. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға жиырма жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол - Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

#### **Әдебиеттер**

##### **Нормативтік - құқықтық актілер**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз // Алматы: Жеті жарғы, - 100 бет.
2. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 2001. – 96 бет.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2003 ж. 25 қыркүйектегі №484 Кодексі. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2003 ж. - № 15-16, 211 - құжат
4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі.

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

5. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 ж. 2 шілдедегі №267 - 1 Заңы. //Казахстанская правда. - 1998 ж. 9 шілдедегі. - №132.
6. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2007 ж. 21 шілдедегі - №308 Заңы. //Казахстанская правда. – 2007 ж. - 27 шілдедегі. - №315.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы» 2002 ж. 2 сәуірдегі - № 839 Жарлығы. //Қазақстан Республикасының ПҰАЖ - ы, 2002 ж. - №10, 92 - құжат
8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттелікті нығайту жөніндегі шаралар туралы» 2005 ж. 14 сәуірдегі - № 1550 Жарлығы. //Казахстанская правда. – 2005 ж. 15 сәуірдегі - №87 – 8

### **Арнайы әдебиеттер**

9. Коррупция в Казахстане (сущность, проблемы, предупреждение). //Материалы международной научно-практической конференции. Астана: Акмолинская полиграфия, 1999. – 352 с.
10. Құлжабаева Ж.О. Халықаралық жария құқық. – Алматы: «НАС» баспа компаниясы, 2003ж. – 384 бет.
11. Құттаяқов Ш. Қазаннан қақпақ кетсе...Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы ой – толғамдар. – Астана: Елорда, 2000. - 152 бет.
- 12.Сарсембаев М.А Международное право. – Алматы: Данекер, 1996. – 450 с.

### *Резюме*

*В данной статье рассматриваются причины возникновения коррупции и методы профилактики.*

### *Summary*

*This article discusses the causes and methods of prevention of corruption.*

ӘОЖ 347.61/64

**Бердибіков С.О., Тлегенова Ж.К., Жаманкараева Г.С.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ЖЕТІМДЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНУДІҢ МӘСЕЛЕСІ**

**Жетімдік** – баланың психикалық дамуына қатты әсер етеді. Ата-анадан айрылған және интернат жағдайына түскен балалардың жалпы психикалық жағдайы төмендейді, өзін-өзі реттеп-бағыттауы бұзылады, көңіл күйі жабырқау болады. Балалардың басым көпшілігінің өмірге құштарлығы жоғалады, өзіне-өзі сенімсіздігі күшейіп, бойын үрей билей бастайды. Эмоционалдық-танымдық талпынысы төмендейді де, интеллектуалдық дамуы тежеледі. Қазіргі қоғамда жетімдерді әлеуметтік жетім және тұл жетім деп екі топқа бөліп қарастырады. **Әлеуметтік жетім** - ата-анасы бар немесе қайтыс болмаған, бірақ ата-ана өз келісімдерімен баладан бас тарту, сондай-ақ ата-ананың түрлі сол қылықтарға бару арқылы олардың құқықтарын шектеп баланы айырып алу. **Тұл Жетім** - ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасының біреуінің қайтыс болуы тұл жетім деп аталады. Қазіргі таңда әлеуметтік жетім тұл жетімге қарағанда 80 пайызды құрап отыр. Қалған пайызы ғана тұл жетімдер.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стратегиясына сай жетім балалар үйіндегі тәрбиелініп жатқан әрбір ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші факторы ұлттық тәрбие деп көрсеткен. Жетім балалар тәрбиесіне қазіргі кезде ұлттық тәрбие тұрғысынан да көңіл бөліп, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күн талабы. Балалар үйінде тәрбиеленуші баланың жеке тұлғасының әлеуметтік қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар. Оның іс-әрекеті толығымен тәртіпке салынып қадағаланылады, бұл бала дамуында артта қалушылықты, масыл-дықты, жеке басы еркін ұйымдастырудың төменгі деңгейін туындатады. Сонымен қатар, әлеуметтендіруге байланысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде әлеуметтендіру деңгейлері мен факторлары және «әлеумет-тендіру», «бейімдеу» ұғымдары бөліп қарастырылады. Жетім балаларды әлеуметтендіру мәселесін шетелдік, отандық ғалымдардың зерттеулеріне, тәжірибелерге сүйене отырып, теориялық, практикалық тұрғыда сипаттау қазіргі педагогика іліміндегі мұндай өзекті мәселені шешуге себеп болады. Көптеген теориялық деректерді талдау барысында біздің тарапымыздан қазіргі жағдайда жетім балаларға көмек көрсету жүйесінде жетім балалар тәрбиеленетін мекемелер қызметінің бірнеше жұмыс бағыттары айқындалды. Атап айтар болсақ, әлеуметтік, медициналық, психологиялық, ұйымдастырушылық-тәрбиеленушілік. Мұндағы тәрбиеленушілердің қоғамдық ортаға бейімделуі баланың әлеуметтік статусына сай емес, медициналық тұрғыдан бұл типтегі балалар тұқым қуалаушылық тұрғысынан дертке шалдыққан немесе жүйке жүйкелері тозу арқылы ашушаң, ызақор болып келеді. Мұның барлығы айналып келгенде олардың әлеуметтенуіне кедергі келтіріп, әлеуметтендірудің тиімділігін төмендетеді яғни, балалар шынайы өмірге даярланбайды. Оларды қоғамдық



## ***М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері***

өмірге даярлауда өздерімен қатар бірге алып жүретін адамдардың қажеттігі туындайды. Олар ең алдымен әлеуметтік педагогтар, содан кейін психологтар, жалпы педагогтар. Оларды әлеуметтендіруге қиыншылық тудыратын себептерге тоқталар болсақ, олар әлеуметтік бейімделу деңгейлерінің, әлеуметтік белсенділіктерінің, әлеуметтік құзыреттіктерінің, әлеуметтік құндылықтарының қалыптасуы төмендегідей болып отыр. Оларды әлеуметтендіру әлеуметтік педагогтар тәрбиеші педагог қоғам жүйесі арқылы іске асырылуы тиіс деген тұжырым жасауға болады. Демек, жетім балаларға әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету, өмір сүруге үйрету, өзімен қатар алып жүру әлеуметтік педагог, психологтардың, тәрбиешілердің, кәсіби іс-әрекеттерінің жүйесі болып табылады. Бұл жетім балаларды өзімен қатар алып жүру баланың бойындағы жеке қасиеттерге сүйену арқылы іске асырылады. Жетім балалардың тұлғалық әлеуметтенуіне бағытталған педагогикалық алғы шарттар жасалуы және теориялық тұрғыдан жүйеге келтірілуі, әдістемелік тұрғыдан нақты қарастыру, кезек күттірмейтін мәселе деп айтуға болады. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілер шектеулі қарым-қатынастың шеңберіндегі әлеуметтік байланыстардың тұйық жүйесінде өмір сүреді. Отбасының, білім беру жүйесінің әлеуметтендіру әсері барынша кемиді, достарымен, құрдастарымен қарым-қатынас шеңбері тарылады. Қоғам мекемедегі баланы шеттетіп, оны өзінен және де мәдени құндылықтар мен заңдылықтардан алшақтатады. Балаға қоғамнан алшақтату жағдайында әлеуметтік мәдени тәжірибені жеткізу қиындайды, ол ересек болған кезде де орны толмас тапшылық болып қалады.

### **Статистикалық көрсеткіштері**

Ресми ақпараттарға сүйенсек Республикамызда 75000 жетім бала ар екен, олардың 660 интернат ұйымдарында тәрбиеленуде, олардың ішінде: жалпы және санаторий түріндегі мектеп-интернаттарда - 37 541 бала, мектеп жанындағы интернаттарда - 15 096 бала, балалар үйлері мен жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда - 12 574 бала, кемтар балаларға арналған түзеу мекемелерінде - 12 599 бала, ерекше тәрбиелену жағдайларына мұқтаж балалар мен жасөспірімдерге, мінез құлқы девиантты балаларға арналған мектеп-интернаттарда - 884 бала, отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарында – 281 бала, отбасы үлгісіндегі балалар үйлерде тәрбиеленуде. Жетім қалған балалардың негізгі бөлігі білім беру және әлеуметтік қорғау органдарының интернат мекемелерінде тәрбиеленуде. Мұндай мекемелерде бала, бірінші кезекте, ата-анасының қамқорлығына зәру, бұл оның табиғи дамуына кері әсер етіп, нәтижесінде ауыр психологиялық салдарларға әкелуі мүмкін. Балалар еркін қоғамдағы жауапты өмірге дайын болуға тиіс. Ал жетім бала балалар үйінен түлек болып шыққаннан кейін күн сайын ересектердің көмегінсіз бастан кешіруіне тура келетін түрлі проблемаларды шешуге қауқары жоқ. Балалар үйлері түлектерінің ішінде олардың қатарластарына қарағанда, қылмысқа қатысушылар немесе қылмыс құрбандары неғұрлым жиі ұшырасады, жұмысынан немесе тұрғын үйінен неғұрлым жиі айрылады, ал өз отбасын әрең құрса, оның нашакорлық немесе маскүнемдік жолға түсуі тіпті оңай, сонымен қатар олардың арасында суицид құрбандары да жиі кездеседі. Бұл олардың жеке-дара өмірге енуінің үлкен қиындықтармен ұштасып, әр уақытта табысты жүрмейтінінің белгісі.

### **Әдебиеттер**

1. Болдырев Н. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. - Алматы, 1987. тарау. 2, Қазақстанда жетім балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізу мәселесінің құқықтық негіздері. – Алматы: Ұлт тағлымы, 2005. – № 4. – Б.314-318. 3, Жетім балалармен әлеуметтік жұмыс – өзекті мәселе. – Алматы: Қазақстан жоғары мектебі, 2005. – № 4. – Б.233-235. 4, Жетім балалардың әлеуметтенуінің кейбір ерекшеліктері //Мектепке дейінгі және бастауыш білім: қазіргі жағдайы, даму тенденциялары және мәселелері халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2007. – Б.118-123. 5,

### *Резюме*

*Данная статья рассматривает актуальность детей-сирот и роль ее социализацию в обществе.*

### *Summary*

*This article examines the relevance of orphans and socialization in the society.*

<sup>1</sup>Жанабаева Р.К., <sup>1</sup>Фаттахова Н.Т., <sup>2</sup>Жанабаева Э.К.

<sup>1</sup>М.Әуезов атындағы ОҚМУ, <sup>2</sup>Б.Өтеп атындағы «Өнер» мектеп интернаты, Шымкент, Қазақстан

### **ОҚУШЫЛАРҒА ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

**Аңдатпа:** Мақалада ән-күй сабағында инновациялық педагогикалық технология құралдарын қолданып, бастауыш мектеп оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін қалыптастыру ашылып көрсетіледі. Қазіргі таңдағы жаңаша оқытудағы басты мәселе – білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемдігін дамыту болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ғылыми міндеттерді дәстүрлі емес әдістермен шешудің бірі ретінде проблемалық оқыту жүйесінен пайдалануға болады.

**Кілттік сөздер:** Музыка, эстетикалық тәрбие, белсенділігі, эпос, мәдениет, шығармашылық, тарихи оқиғалар, халық педагогикасы.

Эстетикалық тәрбие - бұл педагогтар мен тәрбиеленушілердің жеке мектеп оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған өзара іс-әрекеті. Оқушының эстетикалық мәдениетін оның эстетикалық сезімдерінің, санасының, мінез-құлқы мен іс-әрекетінің белгілі бір деңгейі құрайды (эмоциялық-сезімдік қабылдау, өнер мен қоршаған ортадағы эстетикалықтың мәнін ұғыну, эстетикалық идеяның болуы, мәдени мұраны игеру, шығармашылық қабілеттердің даму деңгейі, өз өмірін «әдемілік заңы» бойынша құра алу). Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралы өнер болып табылады. Жалпы, әдемілік - адамның рухани - адамгершілік байлығының қайнар көзі. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – оқушыларды ұлттық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтармен кеңінен таныстыру. Сондай - ақ эстетикалық тәрбие жеке тұлғаның идеялық бет-бейнесін, эстетикалық және адамгершілік идеалдарын, қажеттіліктерін, талғамдары мен көзқарастарын, құндылық бағдарларын қалыптастырумен тығыз байланысты, ал олар адам дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатындығын ескерер болсақ, еліміздің келешегі – жас ұрпаққа халықтық негізде эстетикалық тәрбие берудің маңыздылығы күмән тудырмайды.

Бұл жағдайда қазақ халық музыкалық шығармашылығының мүмкіндігі ұлан - ғайыр, өйткені өнер оқушыларға эстетикалық әсер ете отырып, оны тікелей қабылдау процесінде және көркем шығармашылығы арқылы өзінің тәрбиелік функцияларын жүзеге асырады. Халықтық өнер адамның генетикалық кодына жазылған ұлттық мәдени құндылық ретінде тарихи жадының, шығармашылық ойлау қабілетінің, адамгершілік көзқарастардың қалыптасуына әсерін тигізеді. Халықтық өнердің рухани құндылығы да осында жатыр. Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олар – эстетикалық сезімді, талғамды, идеалды және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу.

Мектептегі эстетикалық тәрбие беру жүйесіне оқушылардың оқу іс-әрекеті, сыныптан тыс іс-шаралар, отбасындағы эстетикалық тәрбие беру және оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуі кіреді. Эстетикалық тәрбиенің әдістері: түсіндіру, өнер туындыларымен танысу және оларды талдау, эстетикалық міндеттерді шешу, үлгі-өнеге, мадақтау және т.б. Эстетикалық тәрбиенің формалары: эстетикалық тақырыптарға арналған әңгімелер мен лекциялар, әдебиет кештері, дөңгелек үстелдер және т.б. Эстетикалық білімнің негізі – оқу пәндері. Мұнда музыка сабақтары өте әсерлі сезімдерді оятып, эстетикалық идеалдарды қалыптастырады. Музыканы тыңдаудың, ән салудың оқушылар үшін өнегелік-әсемдік мәні бар, себебі музыкалық шығармадан аса зор эмоциялық әсер алу оларды рухани тұрғыдан байытып, мінез –құлқына да оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар бейнелеу өнері сабақтарының да балалардың эстетикалық мәдениетін тәрбиелеудегі маңызы зор. Кескіндеме, мүсін, сызықтық суреттер, сәулет өнерлері құралдары арқылы өмір, табиғат және қоршаған ортаның әсемдігі бейнеленеді. Ал, әдебиет сабақтары оқушылардың танымдық белсенділігі мен қабілеттерінің дамуына ықпалын тигізеді. Кейбір оқушылар жас кезінен-ақ өлең, әңгіме жазуға талаптанады.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтық тәрбиенің мол тәжірибесін меңгерудің маңызы зор. Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, қазақ халқы көшпенділік өмір жағдайында әрдайым әсемдікті іздеп, қолдан жасады және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысты. Оны халқымыздың үй жиһаздарын жасауынан және оны әсемдікті сезінудегі тәрбие құралы ретінде пайдалануынан көруге болады. Халықтың эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алды. Бұлар да эстетикалық тәрбиенің құралдары ретінде қызмет етті. Қазақ халқының музыкалық аспаптарының сан алуан түрлілігі (домбыра, жетіген, шаңқобыз, үскірік, қамыс сырнай, дабыл, шертер, асатаяқ, ұран, дауылпаз және т.б.) таң қалдырады. Халқымыздың тұрмысына енген қолданбалы қолөнер бұйымдары, олардың әшекейленіп жасалуы эстетикалық тәрбиеде өз алдына бір сала. Ағаш, тері, металл өңдеудегі халықтық өнер әлемге әйгілі. Эстетикалық тәрбие беруде халық ауыз әдебиетінің маңызы да өте зор болды. Оның мазмұны

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақтың санасын, әсемдік сезімін, талғамын, қажеттілігін тәрбиелейді. Сондықтан халықтық педагогиканың жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудегі мол тәжірибесін ескере отырып, оны қазіргі мектеп оқушыларының эстетикалық мәдениетін тәрбелеуде кеңінен пайдалану қажеттілігі туындайды.

Қазақ халқының музыкалық шығармашылығы оның өмір - тіршілігімен тығыз байланысты болған. Оның білім мен жақсылықтың, әдемілік пен құдіреттіліктің қайнар көзі болып табылатын ән, күй, айтыс, терме, жыр, толғау сияқты сан түрлі бай жанрларында қазақ халқының басынан өткен небір тарихи оқиғалар, жат жұрттық шапқыншылармен шайқастағы батырлардың ерлігі, жоғары адамгершілік сезімдер, күнделікті күйбең тіршіліктің қуанышы мен қайғысы және т.б. туралы жырланады. Оларда халықтың эстетикалық көзқарастары, моральдық - адамгершілік нормалары сақталған және халық өмірінің барлық салаларының мәні анағұрлым толық бейнеленген.

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті оның *ән шығармашылығынан* неғұрлым айқын көрінеді. Тарихи шежіре тәрізді халық әндерінің өміршеңдігі «... олардың баста өнер қуу мақсатында шықпай, табиғилық жағының басым болуында» (А.Жұбанов). Олар тыңдауға арналып емес, халық өмірінің ажырамас бөлігі ретінде іс-әрекеттерде: еңбекте, салт-дәстүрлерде, ойындарда, салтанаттарда өмір сүрді. А.Жұбановтың пікірінше:

«Халық әндерінің үлкен қазына екендігі ... сол әндерде халық өмірінің сәулесі болуында». Ұрпақ тәрбиесінде халық әндерін пайдалану өз Отанын сүйетін, туған халқын, оның салт-дәстүрлерін, тілі мен тарихын, өнерін құрмет тұтып, ұлттық рухты, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, жан-дүниесі сұлу, рухани мәдениеті бай адамды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан ол өскелең ұрпаққа халық дәстүрлерінің негізінде рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудегі аса маңызды құралдардың бірі болып табылатындығы сөзсіз.

Халық әндерінің ең алғашқы жіктмесін А.Затаевич жасады. Ол халық әндерін мазмұны, сипаты, маңыздылығы бойынша тарихи, тұрмыстық, революциялық, далалық, теңіздік, әзіл – қалжың, айтыстық, аңыздық деп бөлді. Ал Б.Г.Ерзакович қазақ халқының ән шығармашылығын былайша жіктеді: отбасылық-тұрмыстық, отбасылық – дәстүрлік, еңбек әндері, лирикалық, әлеуметтік теңсіздік әндері, тарихи әндер, эпикалық аңыздар мен жырлардың музыкалық түрде бейнеленуі.

Педагогика ғылымында профессор С.А.Ұзақбаева халық әндерінің жіктеуін талдау негізінде олардың мынадай жіктмесін жасады:

-тұрмыс – салт әндері (бесік жыры, балалар мен жастар әндері); еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері (бақташылық, төрт түлік мал туралы әндер, дихан, егіншілік әндері аңшылық, саяткерлік, жұмысшы әндері); үйлену әндері (той бастар, той тарқар, жар-жар, беташар, қоштасу, (сыңсу), құдалар әндері); ұлыс әндері (жарапазан), діни әдет-ғұрыптар негізінде туындаған әндер (бәдік әндер, бақсы сарыны); жаназалау әндері (естірту, жұбату, жоқтау, көңіл айту);

-нақлият әндер (алғыс, бата, тілек әндер, жұмбақ әндер, мысал - әжуа әндер, күлдіргі – мысқыл әндер);

- қиял-ғажайып әндер (аңыз әндер, өтірік өлеңдер);

-сатира- юморлық әндер (әзіл-қалжың, мысқыл, күлдіргі әндер);

-тарихи оқиғаларды суреттеу;

-әлеуметті теңсіздік әндері;

-эпикалық шығармалар (терме, дастан, қисса, толғаулар);

-айтыс әндері;

-лирикалық әндер.

Қазақ халқының *лирикалық әндерінде* табиғат эстетикасы, әйел сұлулығы, махаббат және достық тақырыптары көрініс тапты. Онда моральдық қағидалар бекіліп, қыз бен жігіттің арасындағы қарым-қатынастар белгіленді. Сонымен қатар махаббат - арнау әндері де бар: Біржанның «Ғашық жары», Мұхиттың «Айнакөзі», «Зәуреші», Ахан серінің «Балхадиясы», Ыбырайдың «Гәккуи», Естайдың «Қорланы» және т.б.

Халық лирикасының тамаша көрінісі – «Япурай» әні. Онда табиғаттың көркем бейнесі өзен жағасында терең ойға шомған адам жанының көңіл – күйімен астасып жатады. Табиғат туралы әндердің балалардың эстетикалық тәрбиесіндегі ролі зор. Оқушылар оны тыңдай және орындай отырып, қоршаған ортаның сұлулығын сезіне білуге үйренеді, олардың эстетикалық талғамдары дамып, өз Отанына деген сүйіспеншіліктері арта түседі.

*Әлеуметтік теңсіздік әндерінде* әділдік, теңдік, өз құқығы, адамдық қадір-қасиеті үшін күресуге шақыру жырланады (Мысалы, «Гүлдер-ай», «Майра», «Жанбота» және т.б.).

*Тарихи әндер* балаларды халықтың өміріндегі тарихи оқиғалармен таныстырып, өз ерлігімен тамсандырған халық бағырларына деген құрметті тәрбиелейді, әділдікке шақырады. Мысалы, жалпы халықтың қайғы –мұңының көрінісі болған «Елім-ай» әнінде 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығына байланысты халықтың басынан кешкен қайғылы оқиғалар баяндалады.

*Қазақ халқының аспаптық күй шығармашылығы* музыкада бейнеленген тарих ретінде ғана емес, сонымен қатар халық эстетикасының қайнар көздерінің бірі ретінде де құнды. Ол өзінің ұлттық - өзіндік бейнелілігімен, музыкалық – көркемдік құралдарының байлығымен анықталатын идеялық – көркемдік

## М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері

қасиеттеріне байланысты үлкен қызығушылық тудырады. Мұндағы ең дамыған сала – домбыра музыкасы. Домбыралық дәстүрде күйлер *төкпе* күй (солтүстік - қазақстандық дәстүр) және *шерпне* күй (шығыс - қазақстандық дәстүр) деп екіге бөлінеді. Олардың айырмашылығы орындау мәнерінде, бейнеленетін құбылыстар мазмұнын ашу тәсілдерінде жатады. Солтүстік – қазақстандық дәстүрдегі күйлерге ауқымдылық, кендік тән, олар алақанның шырқай көтерілуі арқылы орындалады. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина және т.б. Ал шығыс- қазақстандық дәстүрдегі күйлер философиялық, лирикалық сарында, көбіне әнге жақын келеді, олар саусақпен кезектесе шерту тәсілдерін қолдану арқылы орындалады. Шертпе күйінің көрнекті өкілдері - Тәттімбет, Сүгір және т.б.

А.Сейдімбеков өз зерттеу жұмысын күй аңыздарына арнады. Ғылыми және тарихи фактілерге сүйене отырып, б.ғ.д. V –VIII ғ.ғ. шығарылған күйлерге талдау жасап, олардың мынадай жіктемесін ұсынады:

- тарихи оқиғаларға арналған күй аңыздар;
- күйші – композиторлар өміріне қатысты күй аңыздары;
- қоршаған орта, табиғат туралы күй аңыздары;
- тұрмыс-салтқа байланысты туған күй аңыздары (ойын-сауық, бәйге, аңшылық- саятшылық, айтыс-бәсеке, жөн-кәде);
- арнау күйлердің аңыз -әңгімелері (ардақты анаға, сүйген жарға, кимас досқа, асыл азаматқа, іштен шыққан балаға және т.б.);
- жан – жануарлар туралы күй аңыздары.

Б.Ғ.Ғизатов күйлерді олардың мазмұнына, эстетикалық және әлеуметтік функцияларына байланысты былайша жіктейді: аңыз – эпикалық, тарихи – батырлық, лирикалық, салт – дәстүрлік және әлеуметтік-тұрмыстық. С.Еламанова домбыраға арналған күйлерді ежелгі күй-аңыздар, тарихи, дәстүрлік, лирикалық, эпикалық деп топтастырады.

*Тарихи күйлерде* (Махамбеттің «Қайран Нарыны», Құрманғазының «Саранжабы», «Көбік шашқаны», Сейтектің «Сексен ері» және т.б.) халықтың эстетикалық түсініктері бойынша көрнекті батырлар мен қолбасшылардың бейнелері ашылады.

*Лирикалық күйлерде* (Динаның «Бұлбұлы», Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелеңі», «Қосалқасы», Құрманғазының «Қайран шешемі», Тәттімбеттің «Сары жайлауы» және т.б.) қазақ халқы үшін әдеміліктің ең тамаша объектісі болған табиғат эстетикасы, сүйікті әйел – ана бейнесі көрініс табады.

Халық музыкалық дәстүрінің тағы бір жанры - *терме*. Ол халық шығармашылығындағы тақпақ – сазды речитативті әннің бір түрі. М.Ахметова: «Қазақтың халық творчествосында осы айтылып отырған речитативтік стильдің негізгі дамуы эпостық жырлармен байланысты. Жырдың мазмұнын жеткізу үшін пайдаланылатын халық арасындағы терме, желдірме секілді ән түрлері осы эпоста қолданылып, пайда болғанын көреміз», - дейді. Ал, поэзиялық тұрғыдан алғанда, терме – насихат, өсиет ретінде белгілі бір әуен – ырғақпен орындалатын өлең түрі болып табылады. Олардың мазмұны этикалық, адамгершілік, эстетикалық категорияларды ашады. «Он үш жаман», «Махамбеттің термесі», Тұрмағанбеттің «Жастарға өсиеті», Нұртуғанның «Қанеки, тілім, сөйлеші», Базар жыраудың «Жақсы мен жаманы» сияқты халық термелерінде мораль, адамдық қадір – қасиет мәселелері көтеріледі, еңбекқорлық, адалдық, Отанға, туған өлкеге деген сүйіспеншілік жырланып, ақымақтық, сараңдық, өтірік айту сияқты жаман қасиеттерден аулақ болу насихатталады.

Қазақ халық музыкалық шығармашылығының тарихи сипаты басым көркем де құнды саласы – *эпостық жырлар*. Олардың көркемдік ерекшелігі - синкреттілігінде (сөз, ән, аспапта ойнау, театрализация элементтері). Эпостық жырларда еңбекқорлық, патриоттық, ру-тайпалар арасындағы ізгі қарым-қатынастар, үлкендерге, әйел –аналарға деген құрмет, адалдық, тектілік, батылдық, кішілерге қамқорлық, туған өлкенің, ұлттық киімдердің сұлулығы және т.б. жырланды.

Эпостық жырлар *батырлар жырлары* және *лиро – эпостық жырлар* деп бөлінеді. Батырлар жырындағы («Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Көрұғлы» және т.б.) жетекші идеялар – халықтық, ізгілік және отансүйгіштік.

Лиро – эпостық жырлардағы («Қыз Жібек», «Қозы – Көрпеш – Баян-Сұлу», «Айман -Шолпан» және т.б.) негізгі тақырып – қыз бен жігіттің арасындағы мөлдір махаббат, басты идеясы – феодалдық өмір салтындағы қатал жағдайларда махаббат үшін күрес, қалыптасып қалған рулық дәстүрлерге қарсы шығу (ата - аналардың балаларының дүниеге келмей тұрып, құда болуы). Эпостық жырлардағы құнды педагогикалық идеялар қазіргі уақытта оқушылардың моральдық – этикалық тәрбиесіне, музыкалық – эстетикалық дамуына ықпалын тигізеді.

Халық музыкалық шығармашылығының дәстүрлі жанрына *толғау* да жатады. Онда ой толғанысын, уақытқа, заманға, оқиғаға, құбылысқа көзқарасын ақын сөзді әуенмен сүйемелдей отырып білдіреді.

Халық музыкалық шығармашылығының тағы бір түрі *айтыс* өнері арқылы жас ұрпақтың бойында еңбекті қадірлеу, адамгершілік қасиеттер, Отанын, елін сүю уағыздалып, керісінше, өтірік, мақтаншақтық және т.б. адамды аздыратын жаман әдеттер сыналды. Айтыстың мынадай түрлері бар: қыз бен жігіт айтысы, бәдік айтыс, жұмбақ айтыс, қайым айтыс, ақындар айтысы, жар-жар айтысы және т.б.

Қазақ халық музыка шығармашылығының эстетикалық талғамды қалыптастырудағы мүмкіндіктері, біздің ойымызша, оны игеру процесінде оқушыларда саналы – сезімдік қабылдау қабілеті қалыптасады. Эстетикалық талғам оқушылардың халық музыкасындағы эстетикалық құндылықтарды ұғынуға деген

## ***М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері***

белсенді ұмтылысын бейнелей отырып, эстетикалық идеал, сезім, көзқарас, қажеттілік, қабілетті біріктіретін музыкалық – эстетикалық қабылдаудағы белгілі бір жүйелілікті туындатады. Оқушылар қазақ халық музыкасына ортақтасу барысында адамның жан-дүниесін, қазіргі заманның мақсаты мен мәнін, табиғатты терең түсіне білу қабілетін өз бойларында тәрбиелей отырып, міндетті түрде өз рухани мүмкіндіктерін байытып, эстетикалық талғамдарын дамыта түседі /1-сурет/.

Сондықтан халық педагогикасының маңызды құралы – музыка шығармашылығы құралдары арқылы қазіргі мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беру қажеттілігінің маңыздылығы арта түседі.

Қорыта келгенде, қазіргі жаһандану үрдісі кезеңінде әрбір ұлт өзінің дәстүрлі мәдениетін сақтай отырып, оны жалпы адамзаттық құндылықтармен ұштастыруға ұмтылады. Сондықтан халықтық педагогика дәстүрлерін қайта жаңғыртып, оларды өскелең ұрпақтың эстетикалық тәрбиесіндегі маңызды құрал ретінде қарастыру – заман талабы мен қоғамның қажеттілігінен туындап отырған құбылыс екендігін сезіне отырып, халық музыка шығармашылығы құралдарын өскелең ұрпақтың тәрбиесінде пайдаланудың тиімді жолдарын онан әрі қарастырған жөн.

### **Әдебиеттер**

1. Қалиев С.Қ. Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми – педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2000.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік./ Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986.
3. Волков В.Н. Этнопедагогика. – Москва: АСАДЕМА, 2000.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. –Алматы: Ғылым, 1994.
5. Құнанбаев А. Шығармалары (екі томдық). – Алматы: Жазушы. 1977.
6. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 2001. - Т.2.
7. Жұмабаев М. Таңдамалы (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: Ғылым, 1992.
8. Коменский Я.А. Великая дидактика. Избр. пед. соч. – Москва, 1995.
9. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения в 6 т. /Сост.: С.Ф.Егоров. – Москва: Педагогика, 2002.

### *Резюме*

*В статье рассматриваются некоторые вопросы методики музыкально-творческого воспитания школьников. Также необходимо владеть педагогической техникой, уметь наблюдать за деятельностью детей в различных видах музыкальной работы с ними.*

### *Summary*

*In given article some questions on a technique of is musical-creative education of schoolboys are considered. Also it is necessary to own pedagogical technics to be able to observe of activity of children in various kinds of musical work with them.*

ӘОЖ 159.9.019-053.6

### **Жұмабек К.Н.**

М.Сапарбаев атындағы ОҚПИ-ның «Парасат» колледжі, Шымкент, Қазақстан

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Психологиялық ағарту* – педагогтарды, ата-аналарды, оқушыларды психологиялық біліктілікке баулу, оларға психология ғылымын насихаттау. Психологиялық ағартудың түрлері сан түрлі. Оған әдістемелік кеңесте және ата-аналар жиналысында өтілетін лекциялар, әңгімелесулер, топтық және жеке консультациялар, семинар-практикумдар, ата-аналар жиналысы, көрмелер, жаднамалар дайындау, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді іріктеу және тарату, тақырыптық газет шығару, психологиялық тренингтерді жиі өткізу. Балаларды тек қана өмірге дайындау емес, балаларға қазіргі таңның өзінде бақытты, арайлы өмір жағдайын туғызу. Яғни, ересектерге психологиялық ағарту жүргізу арқылы, мұның басты мәселе екеніне көзін жеткізу. Сондықтан да, тәжірбиелі психологқа оқушылармен жұмыс істейтін адамдардың психологиялық мәдениетін көтеру қажет. Психологиялық ағарту – бұл педагогтардың және оқушылардың психологиялық біліммен қатынасы. Психологиялық ағартудың негізгі мағынасы:

- 1) Баланың психикалық дамуының психологиялық заңдылықтармен мұғалімдерді, тәрбиешілерді, ата-аналарды таныстыру;
- 2) Жаңа психологиялық зерттеулерді талқылап көпшілікке қарапайым түрде таныту;
- 3) Психологиялық білімдер қажеттілігін құрып, оны жұмыс кезінде баланың немесе өзіндік тұлғалық дамуда қолдану;
- 4) Оқушыларды өзіндік таным және өзіндік тәрбие туралы түсініктердің негіздерімен таныстыру;
- 5) Практик - психологтың сол мекемеде керек екендігін түсінуге қол жеткізу.

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

Психологиялық ағарту әр түрлі формада болуы мүмкін: дәріс, практикалық сабақтар, семинар, әңгімелеу, көрме, кездесулер, тренингтер, әдебиеттерді талқылау тағы басқа. Бұл жұмыстарды барлығын психолог өзі жүргізбей-ақ, басқа мамандарды шақыруына болады. Барлық жұмыстардың мазмұнын психолог өзі қамтамасыз етуі тиіс, және өтетін жұмыс түрлерінің нақты жұмысқа байланысты мәселелері қаралған жөн. Психологиялық ағартудың ең көп тараған түрі психологиялық кеңес беру. Бұл маманның клиентке жанама кеңесі, нақты бір мәселеге қатысты жиналыс, нақты бір жағдайдағы адамның мінез-құлқы бойынша пікірін білдіру деп түсіндіріледі. Өкінішке орай, қазіргі таңда төмен дәрежелі тәрбиелеу мен оқыту мекемелерінде психологқа педагогикалық іс-әрекетті атқаруды жүк етіп артады. Көптеген жас психологтарға педагогикалық кеңес өткізіп, жалпы мектептің ата-аналар жиналысында сөз сөйлеп, сынып жетекшілердің орнына сынып сағатын өткізіп, кейде тіпті ұстаздың орнына сабақ өткізіп жатады. Сондай-ақ, тағы да психологқа деген таңқалушылықтарын білдіреді. Психологтың субъективтік статуска келесі талаптар арқылы қол жеткізуге болады:

- психологтың құқықтарымен толық танысуы арқылы, негізгі психологтың жұмыс формалары, психологиялық қызметтің стратегиясы арқылы педагогикалық ұжымның адекватты нәтижелерінің құрылымы;

- эмпатиялы бағасыз қарым-қатынасты, жеке тұлғаның мінез-құлқыты іскерлестік позициясымен жеке адамдарға сенім арта білу жағдайларын болжайтын психологтың барлық категориялардағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынас.

- ортақ позицияны мектеп жоспары мен бағдарламасын, олардың жүзеге асырылуын, іс-әрекетінің нәтижелерінің талдауын анықтаудағы педагогтармен бірлескен әрекеттері.

Психолог үшін – психологиялық қызметтің субъектісін, өзінің жеке даралық ерекшеліктерін, қабілеттілігін, мүмкіндіктерін, әлсіз және күшті жақтарын білу маңызды. Ол өзінің эмоционалдық деңгейін реттеп, өзінің психологиялық функцияларын (ес, зейін, ой) жеделдете білу қажет. Аяғында іс-әрекет субъектісі сияқты өзінің кәсіптік негізгі сапаларын дамытуы керек. Бұл интеллектуальдылық (қызығушылық, логикалық ой, прак-тикалық ақылы), әлеуметтілігі (эмпатия, әлеуметтік контакт жасаудағы талаптары, коммуникативтілігі). Психолог балалармен жұмыс істей отырып, ол балалардың типологиялық ерекшеліктері мен жасын білу қажет және онтогенездегі жеке тұлғаның динамикалық дамуы туралы мағлұматтары болуы керек. Оған жұмыс үстінде әртүрлі даму деңгейдегі мінез-құлқытарының, ақыл-ойының, оқушылармен қарым-қаты-насының ауытқуларымен кездеседі және ол оның шығу себептерінің психологиясымен таныс болуы өте маңызды. Баланың дамуы көбінесе жанұясының тәрбиесіне байланысты болғандықтан, психологқа жанұясының тәрбиесін білуі қажет. Балаға көмектесу үшін біріншіден баланың жөнделем деген пиғылы болуы керек, яғни өзінің танымдылығын, өзіндік оқуын, тәрбиесін түзеткісі келу.

Ғалымдар психологтың біліктілігін анықтайтын сегіз негізгі қасиетін бөліп көрсетеді.

-Психологиялық көмек көрсетудің мақсаты. Квалификациялы психолог педагогтың мақсаттарына бағыт-бағдар жасайды, адамға мінез-құлқытың максималды болар нұсқауларын табуға мүмкіндік береді, жаңа мүмкіндіктерін қарастырады.

-Кәсіптік іс-әрекет жағдайларындағы психологтың реакциясы. Квалификациялы психолог кең спекторлы жағдайлар мен мәліметтерден вербальды, вербальды емес реакцияларын тауып алады.

Психологтың дүниетанымдылығы. Квалификациялы психолог өзінің зерттеуінің қиындығы және оның жеке адамға әсерін түсінеді. Мұндай мәселелерді бір ғана концепция арқылы шешеуге болмайтындығын түсініп, ол жұмыста әртүрлі тәсілдерді қолданады:

1) Психологтың мәдениеттілігінің деңгейі. Квалификациялы психолог клиентінің өміріне еніп, онымен бірге мәселенің шешімін табуға бір жолға түседі, көптеген ойларды, сөздерді және мінез-құлқытарды жасауға бейімді;

2) Құпиялылық (конфиденциалдылық). Квалификациясы бар психологта құпиялылық (конфиденциалдылық) болады. Ол үнемі клиенттің сұранысын нақты қабылдап, психоло-гиялық ақпараттарды қандай ауқымда болмасын дәл қолданады;

3) Іс -әрекет шектілігі. Квалификациялы психолог өзінің кәсіптік іс-әрекетінің мазмұнына үнемі қайта оралып, рефлексияға түсіріп отырады және өзінің мүмкіндіктерін шынайы түрде шектеп бағалайды;

4) Тұлға аралық әсер. Квалификациясы бар психолог өзінің реакциясын педагогқа немесе клиентке әсер ететінін түсіндіреді;

5) Абыройлылық. Квалификациялы психологта бұл өзінің психологиялық көмек беретін концепцияларын шығару негізінде қызмет атқарады.

Психологиялық ағарту – педагог, тәрбиеші, ата-аналардың және оқушылардың психологиялық біліммен сусындауы. Психологиялық ағартудың негізгі мағынасы:

- тәрбиеші, мұғалім, ата-аналарды баланың психикалық даму шарттарымен және заңдылықтарымен таныстыру;

- жаңа психологиялық зерттеулер нәтижелерін түсіндіру;

- психологиялық білімге деген қызығушылықтарын ояту;

- оқушыларды өзіндік тәрбиелеуге үйрету.

*Психологиялық ағартудың формалары әр түрлі болады:* лекция, сұхбат, семинар, тренинг, коучинг, дискуссия, бейнематериалдарды тамашалау, көрме ұйымдастыру ж.т.б. Психологиялық ағартуды

## ***М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері***

психологиялық білімді, өмірлік мәселелерді шешу мәселелеріне қатысты беретін болса, жұмыс эффективті болады. Е.А. Климов бойынша, психологиялық білімді көтеру – психологиялық ғылым ретінде өсуінің шарты. Сонымен, психологтың білім беру мекемелеріндегі алатын кәсіптік статусы түрлі жерде әр түрлі. Ол психологтың жұмысты ұйымдастыру тәсілдеріне байланысты, яғни жұмыс істейтін психолог маманданған, психологиялық білімі жоғары, адам жанын танушы болуы қажет.

*Білім беру жүйесіндегі психологиялық ағарту жұмыстарының блоктары:*

### **1. Оқушылармен жұмыс:**

- психология сабақтары;  
- сыныптан тыс іс-шаралар , психологиялық «КВН», психологиялық тренинтер, көрмелер, кездесулерді ұйымдастыру, психологиялық әдебиеттерді талдау, оқушылардың жастарына қарай бейнефильмдерді тамашалау ж.т.б.

### **2. Ата-аналармен жұмыс:**

– ата-аналар жиналыстарына жүйелі қатысу, тақырыптық семинарлар ,конференцияларды ұйымдастыру,психологиялық баяндама жасау (оқушылардың жас ерекшеліктері,жеткіншектердің психологиялық тұрғыда қиыншылықтары,қарым-қатынас ерекшеліктері,суицидтік мінез-құлық,ҰБТ-ға психологиялық дайындық,ойынқұмарлық проблемасы,жаңа ортаға бейімделуі, жеткіншектердің арасындағы болатын қақтығыстар,салауатты өмір салты мәселелері,ата-аналарға арналған психологиялық әдебиеттерді талдау ж.т.б.

### **3. Педагогикалық ұжыммен жұмыс:**

-тақырыптық семинарларды, конференцияларды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру;  
-педагогикалық-әдістемелік кеңестерге жүйелі түрде қатысу;  
-психологиялық тренингтерді өткізу, психологиялық ғылыми зерттеулерімен таныстыру,психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді насихаттау,  
-Келесі тақырыптарға баяндамаларды дайындау:Педагогикалық қарым-қатынас ерекшеліктері, Педагогикалық мәдениет мәселелері , Психология ғылымының мақсат-міндеттері, Балалардың жас психологиялық ерекшеліктері, Сабақтағы психологиялық ахуал, Суицидтің себептері, ҰБТ-ға дайындық кезеңіндегі мұғалімнің рөлі, Жеткіншектердің агрессивті мінез - құлқы, Девианттық мінез-құлық: мектептің әсері, Ойынқұмарлықтың психологиялық негіздері, Интернеттегі қауіп түрлері, Психолог сиқыршы емес...ж.т.б.

### **4. Мектеп өкімшілігімен жұмыс:**

-психологиялық кеңес жүргізу; психологиялық-педагогикалық консилиумдарға дайындық,психологиялық зерттеулердің нәтижелеріне жалпы сипаттама жасау;  
-мектептегі психологиялық ахуалды жақсартуға көмек беру, мүмкіндігінше авторитарлық жүйені болдырмау,психологиялық білімдерді насихаттау ж.т.б.

Психологиялық ағарту жұмысына *психологиялық коучингті* жатқызуға болады. Психологиялық коучинг дегеніміз не? Коучинг - (ағылш.coaching) сөзбе-сөз аудармасы – тәлім ету, дайындау, жаттықтыру. Бұл – әріптестердің (коуч пен әріптесі) құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі.

Коучинг – (ағылш.coaching) сөзбе-сөз аудармасы – тәлім ету, дайындау, жаттықтыру. Бұл – әріптестердің (коуч пен әріптесі) құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. Коучинг – бұл психотерапия және емдеу емес. Бұл белгілі бір мақсатқа немесе дәрежеге жеткен және ары қарай дамып, өзіне және өзгелерге жаңалық ашуға дайын адамдарға арналған. Олар өзінің белгілі бір қасиетін өзгерткісі келетін адамдар, мысалы, өз жұмысын әлде қайда тез және жеңіл атқаруға немесе өзінің өмірін өзгертіп, өзіне пайдалы және ұнамды істер жасауға көбірек бос уақыт бөлгісі келетіндер. Яғни, негізінен өз өмірін жақсы жаққа қарай бұру!Психологиялық коучингті тәжірибелі маман өткізуі тиіс.Психологиялық коучинг – бұл мұғалімге білім алуға және дамуға, сол арқылы өзінің кәсіби қызметін жетілдіруге мүмкіндік беретін үдеріс.

Психологиялық коучингте мынадай *құндылықтар өте маңызды:*

Құпиялылық - Шынайылық -Сенімділік  
Ашықтық -Айқындылық - Шындық  
Адалдық -Теңдік – Сынамау-Айыптамау  
Қам жеу- Қамқорлық көрсет.

Психологиялық ағарту жұмыстарының ең маңызды мақсаты – психологиялық мәдениетті көтеру және психологиялық білімді насихаттау.

### **Әдебиеттер**

1. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании. - М.: «Владос», 1995. -529 с.
2. Фридман Л.Ф. Психологический справочник учител. – М.: «Просвещение», 1991. – 287 с.
3. Дубровина И.В. Школьная психологическая служба, вопросы теории и практики. – М.: «Педагогика», 1991. – 230 с.
4. Бендиктов В.А. Представление педагогов о психологической службе. // «Вопросы психологии», 1986. № 2.

ӘОЖ 930:(574,5)

## **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЛА КЕЛБЕТІНЕ ОРЫС БАСҚЫНШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАСАҒАН ЫҚПАЛЫ**

**Жанысбекова Г.Ә., Әмірхан Е.Ә.**

М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**Андатпа:** Оңтүстік Қазақстандағы қала келбетіне орыс басқыншыларының жасаған ықпалы

**Кілттік сөздер:** Қала, орыс әкімшілік жүйесі, бекіністер, ауыл, село.

Оңтүстік Қазақстанның қалалары отырықшылықтың және отарланған аумақтарының саяси және әкімшілік ұйымдастыру орталығының негізі ретінде орыс билігі үшін үлкен маңызға ие болды. Орыс әскерлері Әулиеата қаласы 1864 жылдың 6 маусымында, Түркістан қаласы 12 маусымында, Шымкент қаласы осы жылдың 2 қыркүйегінде алынғаны белгілі. Осы жағдайды көрген қоқандықтар орыс әскерлерінен қауіптеніп Оңтүстік Қазақстан аумағында орналасқан және солтүстік облыстармен шекараласа географиялық орналасу күшімен маңызды әскери-стратегиялық мәні бар Созақ, Шолақ-Қорған, Жусалы, және Мерке қалаларын бекітуге мәжбүр болған. Аталғандардан басқа, қоқандық бектер Сырдарияның оң жақ жағалауына, керуен жолдарының бағдары бойына келесідей бекіністер салынды: Жаңа-Қорған, Жүлек, Ақ-Мешіт, Шым-Қорған, Қош-Қорған, Құмыш-Қорған [1].

Дегенмен, орыс әскері Қоқан мемлекетін талқандағаннан кейін барлық аймақтық қалаларға орыстардың қоныстану үдерісі басталып, олардың орналасу бөлігі құрылыс жүргізілмеген бос аймақта құрылды, негізінен қалалардың солтүстік-батысында көшелер орамының айқын сызбасы ерекше көрінетін. Орыс әскерлері аймақтық қалаларды басып алғаннан кейін олар ескі басқару жүйесін тастаған, «1867 жылғы 11 маусымдағы Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Ережесі жобасының» 63 бабы бойынша, яғни бұл «Сырдария облысының кейбір қалаларындағы жергілікті полицейлік басқарушылар мен қорғаушылар ояздық басшылардың қарамағында» енгендігін нақты бекітіп берді [2].

Өлкені басып алу нәтижесінде «жаңа» қалалар – Перов, Қазалы, Арал пайда болды. Бұл қалалардың құрылыс жоспарының негізі орыс бекіністері болды. Олар әскери-қорғаныс желісі аймағына кірген, өйткені стратегиялық маңызды түйіндерінде, негізгі керуен жолдарының және ежелден қоныстану орны қызметін атқарған жерде орналасқан. Орыс өкіметінің толық орналасуымен және саяси өмірдің тұрақтануымен бекіністер қала құрылуының негізі болды, бұл жағдайда «еуропалық» түрдегі жоспар болатын.

Өлке зерттеушілерінің бірі, жерлесіміз профессор А. Исмаилов орыс елді мекенінің құрылуы тарихында үш кезеңді бөлген болатын. Бірінші кезең, А. Исмаиловтың орналасу тарихының кезеңдері бойынша XIX ғасырдың 40-шы жылдан 60 жылдардың ортасына дейінгі кезеңді қамтиды, яғни Түркістан аумағының Ресейге қосылу процессінің аяқталу уақыты және Түркістан генерал-губернаторының құрылу уақыты; екінші кезең 1906 жылға дейін Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында екі облыстың құрылуымен сәйкес келген уақыт бөлігін қамтитын кезең; соңғысы, үшінші кезең 1906 жылы маңызды қалақұрушы фактор болып табылған Орынбор-Ташкент темір жолы жүргізілген жыл [3].

«Отаршыл» қалалардың пайда болуы мен дамуы кезеңдерімен келісе отырып, Сырдария облысының ояздарында бұрынғы және қоныс аударған славян және неміс ауылдарының құрылуы зерттеу кезеңінде қала құрушы фактор екінші кезеңімен сәйкес келетінін атап өткен жөн.

Бірінші кезеңде әскери басып алу қажеттілігінен туындаған және Арал маңы және Сырдария бойында орыс әскерлерін жылжытуы орын алған, қамалдар мен қорғандар түріндегі болашақ отаршыл қалалардың орынында ауылдардың пайда болуы заңды болатын. 1861 жылғы 3 желтоқсандағы «Қырғыз даласында Орынбор ведомствосы мен Сырдария желісінде әскери құрылымдар туралы Ереже» бойынша Сырдария өзені жағалауында салынған Перов, №1 және №2 қамалы, Джулек бекінісі Сырдария желісі құрылды. Бұл бекіністердің бірінші тұрғындары әр түрлі шендегі әскерилер болды, олар: казактар, әскери дәрігерлер немесе фельдшерлер [4].

Екінші кезеңде орыс басшылығымен Түркістан өңірінде облыстық және ояздық басқарушылар тұрып жатқан, одан бөлек: Ескі Марғұлан, Түркістан, Чуст, Ұра-Төбе және Педжекент қалалары қала болып танылып, «1886 жылы Түркістан өңірін басқару туралы Ережеде» бекітілген болатын [5].

Патшалық үкімет «отаршыл» қалалардың мәнін көтеру мақсатында Қазалыны Ташкент, Самарқанд қалаларымен бір деңгейге қойып, бұл қалаларды «сауда жарғысы және баж салығы ережесі» бойынша



## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

үшінші санатты қалалардың қатарына қосты. Әулиеата және Перов қалаларын Верный және Қатты-Қорғанмен бірге 4 санат қатарына қосты, ал Түркістан мен Шымкент, Қапал, Сергиополь, Тоқмақ, Лепсі және осыған ұқсас қалалардың қатарына, яғни 5 санаттылар қатарына қосты [6].

Қалаларды «еуропалық» кейіпке енгізу үшін жеті сәулетші лауазымы құрылды, олардың екеуі Оңтүстік Қазақстан аймағында орналасқан қалаларға бөлінді, олардың біреуі Қазалы-Перов қалаларына, ал екіншісі Әулиеата, Шымкент және Түркістан қалаларына бөлінді. Сәулетшілерге қалалар қаражаты есебінен жүргізілетін қалалық шіркеулер, мешіттер, ауруханалар, мал қоралар, қоғамдық дәретханалар, жолдар, көшелер, көпірлер, суландыру және басқа да ғимараттарды салу жобасымен сметаларын жасау және жеке құрылыстардың дұрыс жүргізілуін бақылау, қалалық жылжымайтын мүліктерді өндіру міндеттері жүктелген [7].

М.Г. Черняев қаланы басып алған соң, Шымкент Жаңа-Қоқан желісінің құрамына, 1865 жылдың 12 ақпанында Түркістан облысының құрамына, 1867 жылдың 11 шілдесінен бастап ояздық қала ретінде Сырдария облысының құрамына кіреді. Қаланың 1909 жылдың 21 сәуірінде бекітілген өзінің елтаңбасы болған. Жасыл қалқанда күміс жіппен жусанның ерекше түрі жасалған. Елтаңбаның төменгі бөлігі Сырдария облысының елтаңбасын қайталаған [8].

Әскери губернатор Корольков 1904 жылы бекіткен жоспар бойынша қалалық жерлер 21841 десе 1280 шаршы сажынға бөлінген. Егістіктер 8264 десе 70 шаршы сажын жер көлемін алып жатса, тыңайтылған жер 728 десе 670 шаршы сажын, пішен 1060 десе 400 шаршы сажын, беде егістіктер 523 десе 2190 шаршы сажын, екпе ағаштар 214 десе 840 шаршы сажын, жайылым 9430 десе 1580 шаршы сажын, үй-жайлар, жүзім алқаптары, бақша алаңдары 250 десе 50 шаршы сажын жер көлемін алып жатты. Сонымен қатар, малта тастар 408 десе 500 шаршы сажын, қабірлер 18 десе 770 шаршы сажын, мешіттердің және шағын ормандар 4 десе 820 шаршы сажын, қамыстар мен шалшықтар 18 ғұшыр 4490 шаршы сажын, көшелер мен жолдар 470 десе 1540 шаршы сажын, Бадам өзені және арықтар 161 десе 740 шаршы сажын және әскери ведомство жерлері 288 десе 920 шаршы сажын жер көлемін алып жатқан [9].

Қала суды Бадамнан және Кошқаратадан машина су құбырының көмегімен алды, оны және басқа суландыру құрылысын күтіп, ұстауға жыл сайын 2500-3000 рубль жұмсалып отырған [10].

Көшелерде тас жол және төсем салу жұмыстары баяу жүргізілді, бәлкім оған бір аздаған уақыт қиналмай өтуге болатын сол шым қыртысы кедергі келтірген болар, бірақ шым қыртыстың беткі жұқа қабаты тез жұқарып, оның салдарынан ашылған сары топырақ аспанға көтеріліп, қаланы шаң қаптырды. Ұсақ малта тастардан көшелерді нығыздап себу арқылы жүргізілген. Күйдірген кірпіштен жасалған жаяу жолдар ХХ ғасырдың басында ғана төселе бастады, алайда оның өзі де қаланың барлық көшелерінде болған жоқ [11-13].

Қаланың көшелерін ХІХ ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап жай керосин шамдары арқылы жарықтандыра бастады. 1905 жылдан қала басшылары керосинді-кадильді шамдар сатып алып, көшелерді солардың көмегімен жарықтандыра бастады. Зерттеу кезеңінің соңында олардың саны 25 дананы құрап, 59 жай май шам қалды. Олар негізінен қаланың шет аймақтарында қолданылған еді. Қалалық қазынадан жарықтандыруға жыл сайын 3170 рубль бөлініп отырған [13].

Қалада 3 бақ болды: Черняев бағы, қалалық және соборлық. Жыл сайын осы мақсатта 1100 рубль жұмсалынып, олар жақсы күтіммен ұсталынды [284, 50-51 б.].

Шымкент қаласында 1909 жылдың 29 желтоқсанында негізгі капиталы жүз мың рубльмен құрылған сантонин заводы болды [14].

Бұл заводтан басқа келесі өнеркәсіп орындары болды: бірнеше мақта тазартатын, шырағдан жасайтын, былғары және ішек заводтары, алайда мақта тазартатын заводтан басқа заводтардың барлығы өнім көлемі аз майда заводтар еді. Орыс әкімшілігі өзінің билігін орнатқан соң, жергілікті халықтың қала ортасындағы ауыз су алып отырған бұлақтарға салған заводтарға назар аударды. Қаланың тазалығының және халықтың денсаулығының қамын ойлап, ояз бастығы полковник Шустов 1868 жылы сәуірде былғары заводтарын қаланың батыс жағына, халық суын пайдаланбайтын арықтарға ауыстырды [15].

Орыс-украин ауылдарының желісі Ташкент-Верный тракты бойынша орналасқан, олардың біріншісі – Қара-Балта 1874 жылы Жетісу облысының шекарасы негізінде құрылған. Әулиеата оязының басқа ауылдары – Михайловка, Чалдавар, Дмитриевка (Талас қаласы) 1975-1877жж., ал Покровское, Николаевское, Мерке, Александровское, Кузьминское, Каменское, Шаповаловское, Подгорное – 80 жылдары, Бурное, Луговое, Грозное, Степное, Ключевое, Головачевское, Гродеково – ХІХ ғасырдың 90 жылдары негізін құраған [16].

Шымкент оязында қоныстанушы орыс поселоктары 1887-1897 жж. Қаратаудың оң жақ етегіндегі тау бөктерінде құрылған, олар негізінен Ташкент-Верненск және Ташкент-Орынбор пошта жолдарының бойынша орналасқан Каменная балка, Георгиевское, Дорофеевка, Ванновское, Тамерлановка және т.б. болатын [17].

Перов және Қазалы ояздарында орыс елді мекендерінің болмағанын ескерсек, отаршыл ауылдарды орналастыру үшін билік қолайлы табиғи-географиялық факторлардың бар болуын, яғни тауға және тас жолға жақын, су көздерінің болуы, суармалы жер телімдерінің болуын қажет еткендігі айқын көрінеді, аталған ояздарда бұндай табиғи-географиялық факторлар болған емес.

## *М.Әуезов атындағы ОКМУ ғылыми еңбектері*

Орыс селоларының ортасында шіркеуі және сауда орындары орналасқан орталық алаңдары болған. Алаңды айнала село мекемелері мен ауқатты шаруалардың үйлері топталып орналасқан. Бірақ бұндай жоба бірден жүзеге асқан жоқ. Бастапқыда көптеген ауылдардағы құрылыс ретсіз болған, және көшелер қоныстанған басқарушылардың қысымымен оларды жекешелендірулеріне қарай бірте-бірте түзеле бастаған. Оңтүстік Қазақстанның орыс селоларының көбісі бір үлгі бойынша орналасқан: ұзын, өте кең көше, екі жақ шетінде бау-бақша телімдері орналасқан болатын. Үлкен селолардың өзінде де 3-4 шақырымға созылған жалғыз көше болатын.

### **Әдебиеттер**

1. Жилина А.Н. Традиционные поселения и жилище узбеков Южного Казахстана / Жилище народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука, 1982. – С. 137-163.
2. Проект Положения об управлении Семиреченской и Сыр-Дарьинской областях. – Ташкент: 1880. – Б.110.
3. Исмаилов А. Страницы истории Южного Казахстана (1864-1917 гг.) – Шымкент: Полипринт, 2003. – Б.96.
4. Положение о военном устройстве Киргизской степи Оренбургского ведомства и Сыр-Дарьинской линии. – СПб.: Б.и., 1862, – С. 1.
5. Материалы по истории политического строя Казахстана (Со времени присоединения Казахстана к России до Великой Октябрьской социалистической революции). Т. 1. – Алматы: Изд-во АН КазССР, 1960. – С. 358.
6. Об определении класса городов Туркестанского края по торговому их значению / ЦГА РУз. Ф. 1, Оп. 16, Д. 242, Л. 38 об.
7. Обзор Сыр-Дарьинской области за 1880 год. – Ташкент: 1890. – 82 с.
8. Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулиеата и Чимкент. С рисунками и 2 снимками с рукописей. – Ташкент: Эл.-пар. Типо-лит. О.А. Порцева, 1912. – С.65.
9. О дозволении 33 местным жителям г. Чимкента построить дома по верхнему арыку за Аулиеатинскими воротами г. Чимкента / ЦГА РУз. Ф. И-1, Оп. 16, Д. 217, Л. 4-4 об.
10. Об устройстве в Чимкентской крепости машинного водопровода / ЦГА РУз. Ф. И-1, Оп. 24, Д. 70, Л. 1-6.
11. О шоссировании улиц в Чимкенте / ЦГА РУз. Ф. И-1, Оп. 24, Д. 188, Л. 1-10.
12. Об уступке В. Танторину 110 кв. сажен земли города Чимкента для опрямления улицы / ЦГА РУз. Ф. И-1, Оп. 13, Д. 264, Л. 1-2.
13. Отчет и протоколы о расходах и приходах Чимкентского, Казалинского, Перовского, Аулие-Атинского и Туркестанского городских сумм / ЦГА РУз. Ф. И-1, Оп. 27, Д. 405, Л. 47-48.
14. Химический сантонинный завод Иванова и Савинкова / ЦГА РК Ф. 439, Оп. 1, Д. 13, Л. 14.
15. О перенесении кожевенных заводов в Чимкенте / ЦГА РУз. Ф. И-1, Оп. 16, Д. 94, Л. 1.
16. Карта русских сел в Аулиеатинском уезде / ЦГА РУз. Ф. 17, Оп. 2, Д. 518, Л. 1.
17. План участка земли в селах Аулие-Атинского уезда // ЦГА РУз. Ф. 17, Оп. 2, Д. Д. 711-734, Л. 1.

### *Резюме*

*В этой статье анализируется ход превращения городов Южного Казахстана в административные центры колонизаторской русской администрации.*

### *Summary*

*This article reviews the transformation of cities in southern Kazakhstan in the administrative centers of Russian colonial administration.*

**Кансеитова А.Б.** - учитель биологии  
ОСШ №33 им. Кенесары Касымұлы, Шымкент, Казахстан

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ БИОЛОГИИ МЕДИА-УРОК КАК ПРИМЕР ВНЕДРЕНИЯ НОВЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС**

**Аннотация:** Стремительно развивающиеся информационно-коммуникационные технологии требуют от современной школы внедрения новых подходов к обучению, обеспечивающих развитие коммуникативных, творческих и профессиональных знаний, потребностей в самообразовании. Внедрение таких технологий в учебный процесс переходит на новый этап – внедрение новых мультимедийных учебных материалов. В настоящее время создано большое количество разнообразных информационных ресурсов, которые существенно повысили качество учебной и научной деятельности. Все чаще в обучении используются мультимедийные технологии, спектр которых заметно расширился: от создания обучающих программ до разработки целостной концепции построения образовательных программ в области мультимедиа, формирования новых средств обучения. Идея мультимедиа заключается в использовании различных способов подачи информации, включение в программное обеспечение видео- и звукового сопровождения текстов, высококачественной графики и анимации позволяет сделать программный продукт информационно насыщенным и удобным для восприятия, стать мощным дидактическим инструментом, благодаря своей способности одновременного воздействия на различные каналы восприятия информации. Использование мультимедийных технологий в обучении реализует несколько основных методов педагогической деятельности, которые традиционно делятся на активные и пассивные принципы взаимодействия обучаемого с компьютером. Пассивные мультимедийные продукты разрабатываются для управления процессом представления информации (лекции, презентации, практикумы), активные – это интерактивные средства мультимедиа, предполагающие активную роль каждого ученика, который самостоятельно выбирает подразделы в рамках некоторой темы, определяя последовательность их изучения.

**Ключевые слова:** мультимедиа, ИКТ, НИТ, преподавание биологии в современной школе, презентации, PowerPoint.

Одним из приоритетных направлений информатизации современного общества является информатизация образования – процесс обеспечения сферы образования методологией и практикой разработки и оптимального использования современных – новых информационных технологий (НИТ) , ориентированных на реализацию психолого-педагогических целей обучения, воспитания. Информатизация образования как процесс интеллектуализации деятельности обучающего и обучаемого, развивающийся на основе реализации возможностей средств новых информационных технологий, поддерживает интеграционные тенденции процесса познания закономерностей предметных областей и окружающей среды (социальной, экологической, информационной и др.), сочетая их с преимуществами индивидуализации и дифференциации обучения, обеспечивая тем самым синергизм педагогического воздействия. Сегодня перед учителем встают задачи огромного значения и объема – формирование информационной культуры учителей и учащихся. И здесь большие возможности для творчества учителя, и прежде всего, для организации под его руководством творчества учащихся. Огромные возможности компьютерной техники , гигантское многообразие культурной информации (Интернет, мультимедиабиблиотека) находятся в глубоком противоречии с существующей системой обучения, опирающейся на ограниченное стандартами содержания и традиционную классно-урочную технологию. Существуют пути преодоления этих противоречий: 1) Радикальное изменение содержания и методов образования, отказ от урока в пользу самообразования, организация свободного культурно-образовательного путешествия в информационном пространстве; 2) Применение новых информационных возможностей к рамкам традиционного урока – введение мультимедийного урока. Современные программные средства обучения являются мультимедийными.

Мультимедиа- область компьютерной технологии, позволяющая объединить в компьютере некоторые возможности других технических устройств ( видеоплеера, магнитофона, микроскопа и др.), что позволяет работать с программами, оснащенными анимацией, стереозвуком, видеоизображением и другими аудио-видеоэффектами. «Восприятие информации обеспечивается сразу несколькими органами чувств, в сочетании с быстрым доступом и интерактивными возможностями работы с ней». Это дает возможность:· Осуществить индивидуальный подход;· Повысить мотивацию к учению;· Повысить эффективность и качество обучения;· Сократить время на подготовку уроков учителям;· Обучать дистанционно.

## М.Әуезов атындағы ОКМУ ғылыми еңбектері

Что же такое медиа-урок и в чем его преимущества по сравнению с традиционными методами обучения?

Традиционные методы обучения	Традиционные средства и их дидактические возможности	Совершенствование за счет применения программных и технических средств ИТ
<b>Словесные:</b> рассказ, беседа, объяснения, инструктаж	Устное слово, печатное слово (учебники, учебные пособия, книги). Ведущее средство- живое слово, которое читает диктор программы. легко сочетается с другими средствами обучения. Позволяет в сжатые сроки обогатить память учащихся обобщенными научными знаниями.	Подача текстовой информации с экрана. Сообщение знаний ( текст программы). Возможность многократно повторить точно такое же содержание. Гиперссылки позволяют найти быстро нужную информацию.
<b>Наглядные:</b> демонстрация опыта, приема работы с приборами, экранная демонстрация	Натуральные объекты, модули, макеты, коллекции, таблицы, плакаты, схемы, иллюстрации, видеофильмы. Статичная демонстрация, наблюдение за неподвижными объектами.	Мультимедийный показ приемов и операций; виртуальное преобразование предметов в пространстве и плоскости; визуализация процессов, невозможных для рассмотрения в реальных условиях. Лучшее усваивается учебная информация, так как привлекаются все органы чувств.
<b>Практические:</b> упражнения, практические лабораторные работы	Учебные задания для практической работы. Учебная практика при выполнении упражнений, практических и лабораторных работ.	Виртуальное практическое действие, плоскостное и пространственное моделирование объектов, автоматизация отдельных операций. Происходит логическая обработка практического материала, уменьшается количество организационных моментов.
<b>Методы контроля:</b> Устный и письменный опрос, контрольная работа, самоконтроль и самооценка	Тестовое или контрольное задание, вопросы и проблемные ситуации. Проверка хода и результатов усвоения школьниками теоретического и практического учебного материала	Компьютерный инструктаж и контроль; быстрая и объективная оценка результатов; оперативная самооценка и коррекции результатов.

Появление мультимедийных технологий вывело взаимодействие компьютера и человека на новый уровень: сегодня ученик может просмотреть видеосюжет о различных явлениях, прослушать голоса природы, наблюдать физиологические процессы, стать участником экологической акции. Учитель на медиа-уроке играет ведущую и главную роль: он режиссер данного урока.

Существуют конкретные технологии проведения мультимедийных занятий. Я в своей работе использую наиболее интересную и доступную- технология урока- презентации. Пользуясь готовыми электронными уроками или учебниками, какими бы совершенными они не были, некоторые важные учебные элементы могут выпасть из поля зрения. Задача учителя в данном случае - сконструировать такой урок, который мог бы наиболее эффективно достичь поставленной цели. На смену наглядным пособиям (таблицам, схемам, рисункам в учебнике) приходят анимации, подвижные схемы, появляющиеся и исчезающие иллюстрации. Часто в практической деятельности учителя встречается необходимость некоторые наглядные пособия показывать не сразу, а в определенный момент. Компьютер позволяет выполнить видеоряд эффективно и в нужный момент. Овладев программой составления презентаций Power Point, учитель становится режиссером своего урока. Эта программа позволяет педагогу создать анимационный конспект урока, включать видео- и аудио фрагменты, изобразить в динамике какое – то явление, событие, провести эксперимент, смоделировать какой-либо процесс и т.д., что поможет ученику легче усвоить новый материал.

Мультимедийный урок типа «Презентации» имеет значительные преимущества, в том, что информация в нем преподносится:- графически выразительно (легче запоминается);- в сочетании с изображением, текстом и звуком (эмоциональное восприятие) и любым объемом информации. В течение нескольких лет использую такие мультимедийные уроки презентации по курсу «Анатомия человека» (8 класс), разработаны уроки по темам «Дыхание», «Строение и работа сердца» и др. в компьютерный урок включаю разный материал (текстовый, видеосюжет, схемы, иллюстрации). Исследования показали, что в ходе мультимедийного урока объем поданного и соответственно, усвоенного материала можно увеличивать без риска перегрузить учеников. Информация, продублированная через различные сенсорные пути, через текст, видео, график, звук, усваивается лучше и сохраняется гораздо дольше, согласно теории ассоциативного запоминания: память о событии будет тем прочнее, чем больше сенсорных раздражителей.

Таким образом, 1) в этих условиях необходима роль: психолого-педагогического анализа компоновки урока; 2) рационального распределения учебного материала по категориям сенсорного воздействия на

ученика.3) Компьютер не может полностью заменить учителя, но помогает облегчить его труд, заинтересовать детей, обеспечить более наглядное.новое восприятие учебного материала.4) Воспитательная функция мультимедийных технологий связана с формированием у школьников важных личностных качеств (аккуратность, ответственность, самостоятельность, творчество, коммуникативность). При компьютерном обучении каждый ученик получает возможность развития навыков исследовательской, в том числе моделирования биологических процессов разного уровня и направленности, разной степени сложности.5) Можно утверждать, что нет причин, препятствующих внедрению компьютера в учебный процесс. Анализ и обобщение результатов учебной и экспериментальной работы позволяет предположить, что при широком внедрении компьютеров в учебный процесс изменится сама технология обучения, а это приведет к пересмотру многих традиционных подходов в построении современного урока биологии.

#### **Компьютерные образовательные технологии в преподавании биологии**

Поскольку мультимедийные методы обучения обладают признаками словесных, демонстрационных и практических, их можно назвать комплексными. Следует подчеркнуть основную особенность комбинированных (мультимедийных) методов обучения – они сочетают в себе все каналы передачи информации. Информационная технология обучения – это педагогическая технология, использующая специальные способы, программные и технические средства (кино, аудио- и видеосредства, компьютеры, телекоммуникационные сети) для работы с информацией. Информационные технологии обучения представляют собой приложение информационных технологий для создания новых возможностей передачи знаний, восприятия знаний, оценки качества обучения и развития личности обучаемого в ходе учебно-воспитательного процесса. Для эффективного применения информационных технологий обучения учителю биологии в первую очередь необходимо ориентироваться в соответствующем программном обеспечении. Предметное обучение реализует в своей основе общие тенденции развития образования, и отражает такие явления, как увеличение интегративных процессов, углубление дифференциации обучения, фундаментальности содержания предмета. В значительной степени этому способствует технологизация обучения в условиях широкого внедрения новых информационных технологий в практику преподавания всего комплекса естественных наук и биологии, в частности. Компьютер может использоваться на всех этапах процесса обучения биологии: при объяснении (введении) нового материала, закреплении, повторении, контроле знаний, умений, навыков. При этом для ребенка он выполняет различные функции: учителя, рабочего инструмента, объекта обучения, сотрудничающего коллектива, досуговой (игровой) среды.

В функции учителя компьютер представляет: • источник учебной информации (частично или полностью заменяющий учителя и книгу) с учётом потребностей найти информацию энциклопедического характера; • наглядное пособие, при помощи которого возможно детальное изучение биологических объектов посредством виртуальной среды (качественно нового уровня с возможностями мультимедиа и телекоммуникации); • индивидуальное информационное пространство; • тренажер при подготовке к различного рода промежуточным и итоговым испытаниям; • средство диагностики и контроля. В функции рабочего инструмента компьютер выступает как: • средство подготовки текстов, изображений, мультипликаций и т. д., их хранения; • текстовый редактор; • графопостроитель, графический редактор; • вычислительная машина больших возможностей (с оформлением результатов в различном виде при помощи средств математической обработки и моделирования); • средство моделирования биологических процессов, явлений, действия законов. Функцию объекта обучения компьютер выполняет при: • программировании, обучении компьютера заданным процессам; • создании программных продуктов; • применении различных информационных сред.

Сотрудничающий коллектив воссоздается компьютером как следствие коммуникации с широкой аудиторией (компьютерные сети), телекоммуникации в сети Интернет. Использование новой компьютерной технологии открывает широкие возможности для развития принципиально нового обучения, которое становится управляемым, контролируемым и адаптированным к индивидуальным особенностям обучаемого. Внедрение информационных технологий может содействовать реорганизации обучения, существенному повышению его эффективности. С помощью этих систем можно давать успешно работающим учащимся дополнительный или факультативный материал, целенаправленно управлять соревновательным элементом, присутствующим в деятельности учащихся, осуществляя индивидуализацию и дифференциацию обучения. Давно доказано, что учащиеся по-разному осваивают новые знания. Ранее преподавателям трудно было найти индивидуальный подход к каждому ученику. Теперь же, с использованием компьютерных сетей и онлайн-овых средств, школы получили возможность преподнести новую информацию таким образом, чтобы удовлетворить индивидуальные запросы каждого ученика. Общеизвестно, что информационные технологии могут сделать процесс обучения более интересным, отвечающим реалиям сегодняшнего дня, предоставляя нужную информацию в нужное время. Одним из достоинств применения компьютера в обучении считается повышение мотивации учения. Не только новизна работы с компьютером, которая сама по себе нередко способствует повышению интереса к учебе, но и возможность регулировать предъявление учебных задач по уровню трудности, поощряя правильные решения, не прибегая к нравоучениям и порицаниям, которыми нередко злоупотребляют педагоги, позитивно сказываются на мотивации учения. Что же касается занимательности как источника

мотивации учения, то возможности информационных технологий здесь поистине неисчерпаемы, и основная задача, которая уже сегодня приобрела большую актуальность, заключается в том, чтобы занимательность не стала преобладающим фактором в использовании компьютера, не заслоняла собственно учебные цели. Учебный процесс во многом определяется ранее полученными знаниями, ожиданиями и результатами, которые формируют среду обучения, поэтому на современном этапе реформирования школ все большее внимание уделяется информатизации образования. Я считаю, что невозможно научить ребёнка, если ему не интересно, если он не увлечён процессом познания. Активная работа ученика на уроке - залог успешного обучения. Известно, что познавательная активность учащихся тем выше, чем сильнее их интерес к изучаемому предмету. В развитии интереса к учебному предмету нельзя полагаться только на содержание изучаемого материала, важны и методы, с помощью которых школьники вовлекаются в процесс познания. Использование новых информационных технологий в процессе обучения позволяет добиваться качественно более высокого уровня наглядности на уроках, значительно расширяет возможности активизации деятельности школьников, а непрерывная обратная связь оживляет учебный процесс, способствует повышению его динамизма, что, в конечном счете, ведёт к формированию положительного отношения учащихся к изучаемому материалу. Разнообразие источников информации создает ситуацию новизны и разнообразия и, несмотря на большую информационную насыщенность, такое занятие воспринимается учащимися с интересом и оставляет у них хорошее впечатление.

Опыт обучения детей биологии строится на ИКТ в трёх направлениях это:

1. Учебная деятельность 2. Внеклассная работа 3. Подготовка к ЕНТ.

Преимущества мультимедийных технологий, по сравнению с традиционными, многообразны: наглядное представление материала, возможность эффективной проверки знаний, многообразие организационных форм в работе учащихся и методических приемов в работе учителя. Многие биологические процессы отличаются сложностью. Дети с образным мышлением тяжело усваивают абстрактные обобщения, без картинки не способны понять процесс, изучить явление. Развитие их абстрактного мышления происходит посредством образов. Мультимедийные анимационные модели позволяют сформировать в сознании учащегося целостную картину биологического процесса, интерактивные модели дают возможность самостоятельно «конструировать» процесс, исправлять свои ошибки, самообучаться. Методические приемы используемые на уроках : - При закреплении материала или проверки домашнего задания отключаю звук в колонках и прошу ученика прокомментировать увиденный процесс или останавливая кадр, предлагаю продолжить дальнейшее протекание процесса с объяснением. - При изучении текстового материала с помощью диска предлагаю учащимся заполнить таблицу, составить краткий конспект, найти ответ на вопрос. -При изучении нового материала и его закреплении использую интернет. С помощью их учащиеся самостоятельно учатся добывать информацию. Проверяют свои знания с помощью лабораторных работ, тестов. Предлагаю учащимся самостоятельно подготовить к определенной теме презентацию и рассказать по ней материал. Этот вид работы развивает у детей речь, мышление, память, учит конкретизировать, выделять главное, устанавливать логические связи. В учебной деятельности широко применяются презентации учебного материала. Создаются Презентации, которые дают возможность демонстрировать организмы, их строение, жизнедеятельность и взаимоотношения с другими организмами. Использовать это можно на всех этапах урока, и при объяснении нового материала, и при закреплении, и для контроля знаний. Причем, на каждом этапе урока предоставляется возможность огромного выбора материала. При проведении урока в 5 классе по теме «Способы передвижения животных» я использовала презентацию «Функции и среда обитания животных». На уроке рассматриваются три основных способа движения: амебоидное, с помощью жгутиков и ресничек и мышечное движение. При изучении первого способа движения учащимся предлагается прочитать, что такое амебоидное движение в параграфе учебника, а затем посмотреть слайды, где показано движение амебы, снятое при помощи микроскопа. Конечно, увидев презентацию, учащиеся значительно лучше воспринимают данный материал. Они непродолжительны по времени, но дают прекрасную возможность увидеть на уроке тех животных, о которых идет речь. Затем я предлагаю ребятам вспомнить животных, имеющих жгутики и реснички. Мы рассматриваем их в учебнике и опять обращаемся к слайду, где показано движение инфузории туфельки и движение сперматозоидов животного. Основной способ движения в животном мире — это мышечное движение. При изучении темы: «Размножение птиц» демонстрирую ребятам презентацию «Гнёзда птиц», где они наглядно видят не только разнообразие гнёзд, но и узнают о том, из каких материалов строят гнёзда и наглядно убеждаются в том, что птицы являются искусными строителями. При изучении темы «Отряды насекомых» перед демонстрацией слайдов, ставлю перед ребятами задачи не только посмотреть презентацию, но и выявить общие черты сходства насекомых данного отряда, а затем заполнить необходимую графу таблицы «Характеристика отрядов насекомых» и т. д. Рассматривая на уроках экологические вопросы, нельзя не затронуть вопрос о том, что многие животные и растения занесены в Красную книгу. Одно дело услышать, другое дело посмотреть. И здесь на помощь мне снова приходит презентация. Многие презентации по редким видам животных готовили сами учащиеся. Очень удобно. Нет необходимости нести на урок Красную книгу, проносить её по классу, показывая картинки, или искать картинки с изображением тех, или иных животных. Это лишь некоторые примеры использования компьютерных презентаций на уроках. Имея коллекцию различных презентаций, исходя из темы урока,

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

цели и задач, корректирую материал презентации (просто показ, демонстрация с предварительным заданием, демонстрация с комментарием учителя или ученика и т.д.) Дети с удовольствием смотрят презентации, особенно если они сопровождаются анимацией и выполняют задания, которые даются мною перед просмотром.

Удобно применение компьютерных презентаций ещё тем, что появляется возможность подбирать наглядный материал в необходимом объёме. Можно материал корректировать: удалять ненужные слайды, добавлять новые, заменять иллюстрации на более удачные и т.д. Исходя из поставленных целей и задач урока, добавляется сопроводительный текст, анимации, классическую музыку, комментирование слайдов учащимися и учителем. Второй этап урока - закрепление нового материала осуществляю с помощью ИКТ. Даются основные тезисы урока, их можно увидеть на экране и прослушать аудиозапись. Учащимся предлагается прослушать их и записать в тетрадь. При проверке знаний ИКТ дает возможность проведения разнообразных тестовых заданий. Это и выбор правильного ответа, и выбор животных, использующих определенный способ движения, и вопросы о количестве конечностей и способах передвижения животного. Диск дает возможность увидеть правильность ответа и допущенные ошибки У меня есть серия образовательных программ, представляемых собой электронные учебные пособия по отдельным темам биологии, которые успешно применяю в практической работе при проведении лабораторных и контрольных работ. Также используются диски из данной серии: «Функции и среда обитания животных организмов», «Живой организм», «Анатомия и физиология человека». На этих дисках представлен и демонстрационный материал к урокам, и материалы для контроля знаний. Эти диски легко использовать на различных этапах урока. В теме «Нуклеиновые кислоты» наиболее сложным для понимания является структура ДНК и процесс репликации. Предлагается учащимся возможность при помощи вращения модели, ознакомиться с общим планом строения молекулы, освоить сложную структуру нуклеотида. Такая наглядность помогает оперативно усвоить строение и принципы, на основе которых выстраивается вся молекула ДНК. Важным пунктом использования ИКТ технологий становится подготовка к ЕНТ. Она начинается с выполнения тестовых заданий на уроках биологии. Тесты могут быть представлены в электронном виде и использоваться в интерактивном режиме. Такая подготовка учащихся способствует выработке навыка работы с тестовыми заданиями и подготовке к ЕНТ. Есть множество дисков для подготовке к ЕНТ. На данных дисках предлагаются варианты компьютерного тестирования по предмету. Используются эти тесты как на уроках биологии, а так и для самостоятельной работы. Китайская мудрость гласит - «Скажи мне, и я забуду, покажи мне, и я запомню, дай мне сделать самому и я пойму». Школа должна подготовить своих выпускников к жизни и деятельности в информационном обществе. Использование ИКТ на уроках биологии это маленькая крупица в подготовке учащихся к будущей жизни в информационном обществе.

### **Литература**

1. Шкаев А.В. Руководство по работе на персональном компьютере. Справочник. М.- Радио и связь, 1994.
2. Шафрин Ю.А. Основы компьютерной технологии.- М.: АБВ, 1997.
3. Симонович С.В., Евсеев Г.А. Практическая информатика. Учебное пособие.-М.: АСТпресс, 1999.
4. Молянинова О.Г. Мультимедиа в образовании (теоретические основы и методика использования): Монография. -Красноярск: Изд. КрасГУ. 2002. 300 с.
5. Шлыкова О.В. Культурный феномен мультимедиа и его возможности для учебного курса в гуманитарном вузе // Ученые записки Московского гуманитарного педагогического института. М. 2003. С. 144-152

### *Түйін*

*Бұл жұмыстың мақсаты болып табылады ашу қажеттігі пайдалану мультимедиа биология сабақтарында қазіргі заман мектебінде. Маңызы туралы презентация биология пәнін. Енгізу өз бетімен ақпаратты іздеу, интернет - ресурстарында; іскерліктер алған ақпаратты талдау және жүйелеу. Оқыту дербес жұмыс жасау бойынша өз ойларын айтты. Компьютерлік технологияны пайдалану бойынша ҰБТ-ға дайындық жосары сыныптарда.*

### *Summary*

*The use of multimedia in lessons of biology in modern school the aim of this work is to reveal the need. Presentation of the importance of biology. The introduction of their own search information, Internet resources; the ability to analyse and to systematize obtained information. Training work independently on creating their presentations. The use of computer technology to prepare for the UNT in high school.*

## **СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Заманауи кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, студенттердің болашақ кәсіби қызметке психологиялық және коммуникативтік дайындықты зерттеу өзекті мәселе болып келеді. Қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби және мамандықтың қыр-сырына үңілуге психологиялық және коммуникативтік дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби қалыптастыру, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді.

Қазіргі уақытта жас мамандар, ЖОО, колледж түлектері, ғылыми-техникалық жұмыскерлер – зиялы қоғамның тобын сипаттайды. Олардың әрекеті материалдық құндылықтарды құруға, алдыңғы қатарлы технологияларды, ғылыми-техникалық прогрессті іргелі жылжытуға, өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Олардың кәсібилілігінен елдегі технология мен ақпараттандырудың өсу жылдамдығының тәуелділігі артады. Сондықтан студенттердің болашақ кәсіби қызметтегі психологиялық дайындығын зерттеу жұмысының мәселесі қазіргі таңда ең үлкен қызығушылықтарды тудыруда. Болашақ мамандардың жеке тұлғалық кәсібилігін және іс-әрекетін табысты қалыптастыру олардың еңбекке деген дайындығына негізделеді. Ғалымдармен кешенді психологиялық білім беру және кәсіби іс-әрекетке дайындықтың негізгі бөлігі психологиялық дайындық болып келеді. Кешенді психологиялық білім беру ретінде, сонымен қатар оның функционалды, операциялды және жеке тұлғалық компоненттерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Егер анықтаушы құрамдас – кәсіби ойлау болса, онда психологиялық тұтастықтың қалыптасуы талдау тәсілдерін оқытудан тұрады (М. М. Кашапов). Кәсіби бағыттылық пен кәсіби қабілеттердің қалыптасуындағы психологиялық дайындықты анықтайды (В. Г. Кузнецов, М. А. Паламарчук, С. Ф. Ступницкая).

Психологиялық дайындықтың қалыптасуының теориялық негіздері Д. Хаймз, А. Холлидей, Л. М. Митина, А. К. Михальскаяның еңбектерінде сипатталып кеткен. Түрлі ғылым облысындағы ғалымдар қарым-қатынас пен коммуникация мәселелерін зерттеумен айналысты: философияда (Г. Ф. Гегель, Н. О. Лосский, М. С. Каган және т.б.), психологияда (Л. С. Выготский, Б. Г. Ананьев, А. А. Бодалев, Л. И. Божович және т.б.), психолингвистикада (А. А. Леонтьев, Н. И. Жинкин, Р. М. Фрумкина және т.б.), педагогикада (А.М. Баскаков, А.С. Макаренко, А.В. Мудрик, И.С. Кон және т.б.). Студенттерді кәсіби даярлауда психологиялық тренингтердің тиімділігі жоғары.

Жалпы «тренинг» терминінің нақты анықтамасы болмағандықтан, психологияда әр түрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде кеңінен қолданылады. «Тренинг» термині (ағылшынның train, training сөздерінен) оқыту, тәрбиелеу, жаттықтыру, үйрету сияқты бірқатар мағынаны білдіреді. Ю.Н. Емельянов тренингке іс-әрекеттің кез келген қиын түрін игеру мен оқыту қабілеттілігін дамыту әдістерінің топтамасы деген анықтама береді. Тренинг адам бойында қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттерді басқару модельдерін қайтадан қалыптастыру тәсілі ретінде қолданылады және тренингке ұйымның жоспарлы белсенділігін арттыра түсу үшін оның мүшелерінің кәсіби білімі мен қабілеттілігін көтеруге бағытталған, сондай-ақ тренингті жеке тұлғаның мінез-құлқын ұйымның мақсаты мен іс-әрекеттерінің талаптарымен сәйкес тәсілдерге сай өзгертудің бір бөлшегі деп қарастыруға болады. Қазіргі уақыт талабы - білімді, саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол, қоғамда өз орнын таба білетін тұлға қалыптастыру. Жеке тұлға дегеніміз – адамның психикалық рухани мәдениеті. Тұлға мәселесі қай уақытта да өзінің сан қырлы жақтарымен заман талабынан түскен емес. Бала алдымен тәрбиешісіні пір тұтады. Оның бейнесі – болашақтың бейнесіндей әсер етеді. Мұғалімнің жүріс-тұрысы, ақыл-ой өрісі, іс-әрекеті, тәрбиесі мен шеберлігі оқушы психологиясына қатты әсер етеді. Жеке қасиеттері арқылы әсер етумен қатар мұғалім үшін оқушының қызығушылығы, бейім-қабілеті және басқа да психологиялық ерекшеліктері басты орында болуы тиіс. Осы ерекшеліктерді ескеру мен дамыту оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады.

Психология ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілеті жоқ адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті де баланың қабілетін кеңінен өрістетуге дамытуға мектеп мақсатты түрде ықпал ете алады. Олар өте сезімтал, нәзік, мұғалімнің жылы жүзін, күлімсіреген көз жанарын, көңіл-күйінің жайдары, жайсаң болуын тілейді. Осы қалыпты ұстаған мұғалімнің оқушысы ешқандай психологиялық ауытқушылыққа ұрынбайды. Психологиялық денсаулықтың дұрыс дамуы көңіл-күйге байланысты деуге де болады. Психологиялық тұрғыдан алғанда адамдарға сеніммен қарау балаға қажетті аса маңызды қасиет. Осы кезде балада үлкендердің талап-тілегінен шығуға деген тырысушылық, үлкендердің көзіне түсуге деген талпыныс байқалады. Бала үлкендерге ұнауға талпыныс білдіре отырып, мінез-құлық ережелерін орындауға



## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

ұмтылады. Осы ұмтылыс барысында оның бойында ар-ұят сияқты адамгершілік сезім пайда болады. Физиологиялық жағынан дамытуда сабақ үстінде бірнеше жаттығулар жасауға болады. Жаттығулар баланың денсаулығына ғана емес, көңіл-күйіне де әсер етеді. Түр-тұлғасына қатысты қиыншылықтар туындайды. Қазіргі таңда адамдардың өздеріне деген сенімсіздік төмендеп барады. Әсіресе жастардың арасында өзіндік бағалау өте көп кездеседі. Неге ұзынмын/қысқамын? секілді сұрақтар туындайды, өзін ұнатпау байқалады.

Егер, дұрыс мағлұмат бермеген болсаңыз, бала өз бойындағы өзгерістерден ұялып, жалғыз қалуға немесе достарымен көбірек уақыт өткізуге құштарлық танытуы мүмкін.

Жеке тұлғаны жан-жақты білімді, саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол, қоғамда өз орнын таба білетін тұлға қалыптастыру ол педагог-психологтың міндеті. Жеке тұлға дегеніміз – адамның психикалық рухани мәдениеті. Тұлға мәселесі қай уақытта да өзінің сан қырлы жақтарымен заман талабынан түскен емес.

Бала алдымен тәрбиешісін пір тұтады. Оның бейнесі – болашақтың бейнесіндей әсер етеді. Мұғалімнің жүріс-тұрысы, ақыл-ой өрісі, іс-әрекеті, тәрбиесі мен шеберлігі оқушы психологиясына қатты әсер етеді. Жеке қасиеттері арқылы әсер етумен қатар мұғалім үшін оқушының қызығушылығы, бейім-қабілеті және басқа да психологиялық ерекшеліктері басты орында болуы тиіс. Осы ерекшеліктерді ескеру мен дамыту оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады.

Дүниедегі ең тамаша туынды- тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Баланы бастан демекші, мектепке алғаш келген балаға дұрыс тәрбие беру, ауытқушылықтан сақтап қалу мұғалімнің міндеті. Жақсы тәрбиемен есейген бала, ол қашанда біздің қуанышымыз.

Психология ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілеті жоқ адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті де баланың қабілетін кеңінен өрістетуге дамытуға мектеп мақсатты түрде ықпал ете алады.

Олар өте сезімтал, нәзік, мұғалімнің жылы жүзін, күлімсіреген көз жанарын, көңіл-күйінің жайдары, жайсаң болуын тілейді. Осы қалыпты ұстаған мұғалімнің оқушысы ешқандай психологиялық ауытқушылыққа ұрынбайды. Психологиялық денсаулықтың дұрыс дамуы көңіл-күйге байланысты деуге де болады.

Педагог әрқашан өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын, адамдармен, әсіресе, оқушылармен қарым-қатынас тез түсе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік білетін әрі уағыздаушы, әрі таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамдағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі болуы керек.

Болашақ ұстаздың педагогикалық, психологиялық мамандыққа өзін-өзі бағыттап, жұмысыты ұйымдастыруы педагогикалық шеберлік негіздерін білумен шарттас. Бұл саланы зерттеуші ғалымдардың пікірінше педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінеді:

- педагогикалық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылығы;
- педагогикалық кәсіби білгірлігі;
- педагогикалық іс-әрекетке бейімділігі;
- педагогикалық техникасы.

Бұл аталған педагогикалық шеберлік жүйелері бір-бірімен тығыз байланысты. Болашақ психолог бірнеше негізгі қызметтерінді білу керек. Белгілі жұмыс істер алдында ЖОО-н қабырғасында тәжірибе ретінде тренингтер жүргізу, оның шешімін қортындылауды. Сонымен қатар, ата – аналармен педагогикалық – психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу, тәрбиенің жекелеген мәселелері бойынша тәрбиелік іс – шаралар ұйымдастыру, жеке және топтық педагогикалық – психологиялық кеңестер беру сияқты үдерісте тренингтік технологияларды пайдалу. Әрине, тренинг жүргізер алдында түрлі бағыттағы бақылау қорытындыларының да болуы маңызды. Мысалы,:

- студенттің тәртібі мен үлгірімін сабақта және сабақтан тыс уақытта бақылау
- студент немесе оқушы қызметіне талдау жасау (әр пән бойынша білім деңгейіне, жұмыс дәптерлеріне, жазған шығармаларына т.б)
- студент немесе оқушы жеке байланыс жасау (сұхбаттасу, пікір алысу, тест алу, эссе жаздыру, сурет салдыру, хат жаздыру

- достарымен кездесу, пікірлесу, кездесуге шақыру
- ата – анасымен байланыс ( қызметі, отбасы тәрбиесі, өскен ортасы)

Бірақ бала бойында бүгін байқалмаған қасиет ертең көрінуі де мүмкін. Сондықтан бақылау нәтижелері маңызды болғандықтан күнделік жүргізуді де жүйелі жолға қою керек деп есептеймін.

Жалпы тренингтік технологиямен жұмыс жасау барысында бірқатар принциптерді басшылыққа алсақ, еңбегіміз нәтижелірек болмақ. Олар: Белсенділік принципі, зерттеушілік принципі, мінез – құлықты нысаналау принципі, әріптестік қатынас принципі т.б.

Тренинг барысында тренингке қатысушылар арнайы талқыланған іс - әрекетке белсенді қатысуы қажет. Неғұрлым қатысушыларды белсенділігі жоғары болса, тренинг соғұрлым нәтижелі болмақ. Сондықтан тренинг алдында қатысушылардың психологиясына әсер етіп, тиімділігіне назар аудартып, қызығушылығын арттырып алу керек. Қажет болған жағдайда өмірден жанды мысалдар келтіру де тренингтің нәтижелі болуына әсер етпей қалмайды. Бұл принцип адам естігенінің 10 пайызын, көргенінің 50 пайызын иегерді деген қағидаға сүйенеді.

## ***М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері***

Бұл ұстанымның маңыздылығы – тренинг барысында қатысушылар психологиялық ойларды зерттейді, талдайды және өз бойындағы жеке мүмкіндіктер және ерекшеліктермен салыстырады, қорытынды шығаруға мүмкінді болады. Осы принциптерді жүзеге асыру барысында қатысушылар арасында түрлі қарсы пікірлер болуы мүмкін. Тренинг соңында біржақты пікірлер талданып, ортақ пікір ортасы қалыптасуы керек. Тренинг жүргізуші топта екі жақты байланысты орната алса ғана тиімдірек болады. Себебі, екі жақты байланыс мінез – құлықты нысаналаудың негізгі құралы болмақ. Бұнда ең бастысы, қатысушылардың әрекетке деген қызығушылығын тудыру. Егер тренингке қатысушылар өз мінез – құлықтарын жасырмай, аша түссе тиімдірек болады.

Бұл айтылған психологиялық ұстанымдар болашақ психолог студенттердің психологиялық тренинг жұмысының алғышарты іспеттес. Жалпы, оқу – тәрбие үдерісіндегі белсенді технологиялардың нәтижелі жұмыс жүргізуге тиімділігі мол. Ал, соның ішінде психолог үшін шығармашылықпен мазмұнды ұйымдастырылған тренингтердің тиімділігі ерекше.

Студенттерді кәсіби даярлау барысында жүргізілетін психологиялық тренингтер екі топқа бөлінеді: коммуникативті және тұлғалық өсу.

**1. Коммуникативті тренингтердің** мақсаты – сізді алуан түрлі өмірлік жағдайларда адамдармен қалай қарым – қатынас жасау керектігін үйретеді. Бұл жерде біз адамдармен қарым – қатынас жасау барысында туындайтын алуан – түрлі қиын мәселелерді шешуді үйренеміз. Осыған байланысты өмірлік жағдайға сәйкес келетін неше түрлі жаттығулар орындалады, оларды орындай отырып, біз басқа адамдармен қарым – қатынасымызды реттеуді, оларды түсінуді, жақсырақ білуді үйренеміз.

**2. Тұлғалық өсу тренингтері** коммуникативті тренингтерге ұқсас келеді, алайда, бұл жердегі басты мақсат – тренингке қатысушылар өздерінің қоқыныштары мен кемшіліктерін ұғынып, оны жеңуді үйренеді. Тренингте сіз алдыңызға қойған мақсаттарға жетуге кедергі болатын өзіңіздің бойыңыздағы күйзелістер мен кемшіліктерді анықтап, олардан құтылуға тырысасыз. Тренингтың арқасында адам өзінің жағымды жақтарын тани біліп, соларды қолдануды үйренеді.

Сонымен, психологиялық тренинг адам бойында қалыптасқан мінез – құлық пен іс - әрекеттерді басқару модельдерін қайтадан қалыптастыру тәсілі ретінде кең қолданылады. Осындай тренингтерді ұйымдастыру студенттердің топтағы қарым -қатынастарын нығайтады, оқу процесіне және жеке тұлға ретінде дамуына және кәсіби жетілуіне септігін тигізеді.

### **Әдебиеттер**

1. Эмиралы Г. Нам нужен тренинг // Персонал. - 2008. - №2. - С.9-11.
2. Дисненко В.Р. Социально-психологический тренинг общения для подростков "Понять себя и других" // Вестник психосоциальной и коррекционно-реабилитационной работы. - 2008. - №1. - С.60-69.
3. Рогов М. Г. Системно-деятельностный подход исследованию ценностно-мотивационной сферы личности в процессе ее профессионализации.// Системные исследования в общей и прикладной психологии. Сборник научных трудов/институт управления, Москва. – 2000 г. с.32.
4. Жоғары оқу орнында студенттердің құзырлығын қалыптастыру мәселелері. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2009, №2 (67)– Б.265 - 270.
5. Захарова Н. Психологические основы подготовки к профессиональной деятельности: Дис. док. пс. н. 19.00.01. Текст. / Л.Н.Захарова - Н.Новгород, 1997. - 463 с.

### *Резюме*

*В статье рассмотрены возможности и эффективность проведения психологического тренинга в профессиональном и личностном становлении студентов в системе образования*

### *Summary*

*The article describes the capabilities and effectiveness of the psychological training in professional and personal formation of students in the education system*

Нысанов Е.А., Буркитбаева Н.С., Ыдырысбаев Д.У.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

### ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАР ӘДІСІМЕН ДЕРЕКТЕРДІ СЫЗЫҚТЫ АППРОКСИМАЦИЯЛАУ ҮШІН ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒДАРЛАМА ҚҰРУ

**Аңдатпа:** Мақалада ең кіші квадраттар әдісімен деректерді сызықты аппроксимациялау үшін қолданбалы бағдарлама құру ерекшеліктері қарастырылған. Ең кіші квадраттар әдісінің теориялық негіздері келтіріліп, мысалдар арқылы жан-жақты талдау жасалған. Бағдарламаны басқа тілдерде құру мүмкіндігі үшін блок-схемасы берілген.

**Кілттік сөздер:** ең кіші квадраттар әдісі, аппроксимациялау, функциялық тәуелділік, полином, ауытқу.

Тәжірибе барысында өлшеу нәтижелері кейбір функциялық тәуелділіктің кестесі түрінде анықталады:

$x_j$	$x_0$	$x_1$	...	$x_m$
$y_j$	$y_0$	$y_1$	...	$y_m$

Міне, осы функциялық тәуелділікті аналитикалық түрде сипаттайтын  $y = \varphi(x)$  функциясын табу қажет. Мұнда, тәжірибеден алынған тәуелділіктің сипатын (сызықты, дәрежелік, сызықты-рационал, көрсеткішті, логарифмдік, экспоненциал, гиперболалық т.б.) ескеріп,  $y = \varphi(x)$  функциясының түйін нүктелеріндегі мәнінің кестедегі мәндерінен ауытқуы барынша аз (тең бөлу міндетті емес) болу талабы қойылады. Мұндай функцияның аналитикалық өрнегін табудың кеңінен тараған әдістерінің бірі – ең кіші квадраттар әдісі [1-3].

Есептің қойылуы: берілген  $(x_0, y_0), (x_1, y_1), \dots, (x_m, y_m)$  сандар жиыны бір айнымалы  $x$ -ке,  $n+1$  параметрлері  $a_0, a_1, \dots, a_n$  тәуелді және берілген  $[a, b]$  аралығының (мәндер жиынында) сәйкес  $x_0, x_1, \dots, x_m$  нүктелеріндегі  $y_0, y_1, \dots, y_m$  мәндерінен айырымдарының квадраттарының қосындысы

$$S = \min \left( \sum_{i=0}^m [\varphi(x_i, a_1, \dots, a_n) - y_i]^2 \right) \quad (1)$$

мейлінше аз болатын

$$y = f(x, a_0, a_1, \dots, a_n) \quad (2)$$

функциялық тәуелдікті табу қажет. Бұл есеп функцияны ең кіші квадрат әдісімен жуықтап өрнектеу (аппроксимациялау) деп аталады.

Аппроксимациялаушы полиномды құру үшін оның  $a_0, a_1, \dots, a_n$  коэффициенттерін  $S$  ауытқуының шамасы барынша аз болатындай етіп анықтау қажет.

$$S(a, b, \dots, c) = \sum_{k=1}^n [y_k - \varphi(x_k, a, b, \dots, c)]^2 \rightarrow \min \quad (3)$$

Бұл жерде функция  $a, b, \dots, c$  айнымалылары бойынша оң анықталады, демек әрдайым функция минимумға ие.

Егер  $n=m$  болса, интерполяциялау есебі (3) функциясының минимум мәнін қабылдайтын нүктесінде оның  $a, b, \dots, c$  параметрлері бойынша дербес туындылары нөлге тең болуы қажет:

$$\frac{\partial S}{\partial a} = 0, \quad \frac{\partial S}{\partial b} = 0, \quad \dots, \quad \frac{\partial S}{\partial c} = 0 \quad (4)$$

немесе



*М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

$$z_2 = \sum_{k=1}^n x_k = 1+2+3+4=10,$$


$$f_1 = \sum_{k=1}^n x_k y_k = 1*3+2*5+3*7+4*9=70,$$

$$z_3 = 4, \quad f_2 = \sum_{k=1}^n y_k = 3+5+7+9=24,$$

$$\left. \begin{array}{l} 30a + 10b = 70 \\ 10a + 4b = 24 \end{array} \right\} \Rightarrow \left. \begin{array}{l} 3a + b = 7 \\ 5a + 2b = 12 \end{array} \right\} \Rightarrow \left. \begin{array}{l} 6a + 2b = 14 \\ 5a + 2b = 12 \end{array} \right\}$$

$$a = 2, \quad b = 1, \quad y = 2x + 1.$$

Ең кіші квадраттар әдісімен сызықты аппроксимациялау алгоритмі және бағдарламасы [4-6].



PROGRAM METHALIN;

```
CONST NN=40;
VAR N,K,Z3:INTEGER;
Z1,Z2,F1,F2,D,DA,DB,A,B:REAL;
X,Y:ARRAY[1..NN] OF REAL;
BEGIN WRITE('N='); READ(N);
FOR K:=1 TO N DO BEGIN
WRITE('X[' ,K,']='); READ(X[K]);
WRITE('Y[' ,K,']='); READ(Y[K]);
END;
Z1:=0; Z2:=0; Z3:=N;
F1:=0; F2:=0;
FOR K:=1 TO N DO BEGIN
Z1:=Z1+SQR(X[K]);
Z2:=Z2+X[K];
F1:=F1+X[K]*Y[K];
F2:=F2+Y[K];
END;
D:=Z1*Z3-SQR(Z2);
DA:=F1*Z3-F2*Z2;
DB:=Z1*F2-Z2*F1;
A:=DA/D; B:=DB/D;
WRITE('A=',A,' B=',B);
END.
```

#### Әдебиеттер

1. Ракидин В.И., Первушин В.Е. Практическое руководство по методам вычислений. –М.: Высшая школа, -1998. -383с.
2. Бахвалов Н.С., Жидков Н.П., Кобельков Г.М. Численные методы. –М.: Наука, -1987. -268с.
3. Копченова Н.В., Марон И.А. Вычислительная математика в примерах и задачах. –М.: Наука, 1972. -368с.
4. Тарасевич Ю. Информационные технологии в математике. - М.: СОЛОН-Пресс, 2003. - 144 с.
5. Масанов Ж. Қ., Бельгибаев Б. А., Бижанова А. С., Мақұлов Қ. Қ. Turbo Pascal. Үш бөлімнен құралған оқу құралы. II-бөлім. Алматы: «Бастау» баспасы, 2004.-211 б.
6. Фаронов В. В. Turbo Pascal 7.0. Начальный курс. Учебное пособие. – М.: Нолидж, 2001. – 576 с.

<sup>1</sup>Нышанова Ж.Т., <sup>2</sup>Бейсенбаев О.К.

<sup>1</sup>№38 Н.Д.Ондасынов атындағы мектеп – гимназиясы,

<sup>2</sup>М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

#### АРОМАТТЫ КӨМІРСУТЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ АЛЫНҒАН МАЙЛАРҒА ДЕПРЕССАТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

**Аңдатпа:** Қазіргі уақытта базалық майларға арналған депрессаторлар алудың тиімді жолдары қарастыру өзекті мәселердің бірі болып табылады. Депрессаторлардың қолдануы ең алдымен парафинді көмірсутектердің кристалдану процесіне әсерін тигізеді.

Қазіргі заманғы майлар сырттан келетін аса жоғары механикалық және термиялық әсерлерден болатын тозуға, тоттануға және жарамсыз болып қалады. Бұндай майлардың жұмысқа жарамдылығы, энергиясы төмендейді. Майлардың қасиетін жақсартудың жақсы екі тәсілі бар;

–базалық май қасиетін жақсарту;

–қосындыларға май депрессаторларын қосу;

Бұл жұмыста Құмкөл кен орындары мұнай дистилляттарына қалдық майлар негізінде алынған депрессаторлардың әсері зерттелінді. Депрессатордың оптималды концентрациясы, депрессатор енгізу кезіндегі тиімді температура анықталды.

**Кілттік сөздер:** депрессатор, майлар, госсиполды шайыр, гудрон, поликонденсация, сульфурлеу, қату температурасы, ароматты, парафинді көмірсутектер.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мұнай майларына арналған ұтымды, жаңа депрессаторлар алу және пайдалану өзекті мәселердің бірі болып отыр. АҚШ-та, Ресейде, Европа елдерінде майлардың қасиеттерін жақсарту мақсатында депрессаторлар қолға алынған, тәжірибеде бар. Қазіргі алынып, пайдаланысқа беріліп отырған мұнайдың сапасы жылдан – жылға төмендеп келеді. Оның себебі бір жағынан мұнай кен орындары

## М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері

көптеп ашылып, өңделуінде болса, екінші жағынан өнімнің аз көлемі бар жерлерден кен орындарының ашылуында.

Көп жағдайларда майлар, тіпті ең соңғы технологияларды қолданып тазаланып отырған болса да, тұтынушылардың барлық сұранысына сай келмейді екен. Сол себептен алдыңғы қатарда дамыған елдердің біразында базалық майларға - тазаланған мұнай фракцияларына – әр түрлі депрессаторлар қосып пайдаланады. Депрессаторлар тек майдың экскулатациялық ерекшелігін жақсартып қана қоймайды, пайдалануын экономикалық тиімді етеді.

Техниканың барлық салаларында қолданылатын қозғалтқыш двигателдерінің техникалық жетілдірілу мүмкіндіктері мотор майларының ұтымды жасалынып шығарылатын, жақсартылған функционалды ерекшеліктеріне тікелей тәуелділікте болады.

Қазіргі заманғы майлағыштардың, оларға сырттан салынатын аса жоғары механикалық және термиялық жүктемелердің әсерінен болатын тозуға, тоттануға және жарамсыз болып қалуға ұзақ уақыт бойы қарсы тұра алатын, жоғары төзімді ерекше қасиеттері болады, бұл қасиеттер майлардың қалыпты агрегаттық жұмыс істеуін бір қалыпты сақтап, энергиясының төмендемеуін қамтамасыз етеді.

Майлаудың қасиетін жақсартудың жақсы екі тәсілі бар;

– базалық май қасиетін жақсартып оны алу

– қосындыларға май присадкасын қосу.

Присадкалар (additives) – синтетикалық химиялық қосылыс, базалық майдың табиғи эксплуатациясын жақсартып, қасиетін сақтайды.

Моторлы майларға қосылатын барлық присадкалар типтері: турбиналы, компрессорлы, коррозияға қарсы, депрессорлы, трансмиссионды және біршама индустриалды майлар.

Майларға келесі типтік присадкалар қосылады: қышқылға қарсы, коррозияға қарсы, депрессаторлы, тығыздықты, тозуға қарсы, жуғыш, немесе күйікке қарсы, көбікке қарсы, көп функционалды.

Депрессаторлар – молекулаларының құрамына алкилфенолдар, күкірт, фосфор, оттегі, азот, металдар (кальций, барий, магний, қалайы) кіретін күрделі химиялық заттар. Присадкалар молекулаларының құрамына гетероатомдар мынадай күрделі топтар, мысалы, ксантогенатты ( I ) немесе екіфосфатты ( II ) күйінде кіреді.

Мұнай- әр түрлі көмірсутегілердің қосындысынан тұратын, сұйық зат. Мұнай

1) құрамында 2 % парафин болса, парафинді.

2) құрамында 1-2 % парафин болса, аз парафинді.

3) құрамында 1 % -дан аз парафин болса, парафинсіз

Өндірілетін мұнайдың құрамында парафин кездеседі, бірақта әртүрлі көлемде болады. Құмкөл мұнайының майлы дистилляттарын зерттеу нәтижесінде келесі көрсеткіштер анықталды, олар 1- кестеде көрсетілген. Бұл фракциялар аз шайырлы және сәйкесінше 72,5 %, 78,3% парафинді – нафтенді көмірсутектерден тұрады. Майлы дистилляттардың үлгілерін зерттегенде мұнай өнімдерінің физико- химиялық қасиеттері олардың фракциялық құрамына байланысын көрсетті.

Сонымен екінші ретгі айдалған майдың фракциясы (фракция 420<sup>0</sup> – 480<sup>0</sup>С) үшіншімен (480<sup>0</sup> – 500<sup>0</sup>С) салыстырғанда тығыздығы, кинематикалық тұтқырлығы, сыну коэффициенті, кату температурасы және орта молекулалық массасы едәуір төмен көрсеткіштерге ие болады.

Үшінші айдау фракциясының тұтқырлық- массалық константасы, сыну коэффициенті, меншікті дисперсиясы, анилинді нүктесі көрсеткіштерінің мәндері, осы фракцияның ароматтылығының дәрежесі жоғары екендігін көрсетеді және бұл мәліметтер жұмыстың зерттеу барысында дәлелденген.

1 – кесте. Құмкөл мұнайының негізгі реологиялық және физико- химиялық сипаттамасы.

№	Көрсеткіштердің аталуы	420 <sup>0</sup> – 480 <sup>0</sup> С-та айдалған екінші май фракциясы	480 <sup>0</sup> – 500 <sup>0</sup> С-та айдалған үшінші май фракциясы
1	Тығыздығы $\rho_{D}^{50}$	0,8851	0,9016
2	Сыну коэффициенті $n_{D}^{50}$	164780	164850
3	Тұтқырлығы, сС т	$\nu_{50}$	14,9
		$\nu_{100}$	4,1
4	Тұтқырлық- массалық константа	0,837	0,849
5	Рефракция	1,0475	1,0462
6	Қату температурасы, С <sup>0</sup>	27.5	35.0
7	Орта молекулалық массасы	340	410
8	Меншікті дисперсияс	140	151
9	Анилинді нүкте, С <sup>0</sup>	90	97

*М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

10	Топтық химиялық құрамы %	Парафин-нафтенді көмірсутектер	78,3	72,3
		Жеңіл ароматты көмірсутектер	8,8	9,9
		Орта ароматты көмірсутектер	5,5	6,2
		Ауыр ароматты көмірсутектер	6,0	8,5
		Шайырлар	1,4	2,9
Топтық құрылымдық құрамы %	C <sub>P</sub>	59	53,5	
	C <sub>N</sub>	30	35,5	
	C <sub>A</sub>	11	11	
11	Тұтқырлық индексі		-	83

Зерттеліп отырған үлгілердің ароматтық құрамындағы көміртегі мөлшері бірдей екенін анализ нәтижелері көрсетіп отыр. Бірақ үшінші айдалған май фракциясының құрамындағы нафтенді көміртектердің саны майдың топтық химиялық құрамының жоғары сыну коэффициентін көрсетті.

Бұл жағдайда депрессаторларды қолдану экономикалық тиімді және оның үлкен перспективасы бар.

Әдеби шолулардан бізге белгілі болғандай, депрессаторлардың максималды көрсеткіші майдың қату температурасының төмендігімен анықталады.

Химиялық табиғаты бойынша майларға арналған депрессаторлар полимер заттар болып келеді. Депрессатордың концентрациясы оны қолданудың мақсатына байланысты. Жоғары парафинді майларға депрессаторларды қосу кезіндегі температура диапазоны 50<sup>0</sup> -70<sup>0</sup> болады.

Құмкөл кен орындарының мұнайы жоғары парафинді мұнайларға жатады. Сондықтан осы уақытта қосылып келген депрессаторлардың қолдануы әр жағдайларда әсері төмен болғандықтан, өсіп келе жатқан сұраныстарды қанағаттандыра алмай келеді.

Жоғары эффектілі депрессаторлардың бірі болып, табиғи, яғни сұйық майлардың шайырлы компоненттері негізіндегі депрессаторлар болып есептеледі.

Сол себептен Құмкөл кен орындарының базалық майларының эксплуатациялық қасиеттерін жақсарту үшін мұнай және май өнеркәсібінің қалдық тары негізінде депрессаторлар алу қарастырылған.

Май өнеркәсібінің қалдығы дегеніміз – ол мақта майын алу үшін май қышқылдарын вакуумді дистилляциядан өткізу процесінің өнімі – госсиполды шайырлар. Бұл қара- қоңырдан қара түске дейінгі, біртекті тұтқыр зат. Госсиполды шайырдың қалыпты құрамы (Шымкент май өңдеу комбинаты): 98,29 % органикалық заттар; 1,71 % бейорганикалық заттар; 100 % эфирде еритін заттар; қышқылдық саны 68,5 мг КОН/г ; йодты саны 97г; сабындану саны 200мг КОН/г; эфирлі саны 135 мг КОН/г; гидроксильді саны 91%; сабындану кезінде бөлінетін май қышқылдары 52 ден 64%-ға дейін, қалған бөлігі – госсиполдың конденсациясы және полимеризациясы кезінде түзілетін өнімдер. Госсиполды шайырдың қасиеттері бастапқыөнімнің қасиетіне, майлардың ыдырау кезіндегі технологияның сақталуына, май қышқылдарын алу кезіндегі дистилляцияның тереңдігіне және басқа да факторларға байланысты.

Госсиполды шайырдың құрамында 12 % азотты қосылыстар, 36% госсиполдың өзгеруі кезіндегі өнімдер, және 64 % май және оттекті май қышқылдары бар. Бос май қышқылдарының басқа ди- және триглицеридтер құрамында да болатын қышқылдар кездескен.

Осы май өңдеу комбинатының қалдық өнімі госсиполды шайырды және гудронды 80<sup>0</sup>-90<sup>0</sup> температура шамасында, сілтілік ортада 2 – 2,5 сағат поликонденсациялау реакциясы кезінде ДПМ – 3 депрессаторы алынды. Бұл реакция кезінде бір уақытта госсиполды шайырдың әрі сабындануы, әрі поликонденсациясы өтеді.сабынданбайтын фракцияларға вакуумды – буландыру аппараты арқылы уайт-спирит енгізеді. Алынған аралық өнімнің құрамында 60 -70% натрий тұздары және C<sub>11</sub> – C<sub>17</sub> аралығындағы қанықпаған май қышқылдары болады. Бұл аралық өнімнен біртекті зат алу үшін натрий сульфитін қосады.

Құмкөл кен орындарының базалық майларының қату температурасы қосылатын депрессаторлардың концентрациясына тікелей байланысты екендігі зерттеулер жүргізу арқылы дәлелденді. Ол үшін 420<sup>0</sup> – 480<sup>0</sup>С-та айдалған екінші май фракциясы және 480<sup>0</sup> – 500<sup>0</sup>С-та айдалған үшінші май фракциясына әр түрлі концентрацияда депрессаторлар қосып зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеу нәтижелері 2 – кестеде көрсетілген.

2 – кесте. ДПМ- 3 депрессаторын қосқан кездегі зерттеу нәтижелері.



**М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері**

Мұнай	Көлем,мл	Депрессатордың көлемі,%	ДПМ – 3 депрессатор қатысындағы $T_{\text{кату}}C^0$	ДПМ – 3 депрессатор қатысындағы $T_{\text{кату}}C^0$
			420 <sup>0</sup> – 480 <sup>0</sup> С-та айдалған екінші май фракциясы	480 <sup>0</sup> – 500 <sup>0</sup> С-та айдалған үшінші май фракциясы
Құмкөл мұнайының базалық майлары	100	-	27,5	35,0
	100	0,005	19.5	28.9
	100	0,001	14.0	22.7
	100	0,05	9.8	15,0
	100	0,025	4,8	11,5
	100	0,01	1,5	7,0
	100	0,1	-7	-4

Синтездік жолмен алынған депрессатор ( 0,1 – 0,005% концентрациясы аралығында) ДПМ -3 ті Құмкөл мұнайының базалық майларына әсерін зерттеп, Құмкөл мұнайының базалық майларының кату температурасы төмендегенін көрсетті.

Сонымен қатар, базалық майларға қосылатын депрессаторлардың концентрациясы және оның нәтижелі болуы, депрессатордың температурасына, майдың құрамындағы парафинді көміртектердің мөлшеріне, асфальтендер мен шайырлардың болуына да тәуелді.

Сонымен ДПМ- 3 депрессаторларын қосу арқылы базалық майлардың кату температурасын төмендетуге, тұтқырлығын жоғарлатуға, яғни бұл депарафиндеу процесін жеңілдетеді және ары қарай өңдеу процестерінің шығынын азайтады.

**Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтің 2006 жылғы Қазақстан халқына жолдауы.- Астана:Елорда,2006.-44б
2. Құмкөл кен орнының игеру жобаларының 2010 жылғы құжаттама материалдары қолданылды.
3. Жұмағұлов Т.Ж., Абжаев М.М., Сейтқасымов Б.С., Сейтжанов С.С. Мұнай өндірудің техникасы мен технологиясы: Оқу құралы.- Қызылорда, 2006.
4. Қызылорда облысының аймақтық индустриалдық-инновациялық дамуының 2004-2015 жылдарға арналған бағдарламасы>
5. Салимов М. Расширение сырьевой базы нефтяных [месторождений www.msalimov@narod.ru](http://www.msalimov@narod.ru)
6. Абдулин А.А. Освоение минерально-сырьевых ресурсов Аральского региона./Нефть и газ Казахстана.-Алматы:Ғылым,1996.№1.-С.29-32б
7. Айдарбаев А.С. Теория и практика разработки нефтяного месторождения Кумколь.-Алматы,1999
8. Мищенко И.Т. «Скважинная добыча нефти» М.: «Нефть и Газ», РГУ нефти и газа им. И.М. Губкина, 2003 г.
9. Банатов В.В. «Реологические свойства вязких нефтей и нефтепродуктов и их регулирование комплексными методами воздействия» Тюмень. 2003г

**Орынбаева Л.Қ., Жолдасбекова Қ.А.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ «ГРАФИКА» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІН ДАЯРЛАУ**

**Аңдатпа:** Қазақстан Республикасының еңбек ресурстары, әсіресе жастары интеллектуалды потенциалдың үнемі жаңарып дамып отыруын талап етеді. Экономиканы жаңа белсенді заманауи білімді қолдана отырып дамытуды Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзі ұсынып отыр. Қазіргі кезде өндірістік қызмет пен үздіксіз оқуды үйлестіру күрделі мәселе болып табылады. Сырттай оқыту түрі өз әлуетін жоғалтқан.

Инновациялық – технологиялар - бұл дәстүрлі оқытуды жаңа заманауи әдістермен толықтыру арқылы оқыту түрі. Оқытудың бұл үрдісі кез келген уйренушінің, студенттің, оқушының жеке индивидуалды траекториясын құруды ұсынады.

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқыту ақпараттық, электрондық технологияларды белсенді қолдану арқылы, сырттай және күндізгі оқытуда ғылыми-методикалық жақтарын байланыстырады. Оқытуда зерттеудің негізі оқытушы мен оқушы арасындағы аудиториялық сабақтарды желілік және басқада дистанциондық басқару әдісімен тиімді байланыстыруды зерттеу болып табылады.

Мақаланың өзектілігі «Графика» мамандығы бойынша студенттер дайындауда білімнің сапасы мен бағытын, факторларын анықтау, зерттеу болып табылады. «Графика» мамандығы студенттерін дайындаудағы инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқытудың технологиясын жаңарту.

**Кілттік сөздер:** инновация, графика, графика дизайнері, презентация, интеграция медиа, теория, компонент, тәжірибе, концепция.

Қазір Қазақстандағы білім беру саласы өркениетті әлемнен өзіне лайықты орын алу үшін адамзат тәжірибесіндегі озық үлгі, тиімді үрдістерді пайдаланып, бағдарламаға енгізіп, дамудың жаңа сатысына көтерілуде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет.» - деп отандық оқытушылардың алдына бағдарлы мақсат қойып, үлкен міндет жүктеді. Әлбетте жаңа ғасыр – дамыған жаңа инновациялар әлемі. Жаңа инновациялық технологияларды меңгерген жан жақты, бәсекеге қабілетті, талапты, талантты, зерделі тұлғаны тәрбиелеп, бағыт - бағдар беру қазіргі таңда мемлекетіміздің және білім саласындағы қызметкерлердің еншісінде.

Білім беру үрдісін жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту, мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Ақпараттық- инновациялық технологияның үздіксіз жаңарып өсуінің арқасында, ЖОО-да мамандар даярлауда қойылатын талаптар күшейтіліп отыр. Жоғарғы білім алуда заманауи үрдіс – дәстүрлі әдісті компьютерлік – инновациялық технологиямен толықтырып оқыту дағдыға айналуға.

Инновациялық технология әдістерін бейнелеу өнері және оның салалары үшін қолдану өте тиімді. Оның ішінде «Графика» мамандарын даярлауда компьютерлік – ақпараттық технологияларды қолдану өте қолайлы.

Графика – бейнелеу өнерінің бір түрі. Ол гректің «грапо» деген сөзінен шыққан, қазақша «жазамын», «сызамын», «сурет саламын» деген мағынаны білдіреді. Графика өнері – перспектива, өлшемдер, композиция білімдерін қамтитын сала. Заманауи оқыту орындарының мақсаты – қазіргі қарқынды дамып жатқан ортада іс әрекетті құра білу және жетістігін жетілдіру. Сондықтан оқу процессін нәтижелі болуын ойластыру қажет.

Заманауи студент технологиялық символдар, белгілер, электрондық мәдениет әлемінде өмір сүруде. Сондықтан оқытушы студентпен ортақ жұмыс атқару үшін, заманауи инновациялық әдістер мен жаңа білім технологияларын меңгергені жөн. Осындай әдістердің бірі интеграция медиа.

Инновациялық технологиялар және компьютерлік, техникалық құрылғылар жылдамдыққа, нұсқалыққа және жобалау ойынын көрнекі берілуіне жағдай туғызады. Көркем – бейнелеу білімі, яғни бейнелеуші суретші график мамандарының мақсаты, өзінің жобаланған шығармаларын іс жүзінде жүзеге асыру мақсат етіледі. Болашақ графика мамандарын дайындау – суреттеу процессінің теориялық және практикалық негіздерін мұқият зерттеумен тікелей байланысты. Әлбетте, шығармашылық қабілеті жоғары, ойлау, ойластыру, өзінің ойындағы идеясын қағаз бетіне түсіру, графика мамандары үшін алғашқы сатылардың бірі. Ал, қазіргі заманауи дамыған заманда графика, графика дизайнерінің атқаратын рөлі өте зор. Көптеген салаларда осы мамандардың өнері жоғары бағаланады.

Графика саласының бір түрі – графика дизайнері. Графика дизайнерлер заманауи инновациялық технологияларды қолдану арқылы, көптеген жарнама, кино, өнер, архитектуралық презентация, үйретуші бағдарлама және жаңа компьютерлік ойындар жасап шығарумен айналысады.

## ***М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері***

Бүгінгі таңда білім берудің маңызды компоненттерінің бірі, компьютерді қолдана білуінде. Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық - ізденушілік дамытуы жатады. Оған болашақ маманның ғылыми зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Кез келген педагогтің инновациялық іс әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан - жақты меңгеру; инновациялық іс әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Инновациялық технологиялық әдісті «Графика» пәндеріне енгізу, әрине, білім беру жүйесінде эволюциялық процесс болып табылады. Графика мамандығы студенттерін даярлауда инновациялық технологиялық әдіс олардың үздіксіз білім алу концепциясы енгізіледі. Инновациялық технологиялық әдістің үздіксіз оқыту концепциясының басты міндеттері:

- Жаңа білім алуға ұмтылып жатқан маман дайындау және де инновациялық әдіс төңірегінде университеттің білім беру жүйесіне жаңа реформалар тағайындау.
- Оқытушыларды жаңа проектке дайындалуға міндеттеу арқылы ЖОО, ҒЗЖ мен кәсіпкерліктер арасында қатынас құру, ал ол қаржыландырусыз мүмкін емес.
- Дистанциондық оқытуды енгізу, соның арқасында әр пәнге электрондық оқулықтарды енгізу арқылы авторлық қорғауды да шешу болып табылады.

Қазіргі студенттердің сапалы да саналы білім алуының бірден бір шарты – ЖОО-дағы білім беру саласын жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, пайдалан білу кез келген ұстаздың міндеті. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыра білу міндетті.

### **Әдебиеттер**

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.
2. Танирбергенов М.Ж. Художественная графика [Методическая рекомендация]. – Ташкент, 2003.
3. Танирбергенов М.Ж. Графика [Учебно-методическое пособие]. Шымкент, 2005.
4. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. //Қазақстан мектебі, № 4, 2006.

### *Резюме*

*В работе изложены и рассмотрены основные особенности использования инновационных технологий в учебном процессе специальности «Графика».*

### *Summary*

*In work are stated actual problems of the system of the formation, as well as are considered main particularities of the use innovation technologies in scholastic process in specialty “Graphic Art”.*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ МУЗЫКА САБАҒЫНДА ТИПТІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Андатпа:** Мақалада қазіргі уақытта жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныптарындағы музыка сабағына арналған типтік бағдарламаның мазмұнын жүзеге асырудың мақсаттары, білімділік, тәрбиелік міндеттері баяндалады. Сонымен қатар музыка сабақтарын Ш. Құлманованың жетекшілігімен құрастырылған бағдарлама бойынша өтудегі оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты музыкалы-психологиялық сипаттама берілген. Бағдарламадағы берілген музыкалық материалдарды сабақтарда тыңдатуға, орындауға беруде мұғалім оқушылардың музыкалық қабілеттерінің даму деңгейін ескеруді талап етеді.

**Кілттік сөздер:** музыка, әдістеме, бағдарлама, мақсат, міндеттер, музыкалық қабілеттер.

Бүгінгі таңда алдыңғы қатарда тұрған маңызды істердің бірі - жалпы орта білім беретін мектептегі оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі мен сапасын көтеру мәселесі болып табылады.

Мемлекетіміздің қоғамдық өмірінің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласына да түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтар енгізіліп, оқыту мүмкіндіктері туындауда. Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы - осының айғағы.

Бастауыш сыныптарда білім берудің түбегейлі мақсатын, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерін жүзеге асыруда музыка пәнінің де алатын орны ерекше екендігін айту керек. Болашақ ұрпақтың музыкалы - эстетикалық талғамын, олардың жандүниесінің рухани байлығын, әсемдігін, терең сезімін, музыка өнері жайында музыкалық сауатын қалыптастыруды, бағдарламаларда берілген музыкалық шығармаларды тыңдау мәдениетін, әншілік дағдысын жетілдіруді жүзеге асыру үшін музыка пәні мұғалімінің алдына көптеген міндеттер жүктейді.

Музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің басты мақсаты - музыка өнер ретінде адам, қоғам өмірімен тығыз байланысты екендігін оқушыларға түсіндіре отырып, барлық музыкалық шығармалар, халқымыздың рухани - материалды мұрасы өзімізді қоршаған табиғаттан, жасаған дүниелерден, еңбектен, тарихи оқиғалардан туындайтынын мектептегі музыка сабағында сезіндіру.

Бастауыш сыныптарда музыкаға тәрбиелеу міндеттері:

1. Бастауыш сынып оқушыларының музыка пәніне деген қызығушылығын арттыру, музыканың өмір тіршілігімен тығыз байланысын өнер ретінде танып, күнделікті өмір қажетіне айналдыру, музыка өнеріне баулу.

2. Бастауыш сынып оқушыларын үлгілі музыкалық шығармаларды тыңдауға, жоғары деңгейде көркемдік - орындаушылық шеберлігін тануға және олардың музыкалы - эстетикалық талғамын дамытуға тәрбиелеу.

3. Музыка сабағында оқушылардың музыка өнерімен қарым-қатынасындағы әртүрлі іс-әрекеттер арқылы тәжірибелік қабілеттерін қалыптастыру (хормен ән айту, музыка тыңдау, музыка сауатын меңгеру, шығармашылық, музыкалық аспаптарда ойнау, музыкалы – ыппақтық қимылдар жасау).

4. Музыка пәнінің сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының музыкалы-шығармашылық, орындаушылық дағдыларын, тапқырлық, ізденушілік қабілеттерін дамыту.

1- сынып оқушыларының музыкалық қабілеттерінің деңгейі әртүрлі болады. Кейбір балалар музыкалық шығармаларды беріліп тыңдап, әндерді таза және мәнерлеп орындаса, ал кейбіреулері болса, музыканы қалай тыңдау керек екенін, әнді қалай дұрыс айтуды түсінбейді. Кейбір балалардың музыкамен шұғылдануларына байланысты музыканы орындау дағдылары мен музыкалық сауат жайындағы білімдері болады. Балалардың біразы музыкаға қызығады, ал кейбіреулері жанұядағы тәжірибесіне байланысты музыкаға қызықпайды да, оған немқұрайлы қарайды. Балалардың музыкалық қабілеттерінің әртүрлі болып келуінің себебі, олардың өмір сүрген ортасына, ата-анасының берген тәлім-тәрбиесіне де байланысты болады. Осындай жағдайдың салдарынан 1- сынып балаларының сабақтағы музыкалық қабілеттерінің дамуының деңгейі бірдей болмайды. Соның өзінде-ақ, осы жастағы балаларға тән кейбір ортақ белгілерді атап, сипаттама беруге болады.

Бұл жастағы балалар музыканы тыңдап, қабылдауда музыкалық шығармалардың түрлерін, көңіл-күйлерін, сипатын ажырата алады. 1- сынып балаларына тыңдатуға арналған шығармалардың көлемі шағын, қысқа болуымен қатар, жеңіл, айқын бейнелі болуы тиіс.

Ән айту саласында бірінші сынып балаларының мүмкіншіліктері осыған дейінгі дайындықтарына байланысты. Олардың дауыс диапазоны 2-3 дыбыстардан, немесе бірінші октаваның көлемінде болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл жастағы балалардың дауыс аппараты қалыптаспаған, нәзік болады. 7 жастағы балалардың жұмыс диапазоны 1-ші октаваның «ре-ля» дыбыстарының аралығы, оны әрі қарай кеңейтуде біртіндеп, 1октаваның «си», 2-ші октаваның «до», «ре» дыбыстарын қосамыз. 1-ші октаваның «до» дыбысын орындау бірінші сынып балаларына қиындық тудырады. Өйткені, «до» дыбысын орындауда балалардың дауыстарына күш түседі. Бұл жастағы балалардың дауысының үні жеңіл, ашық, таза болады.

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

1- сынып балаларына шығармашылық саласындағы мүмкіншіліктерін атауға болады. Арнайы зерттеулер мен тәжірибелерге сүйенсек, бұл жастағы балалар шығармашылық тапсырмалармен қызыға айналысады. Олар музыкалық аспаптарда ырғақтық және әуендік импровизациялар жасайды, музыкаға әуен шығарады.

1-сыныптағы музыкалық білім берудің негізі мен міндеттері:

-оқушылардың музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру музыкалық шығармаларды тыңдауға және орындауға оларды ынталандыру;

- балаларға музыкалық өнердің адам өмірімен байланысы, музыка - адамның ойы мен сезімдері, оны не нәрселер қуантып, қайғыратындығы жайында қарапайым түсініктер беріп, өмірдің жағдайларына байланысты музыкалық шығармалардың түрлері де көңілді, мұңды, салмақты, жеңіл, салтанатты және т.б. болып келетіндігін түсіндіру;

- музыканы тыңдай білген адам, оның адамға айтайын деген ойын, сырын түсінер еді. Сол себептен де, музыканы тыңдап, орындауға балаларды тәрбиелеу;

-сазгердің музыкалық шығармасының мазмұны мен сипатын жеткізудегі музыка тілі жайындағы оқушылардың түсініктері болуы керек. Мұғалім қарапайым музыкалық ұғымдармен: дыбыстардың биіктігі, ұзақтығы, күші, жылдамдығы, олардың қозғалысының бағыты жайында; әлді және әлсіз үлестердің алмасуы, олардың бір такт ішіндегі саны туралы; музыкалық шығарманың құрылысының қарапайым түрлерін ажыратуға баулып, музыканы орындаудың әр түрлерімен балаларды таныстыру;

-балалардың сабақтардан жинақталған музыкалық тәжірибелері мен әсер алуларына сүйене отырып, олардың музыкалық есту, ырғақ пен ладты сезіну, есте сақтау, музыкаға шығармашылықпен қарау тәрізді бірқатар музыкалық қабілеттерін жүйелі дамыту;

-балалардың шығармашылығы 1-сыныптан басталады да, олардың сұрақ қоя білуінде, сұрақтарға өз еріктерімен жауап берулеріне байланысты екендігін білу;

-мұғалім балалардың вокалды-хор дағдыларын меңгерудегі музыкалық ұжымды ұйымдастырудың басын 1- сыныптың алғашқы сабағынан бастайды. Мұғалім балалардың ән айту мәдениетін қалыптастыруға үлкен мән беруі тиіс;

-музыкалық сабақтардың негізгі міндеттерінің бірі оның өмірмен тығыз байланысында, оны шешуде оқушылардың басқа да пәндерден алған білімдеріне сүйенудің үлкен мәнісі бар. Мұғалім оқушылардың басқа пәндерден алған білімдерін қолдана отырып, адам өміріндегі музыканың алатын ерекше орны жайындағы міндеттерін тереңдету.

1-сынып оқушыларына тиісті берілген музыкалық тәрбиенің міндеттері келесі сыныптарда, басқа да музыкалық материалдармен жалғастырылып, балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіншіліктеріне байланысты толықтырылып, тереңдетіліп берілуде іске асырылады.

Музыканы тыңдап, қабылдау әрекеті барлық музыкалық сабақтардың негізінде жатыр. Әуенді әнді орындауда немесе оны шығаруда олардың дыбыстарының биіктігі мен ырғағының қозғалысын естімейінше, орындау мүмкін емес.

Музыканы тыңдау қарапайым процесс емес, өйткені кез-келген музыкалық шығарманың мазмұнын көптеген мәнерлеу тәсілдерімен беріліп, бір-бірімен байланысты болып, әрдайым қозғалыста, даму үстінде болады. Сол себептен де, музыканы тыңдауға үйреніп, дағдылану керек.

Музыканы тыңдап, қабылдау дағдысын дамыту - күрделі міндет, әсіресе оқытудың бастапқы кезеңінде. Істің мәнісі, бастауыш сынып балалары музыка тыңдап отырған сияқты сезінгендерімен, жылдам шығармалардың көңіл-күйіне көңіл бөліп, оны толығымен қабылдамайды. Балалар музыка тыңдап отырып, біраз уақыт көңілдерін басқа жаққа аударып, біраздан соң қайтадан музыкаға оралып, өздерінің біраз уақыт тыңдамағандарын сезбейді де. Мұғалім таныс шығарманы орындауда кейбір тактілерін әдейі өткізеді, бірақ оны да балалар аңғармайды. 1-сынып балалары музыканы бүтін, бөлшектеусіз, жалпы көңіл-күйінде, сипатында қабылдайды. Олар қарама-қарсы келген бейнелерді жеңіл ажырата алады. Мысалы, мұңды-көңілді, жылдам-жай, қатты-ақырын және т.б.

Ш.Б.Құлманованың жетекшілігімен құрастырылған музыка сабағына арналған бағдарламада 1-сыныптағы музыка сабағының басты мақсаты - қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өнерін қадірлейтін, оның өмірмен байланыстылығын түсінетін, эстетикалық және музыкалық танымы дамыған, рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған:

1. Халық әндері мен аспаптық музыкасы (күйлер) арқылы өз халқының салт-дәстүрлеріне, туған елі мен жеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

2. Қазақ халқының ой-арманының музыкада бейнеленуі мен оның өмірмен байланыстылығын түсіндіру.

3. Балаларды әсемдікті сезінуге, өз халқының музыкалық мұрасынан эстетикалық ләззат ала білуге тәрбиелеу.

Білім беру міндеттері:

1. Қазақ халқының ән мен аспаптық музыкасы туралы нақты және тиянақты білім беру.

2. балалардың музыкалық ырғақты сезінуін, есте сақтауы мен ести білу қабілетін дамыту.

3. балаларға халық әні және аспаптық музыка материалы арқылы қарапайым музыкалық сауаттылық жөнінде білім беру.

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

2 сыныптағы музыка сабағының мақсаты - қазақ халқының әдет-ғұрпын қадірлейтін, өмірмен байланыстылығын түсінетін, ішкі жан дүниесі бай, өнерлі тұлғаны тәрбиелеу.

1. Халық музыкасы арқылы туған еліне, халқының салт-дәстүріне құрметпен, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

2. Халық музыкасын тыңдау және орындау арқылы қоршаған ортадағы сулулықты, табиғаттағы әсемдік адамдар арасындағы қарым-қатынасты сөзін, түсінуге тәрбиелеу.

Екінші сынып балаларының музыкалық қабілеттерін халық әндерін орындау және күйлерді тыңдау барысында одан әрі қарай дамыту.

Оқушылардың күрделі шығармаларды тыңдау және оны түсініп, орындауға біліктілігін дамыту.

Балалардың шығармашылық белсенділігін суырып-салмалық пен түрлі музыкалық тапсырмалар арқылы ояту және дамыту.

1-сыныптағы музыкалық білім берудің жалпы міндеттері 2- сыныпта әрі қарай жалғастырылады. Мұнда балалардың музыкаға деген сүйіспеншіліктері мен қызығушылықтарын қалыптастыруды жалғастырып, оқытудың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттердің процесінде музыкалық қабілеттері дамиды. Балалардың білімдері мен дағдылары музыканы саналы қабылдап, оны терең сезінуге, музыкалық шығармаларды орындаудың сапасын жоғарлатуға бағытталған.

1 және 2-сыныптардың оқушыларының мінез-құлықтарында, түсініктерінде ортақ ұқсастықтар болғанымен (олар ойындар арқылы музыкалық материалдарды жақсы қабылдайды, есте сақтау қабілеттері дамыған, қиялшыл болып келеді), соның өзінде олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Ең әуелі 2-сынып баласы "тәжірибелі" оқушы. Өйткені ол мектептің тәртібіне, сабақтарда қойылатын талаптарға үйренген, оның зейіні тұрақталған болып келеді. 1- сынып баласына қарағанда 2-сынып баласының абстрактілі ойлау қабілеті дамыған, өзінің қабылдаған фактілерде, жайларды талдап, қорыта алады. Берілген тапсырмамен, материалмен қызыға айналысып, күрделі қиындықтарды жеңе біледі. Олардың жалпы ақыл-ойларының музыкалық ой-өрістерінің дамуына, кеңеюіне басқа сабақтардан алған дағдылары да себебін тигізеді.

2-сынып баласының музыкалық дамуы тек айналасындағы қоршаған ортаға (жанұяға) ғана емес, сонымен қатар 1-сыныптағы сапалы, әрі пайдалы өткен музыка сабақтарына да байланысты болады.

1-сыныптағы мақсатты, әрі қызықты ұйымдастырылған музыка сабақтарына байланысты. Балалар музыканы бірге тыңдап, ол жайындағы өздерінің ой-пікірлерін айтып ән салғанда бірге, бір-бірін тыңдап орындауға үйреніп, дағдыланған болады.

Егер де музыка пәнінің мұғалімі 1-сыныптан бастап жүйелі түрде сабақ беріп келсе, онда ол 2-сынып балаларының музыкалық қабілеттерінің дәрежесін білетін болады. Мұғалім сыныптың әрбір оқушысының жеке -дара музыкалық қабілеттерін ескеріп, олардың қабілеттеріне сай талаптарды сабақта қоя білуі тиіс. Сонымен қатар, мұғалім өзінің назарын тек қана нашар немесе орташа дамыған, музыкалық қабілеттері төмен оқушыларға бөліп қоймай, дарынды және музыкалық қабілеттері дамыған балаларға да көңіл бөліп, олардың әрі қарай дамуларына талаптар қою керек. Осылай болмаған жағдайда жақсы музыкалық қабілеттері бар балалардың музыка сабағына деген қызығушылықтары төмендейді.

3 - сыныпқа арналған музыка сабағының бағдарламасы қазақ халқының дәстүрлі поэзиясы мен аспаптық музыка өнерінің өзара байланысын көрсетуге бағытталған.

Бағдарлама алдыңғы сыныптардағы материалды жүйелі түрде жалғастырады. Ол өзхалқының әншілік дәстүрі халық аспаптық музыкасы мен ақынды шығармашылығы жөнінде 3 – сынып оқушыларының түсініктерін терең де жан – жақты қалыптасуға бағытталған.

Бағдарлама мақсаты - халық фольклорының адам өміріндегі маңызын терең түсінетін музыкалық сауатты эстетикалық және рухани жағынан жете дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Бағдарлама жалпы екі негізгі міндетті қамтиды:

- халқымыздың музыкалық ерекше және поэтикалық шығармашылығына балалардың сүйіспеншілігін оятып, оны құрастыру, құрметтеуге тәрбиелеу және өз халқының әдет-ғұрпымен салт-дәстүрлері жөнінде түсініктерін қалыптастыру;

- балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген сезімін дамыту, оларды халқымыздың музыкалық-поэтикалық және аспаптық шығармашылығынан эстетикалық ләззат, әсер алуға тәрбиелеу;

-музыканың өмірмен байланыстылығын түсіндіре отырып, халық шығармашылығының көне заман мен осы заманғы сабақтастық дәстүріне балалардың назарын аудару болып табылады.

- баланың музыкалық қабілетінің дамуына себепші болу, ырғақты сезіну, ести білу және есте сақтау қасиетін тәрбиелеу;

-музыканы тыңдау және ән айту барысында музыкалық сауаттылық элементтерінен білім беру;

- оқушы бойындағы суырыпсалмалық қабілетті халықтың поэтикалық өнерінің үлгісінде одан әрі дамыту;

- балаларды қазақтың ақындық, жыршылық, айтыс және аспаптық өнеріне тарту, олардың мазмұнды да көлемді шығармаларға қызығушылығын арттыру;

- халықтың поэтикалық шығармашылығы материалдары бойынша музыканың, сөздің (поэзия), аспаптық музыканың өзара байланысы жөніндегі оқушы білімін тереңдету болып саналады.

3 - ші сынып оқушысы алдыңғы сынып балаларына қарағанда әлдейқайда қалыптасқан оқушы. Бұл сынып балаларының дене құрылысы күштірек, қуаттырақ болып келеді. Балалардың денесінің жылдам өсуі, олардың үздіксіз қозғалыста болуына әсерін тигізіп, бұл жастағы балалар тынымсыз болады. Ақыл-ойларының дамуы бірінші, екінші сыныптың балаларына қарағанда әлдеқайда жоғары. Олар абстрактылы ойлауға бейімделген. Олардың назарлары мен есте сақтау қабілеттері еркін болады.

Бұл жастағы балалар әнердің кез-келген түріне бейімділігі айқын көріне бастайды. Бірінші және екінші сыныптардың оқушылары ән айтуға, би билеуге, аспапта ойнауға, әнердің тағы да басқа түрлерімен айналысуға құштар болып келеді. Ал үшінші сыныптың оқушысы олардың ішіндегі белгілі бір түімен қызыға айналыса бастайды. Бұған қарап, баланың музыка өнерінің қай саласына бейімді екендігін анықтау әлі ертерек болады. Кейбір балалардың музыкалық қабілеті кейінірек те ашылуы мүмкін. Бірінші, екінші сыныптардың оқушылары мұғалімнің істегенін қайталайды, ал үшінші сыныптың оқушысы өзін көрсетуге ұмтылады. Олардың осы ұмтылысын мұғалім дұрыс бағыттауы тиіс.

Үшінші сыныптағы музыкалық тәрбиені негізгі мақсаты – музыка өнері арқылы жеке тұлғаны дамытып, қалыптастыру, оқушылардың жан-жақты ой-өрісін кеңейтіп, музыкалық есту қабілеттерін әрі қарай жетілдіру болып табылады. Бұл кезеңдегі музыкалық материалдардың күрделенуіне байланысты оны толығымен қабылдауға гормониялық, тембрлік ести білу, ырғақтың және ладтық сезімдері үлкен рөл атқарады. Балаларға таныс барлық музыкалық мәнерлеу тәсілдері күрделі мазмұндағы музыкалық шығармаларда қарастырылады.

Бірінші сыныптағы музыкалық тәрбие оның «негізгі», «бастамасы» болып, екінші, үшінші сыныптарда оның жалғасы, ал төртінші сыныптағы музыкалық тәрбие жұмысы жалпы бастауыш сыныптардағы оқытуды қорытындылау кезеңі болып саналады.

4-сыныптың музыка сабағына арналған бағдарламасы біртұтас бастауыш білім беру жүйесін жалғастырады. «Ән-күй - халық қазынасы» тақырыбы күрделене түседі. Өйткені бағдарлама 4-сынып оқушыларының классикалық музыка мазмұнына терең бойлап, халық музыкасы мен кәсіби музыканың өзара байланысын сезіне білуіне бағытталған. Бағдарламада алдыңғы сыныптардағы материалдардың жүелілігі сақталып, соның негізінде балалар бір жағынан, композиторлар шығармашылығымен танысып, екінші жағынан, музыкалық шығармалардың күрделі құрылысы мен мазмұнын ұғынып қана қоймай, ұлттық музыка мен дүние жүзі классикалық музыкасындағы халық ән-күйлерінің өзгеруін, жаңаруын, айқындалуын байқай алады.

Бағдарлама мақсаты - музыкалы қуаты, эстетикалық және рухани ой-өрісі дамыған, халық музыкасы мен композиторлардың шығармаларын, музыка өнерінің адам өміріндегі мәнін жете түсіне алатын ұрпақты тәрбиелеу.

Бағдарлама міндеттері:

- музыка өнері дамуының түп негізі ретінде халық музыкасына құрметпен және сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу;

- музыкалық шығармалардың мазмұнын эмоционалды сезінуге тәрбиелеу, көркемдік талғамын дамыту;

- қазақ және шетел композиторларының күрделі классикалық шығармаларына қызығушылығын қалыптастыру, оларға шығармашылық көзқараспен қарауға бейімдеу.

Білімділік міндеттер:

- балалардың музыкалық білімін жетілдіру;

- музыкалық шығармалардың өзіндік ерекшеліктерін талдай білуге дағдыландыру;

- музыка тыңдау және ән айту барысында музыкалық сауаттылыққа сай бір немесе екі дауысты қарапайым әндерді нотамен айтуға үйрету.

Бағдарламада музыкалық материалдар жалпы педагогика мен музыкалық тәрбие беру әдістемесінің заңдылықтарына сәйкес іріктеліп алынған, алдыңғы сыныптардағыдан толық әдістемелік нұсқаумен берілген.

4-сынып оқушысына жалпы сипаттама беретін болсақ, олар «нағыз оқушы» атына сай қалыптасқан. Бұл жастағы балалар өнердің белгілі бір түрімен айналысуға бейім келеді. Осыны мұғалім ескеріп, әрбір баланың бойындағы қабілетін байқап, әрі қарай сол қабілеттерін қалай дамыту, қандай өнердің түрімен айналысудың қажет екендігін ойластырады. Музыка өнері арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру музыкалық тәрбиенің негізгі мақсатының бірі болып саналады.

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
2. Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 7 маусым N 389.
3. Жолдасбекова С.А., Нуржанбаева Ж.О. Дуальді оқыту жүйесін ендіру арқылы колледж студенттерінің еңбек құндылығын қалыптастырудың мәні. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 70-жылдық мерейтойына орай «Сапалы білім беру мен ғылымды дамыту – заман талабы» атты Халықаралық форум материалдары. 306-308б. Алматы қаласы, 15 қыркүйек 2014ж.
4. Zholdasbekova S., Nurzhanbaeva Zh. The importance of introduction of a dual system of education in formation of future specialists the work values. International conference of industrial technologies and engineering. October 30-31.2014.ICITE. M.Auevov South Kazakhstan State University Shimkent. Kazakhstan. 503-505

### *Резюме*

*В статье рассматривается проблемы внедрение дуального обучение в систему Технического и профессионального обучения в Республике Казахстан. Важное место в развитии общества отводится системе образования, в том числе и среднему профессиональному образованию. Современный специалист должен быть конкурентоспособным и широко и сознательно использовать знания, приобретенные в учебном заведении, обладать профессиональной мобильностью, позволяющей быстро адаптироваться в условиях непрерывного обновления производства.*

### *Summary*

*The article discusses the problems of the introduction of the dual system of education in technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan. An important role in the development of society is given the education system, including vocational training. Modern person must be competitive and widely and consciously use the knowledge acquired in school, to enjoy professional mobility, which allows to adapt quickly in a continuous renewal of production.*

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ТРУДОВЫХ ЦЕННОСТЕЙ СТУДЕНТОВ В СИСТЕМЕ ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

**Аннотация:** В статье рассматриваются педагогические условия формирования трудовых ценностей студентов в системе дуального обучения. Определены педагогические условия формирования трудовых ценностей будущих специалистов. Выявлены осознание студентами собственных типологических свойств и индивидуальных психологических особенностей, которые влияют на эффективность трудовых ценностей в процессе профессионально-педагогической деятельности. Определены целесообразность применения системного подхода согласно теории Н.В. Кузьминой.

**Ключевые слова:** методика формирования трудовых ценностей, гуманитарная, социально-экономическая, естественно-научная, педагогические условия, управления

Поскольку в нашем исследовании предметом являются педагогические условия и методика формирования трудовых ценностей студентов колледжа в системе дуального обучения, то для их возникновения, существования и применения нам необходимо, в первую очередь, определить условия, без которых данная методика существовать не может. Если процесс формирования трудовых ценностей (ТЦ) будущих специалистов среднего уровня является педагогическим процессом, который происходит в педагогической среде, то есть в педагогической системе (ПС), каковым является колледж в системе дуального обучения, то условиями его существования будут, соответственно, условия педагогические.

*Цель.* На основании того, что формирование ТЦ будет осуществляться в педагогической системе, для выделения педагогических условий формирования ТЦ целесообразно применять системный подход согласно теории Н.В. Кузьминой [1].

*Первый этап.* Первым структурным компонентом является цель существования ПС. Исходя из этого, первым педагогическим условием формирования ТЦ является сознательно поставленная и студентами, и их преподавателями цель сформировать коммуникативную компетентность во время получения профессионально-педагогического образования. Поскольку цель в педагогической системе есть системообразующим фактором, то, соответственно, первое выделенное условие имеет руководящий характер относительно других условий. При таком видении роли этого условия в первую очередь возникает необходимость раскрытия содержания и образов целенаправленной деятельности по осознанию и студентами, и преподавателями необходимости постановки перед собой данной цели — формировать трудовые ценности у студентов [2,3]. Эта задача разделяется, по меньшей мере, на две:

- 1) сознательная постановка цели формировать собственную ТЦ во время получения профессионального образования *студентами*;
- 2) осознание необходимости включения в задачи изучения определенной учебной дисциплины самой задачи по формированию ТЦ у студентов *преподавателями* профессионального колледжа.

Вторым структурным компонентом ПС является содержание образования, которое обеспечивает формирование ТЦ. Этот структурный компонент ПС позволяет нам выделить второе педагогическое условие формирования ТЦ будущих педагогов профессионального обучения: определение содержания учебных дисциплин, при изучении которых возможно наиболее эффективно формировать коммуникативную компетентность.

Для определения таких учебных дисциплин нами было сформулированы соответствующие требования:

- содержание учебной дисциплины должен предоставлять студентам сведения о самом понятии коммуникативной компетентности, а также о ее структуре;
- информация о ТЦ должна быть органически объединена с содержанием учебной дисциплины, и не должна быть инородной для нее;
- формы изучения дисциплины должны предоставлять возможность студентам и преподавателю формировать ТЦ, исследуя и контролируя ее;
- количество часов, которая отводится на изучение дисциплины должна быть достаточным для включения в ее содержание материала из формирования ТЦ без ущерба для усвоения базовой учебной программы;
- научно-педагогические работники профессионально-педагогического вуза, которые излагают эту дисциплину должны иметь четкое представление о ТЦ как в теоретическом, так и в практическом плане.

*Второй этап.* Анализ содержания профессионально-педагогической подготовки был начат с оценки возможностей формирования ТЦ в процессе изучения двух ключевых блоков дисциплин, которые формируют главные компетенции профессионально-педагогической деятельности: специально-инженерную и психолого-педагогическую [4,5,6]. При этом нужно оговориться, что формально учебный план подготовки

## *М.Әуезов атындағы ОКМУ ғылыми еңбектері*

по специальности «Профессиональное обучение» по соответствующим специализациям Казахского национального государственного университета им. Абая на такие блоки не разделен, а имеет циклы: 1) гуманитарной и социально-экономической подготовки; 2) естественно-научной подготовки; 3) профессиональной и практической подготовки.

Задачи для самостоятельной работы студентов должны быть адекватны имеющимся у них склонностям и способностям и, одновременно, отвечать потенциальным возможностям студентов, чтобы обеспечить развивающее обучение для каждого будущего педагога профессионального обучения. В то же время содержание индивидуальных задач для самостоятельных работ студентов включает типовые задачи будущей профессионально-педагогической деятельности преподавателей и мастеров производственного обучения в учреждениях профессионального образования.

*Третий этап.* Третьим структурным компонентом ПС в нашем случае является *студент*. Это позволяет нам выделить *третье педагогическое условие* формирования ТЦ: выявление и последующее осознание студентами собственных типологических свойств и индивидуальных психологических особенностей, которые влияют на эффективность коммуникативной компетентности в процессе профессионально-педагогической деятельности.

Систематическому изучению состояния и уровня развития профессионально важных качеств и свойств личности студентов может содействовать введение специально разработанной «Учетно-диагностической карты развития студента», которая представляет собой брошюру со специально отведенными для заполнения графами и формами, в которые заносится информация о студенте на разных этапах его профессионального обучения (от момента зачисления и до окончания вуза).

В экспериментальном исследовании комплексная диагностика и осмысление выявленных психологических характеристик осуществлялись при выполнении курсовой и дипломной работ, на практических занятиях, а также в специально отведенное время.

Четвертым структурным компонентом ПС является *педагог*, что дает возможность выделить *четвертое педагогическое условие* формирования ТЦ: наличие педагогов, которые осознают значимость формирования ТЦ студентов на стадии профессионального обучения, и владеют содержанием образования учебных дисциплин и методикой их преподавания на основе личностно-ориентированного подхода, а также методами и средствами формирования ТЦ.

Личностно-ориентированный подход в профессиональном образовании предъявляет повышенные требования к таким личностным качествам преподавателя, как осознание содержания своей профессии, выбор ценностей и целей, личная ответственность за студентов, гуманистическая позиция, творческое построение образовательно-воспитательного процесса, качество собственных педагогических инноваций и др [7,8,9].

Анализ преподавательского состава Казахского национального государственного университета им. Абая показал, что наиболее подготовленными к решению подобной задачи оказываются (и это является целиком закономерным) преподаватели кафедры инженерной педагогики. Именно они в наибольшей степени владеют теоретическими знаниями о структуре и содержании педагогической деятельности педагога профессионального обучения. Это и обусловило отбор педагогов, способных реализовать четвертое педагогическое условие формирования ТЦ у студентов профессионально-педагогических специальностей.

*Четвертый этап.* Пятым структурным компонентом ПС является *способ* осуществления педагогической деятельности. Это позволяет выделить *пятое педагогическое условие* формирования ТЦ: наличие методики формирования коммуникативной компетентности студентов профессионально-педагогических специальностей, которая включает необходимые психолого-педагогические методы, средства и формы формирования ТЦ.

Предложенная методика подготовки студентов профессионально-педагогических вузов будет эффективной при соблюдении следующих принципов:

- наличия особого психологического климата обучения;
- реализации учебной деятельности с использованием технологии поиска новых знаний на основе имеющегося личностно-профессионального опыта студентов;
- использование андрагогических принципов обучения — приоритет самостоятельного обучения, принцип общей деятельности, индивидуализация, системность, контекстность обучения;
- организации процесса учения с учетом индивидуальных особенностей студентов их профессионального самосовершенствования.

Методика, которую надо разработать [10,11], должна учитывать то, что формирование ТЦ студентов профессионально-педагогических специальностей будет осуществляться в два этапа, содержанием действий которых будет:

- 1) формирование представления о ТЦ и ее структуры, а также умение определять степень ее сформированности у себя и других (студентов и действующих педагогов);
- 2) непосредственное формирование ТЦ у студентов профессионально-педагогических специальностей.

Шестым компонентом ПС выделяют *результат*. Это позволило нам сформулировать *шестое педагогическое условие* формирования ТЦ: наличие четко сформулированных критериев и показателей сформированности индивидуального уровня коммуникативной компетентности студентов профессионально-педагогических специальностей.

Использование любых критерии всегда связаны с применением определенных показателей, как объективной количественной и качественной меры отражения явления, которое изучается [12,13].

Осознание своих «сильных» и «слабых» свойств личности, необходимых для осуществления профессионально-педагогического общения Уверенность, способность руководить своим эмоциональным состоянием и экспрессивностью. Адекватность избранных приемов и способов педагогического общения индивидуальным личностным особенностям. Характер взаимодействия педагога с учащимися Восприятие педагогом учащихся.

На втором этапе эксперимента использовались другие критерии, соответствующие им показатели и шкалы, которые позволяют переводить качественные показатели в количественные. С этой целью шкалы для опросников, которые позволяют измерять ТЦ, были разработаны таким образом, что они имеют 10-балльный диапазон с нулевой точкой посередине. Кроме этого шкалы были разбиты на несколько интервалов, которые имеют вербальные отметки. Такая конструкция шкалы позволяет по вербальным отметкам констатировать уровень развития определенного компонента ТЦ, а по числовым — создать определенную градацию в пределах того или другого уровня.

Весь диапазон суммарных оценок, которые могли получить испытуемые в пределах от -75 баллов до +75 баллов, был распределен на пять интервалов, что позволило выделить, соответственно, пять уровней сформированности ТЦ.

*Пятый этап.* Поскольку все структурные компоненты педагогической системы приводит во взаимодействие профессионально-педагогическое *общение*, то *седьмым педагогическим условием* формирования ТЦ является осуществление субъект-субъектного общения преподавателей и студентов в контексте личностно ориентированного подхода.

Применение соответствующих стилей педагогического общения в разных педагогических ситуациях (известно, что применение педагогами одного стиля общения в чистом виде на практике не встречается), создание доброжелательной атмосферы взаимопомощи и взаимопонимания между всеми участниками учебного процесса (преподавателями и студентами), обязательное отработывание студентами всех элементов коммуникативной компетентности на практических занятиях и побуждение их к самостоятельной работе над формированием ТЦ вне учебной аудитории, установление личностного контакта с каждым студентом при проведении лекционных и практических занятий — вот неполный перечень мер, при соблюдении которых можно реализовать это педагогическое условие.

Безусловно, для правильной реализации этого условия необходимо и студенту, и преподавателю иметь четкое представление об основных этапах педагогического общения, а именно:

1. Моделирование педагогом будущего общения с классом, с любой другой аудиторией в процессе подготовки к непосредственной деятельности с детьми или взрослыми (*прогностический этап*).
2. Организация непосредственного общения с классом, аудиторией в момент начального взаимодействия с ними (*начальный период общения*).
3. Управление общением в педагогическом процессе, который развивается.
4. Анализ осуществленной системы общения и моделирование системы общения будущей деятельности [6,14].

При этом нужно обратить внимание на то, что общение должно быть именно субъект-субъектным, то есть таким, которое предусматривает признание учащегося, студента равноправным участником процесса общения. Осуществить такое общение возможно только при условии наличия у педагога демократического стиля деятельности, потому что в отличие от него авторитарный стиль предусматривает так называемое субъект-объектное общение, где учащийся, студент выступают в роли пассивного участника общения (объекта), то есть пассивного приёмника информации. Для выполнения этих условий возникает требование к преподавателю — владение субъект-субъектным стилем общением со студентами.

*Шестой этап.* Управление педагогической системой с реализацией всех его функций, присущих этому процессу, является неотъемлемой частью функционирования ПС. Поэтому *восьмым педагогическим условием* формирования ТЦ является организация управления процессом формирования ТЦ на основе гуманистической парадигмы профессионально-педагогического образования.

#### *Выводы.*

Сознательно поставленная и студентами, и их преподавателями цель сформировать трудовых ценностей во время получения профессионально-педагогического образования. Определение содержания учебных дисциплин, при изучении которых возможно наиболее эффективно формировать коммуникативную компетентность и конкурентоспособность. Выявление и последующее осознание студентами собственных типологических свойств и индивидуальных психологических особенностей, которые влияют на эффективность трудовых ценностей в процессе профессионально-педагогической деятельности. Наличие педагогов, которые осознают значимость формирования ТЦ студентов на стадии профессионального обучения, и владеют содержанием образования учебных дисциплин

## *М.Әуезов атындағы ОКМУ ғылыми еңбектері*

и методикой ее преподавания на основе личностно-ориентированного подхода, а также методами и средствами формирования ТЦ. Наличие методики формирования ТЦ студентов профессионально-педагогических специальностей, которое включает необходимые психолого-педагогические методы, средства и формы формирования ТЦ. Наличие четко сформулированных критериев и показателей сформированности индивидуального уровня коммуникативной компетентности студентов профессионально-педагогических специальностей. Осуществления субъект-субъектного общения преподавателей и студентов в контексте личностно ориентированного подхода. Организация управления процессом формирования ТЦ на основе гуманистической парадигмы профессионально-педагогического образования.

### *Заключение*

1. Применение системного подхода для выделения педагогических условий формирования трудовых ценностей компетентности позволило выделить совокупность таких условий, которые являются необходимыми и достаточными для создания и функционирования системы по формированию ТЦ

2. Выявленные педагогические условия формирования ТЦ касаются не только структуры педагогической системы, но и таких явлений в ПС как общения и управление.

3. Курс «Методика профессионального обучения», предоставляет возможность студентам оценивать весь материал которому он предшествует, то есть эффективное использование в собственной ТЦ.

4. Методика, которая разработана для формирования ТЦ студентов профессионально-педагогических специальностей, состоит из двух этапов, где на первом этапе формируется представления о ТЦ и его структуре, а на втором — непосредственно сама ТЦ.

### **Литература**

1. Кузьмина Н.В. Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности: Автореф. дисс... докт. психол. наук. — Л., 1965. — 39 с.
2. Байденко В.И. Компетенции в профессиональном образовании (К освоению компетентного подхода) / В.И. Байденко // Высшее образование в России. — 2004. — № 11. — С. 3-13.
3. Вербицкий А.А. Компетентный подход и теория контекстного обучения / Андрей Александрович Вербицкий. — М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. — 84 с.
4. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя: [монография] / Владимир Александрович Адольф. — Красноярск, 1998. — 310 с.
5. Демин В.А. Профессиональная компетентность специалиста: понятие и виды / В.А. Демин // Мониторинг образовательного процесса. — 2000. — № 4. — С.35.
6. Зеер Э. Компетентный подход к модернизации профессионального образования / ЭвальдЗеер, Эльвира Сыманюк // Высшее образование в России. — 2005. — № 4. — С. 23–30.
7. Селевко Г.К. Компетентности и их классификация / Г.К. Селевко // Народное образование. — 2004. — № 4. — С. 138-143.
8. Шишов С.Е. Компетентный подход к образованию как необходимость / С.Е. Шишов, И.Н. Агапов // Мир образования – образование в мире. — 2001. — № 4. — С. 8-19.
9. Short E. The Concept of Competence: Its Use and Misuse in Education // Journal of Teacher Education. — 1985. — Vol. 36. — № 2. — P.5.
10. Spector, J. Michael-de la Teja, Ileana. ERIC Clearinghouse on Information and Technology Syracuse NY. Competencies for Online Teaching. ERIC Digest. Competence, Competencies and Certification. — P.1.
11. Short E. The Concept of Competence: Its Use and Misuse in Education // Journal of Teacher Education. — 1985. — Vol. 36. — № 2. — P. 5.
12. Spector, J. Michael-de la Teja, Ileana. ERIC Clearinghouse on Information and Technology Syracuse NY. Competencies for Online Teaching. ERIC Digest. Competence, Competencies and Certification. — p. 1.
13. Susan C. Curzon. A Report Submitted to Commission on Learning Resources and Instructional Technology Work Group on Information Competence CLRIT Task 6.1 [Электронный ресурс] / CaliforniaStateUniversity, 2005. — Режим доступа: <http://www.calstate.edu>.
14. Schelten A. Einführung in die Berufspädagogik. — Stuttgart, 1991. —S. 140-159. Schelten A. Einführung in die Berufspädagogik. — Stuttgart, 1991. —S. 140-159.

### *Түйін*

*Мақалада дуальді оқыту жүйесінде студенттердің еңбек құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары қарастырылады. Болашақ мамандардың еңбек құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды. Кәсіптік-педагогикалық қызмет үдерісінде еңбек құндылықтарына ықпал ететін студенттердің өзіндік типологиялық қасиеттері мен индивидуалдық психологиялық ерекшеліктері айқындалды. Н.В. Кузьминаның теориясына сәйкес жүйелі тәсілді қолданудың тиімділігі анықталды.*

### *Summaru*

*The article discusses the pedagogical conditions of formation of labor values of students in the dual system of education. The pedagogical conditions of formation of labor values of future specialists. Revealed awareness of the students own typological characteristics and individual psychological characteristics that influence the effectiveness of labor values in the process of professional and educational activities. Determine the feasibility of a systematic approach according to the theory, NV Kuzmina.*

ӘОЖ 378.016

**Жолдасбекова С.А., Мадиева Д.П., Куатова Ж.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

### **ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСİNДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОНСТРУКТОРЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ІСКЕРЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІ**

**Аңдатпа:** Мақалада дуалды оқыту жүйесінде оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігін арттыру мәселесі қаралады. Қазіргі қоғамның дамуында білім беру жүйесі маңызды орын алады, соның ішінде оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігін арттыруда диагностикалық процесті ұйымдастыру мен жүргізуде *педагогикалық қағидалары мен шарттары анықталған*. Білім беру мекемесінде алған білімдерін қолдана білуі, өндірістің үздіксіз жаңарып отырған жағдайда жылдам бейімделуге мүмкіндік беретін кәсіби ұтқыр болуы тиіс.

**Кілттік сөздер:** дуалды оқыту жүйесі, оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігі.

Білім – тек ғылымның іргетасы емес, шетелдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын арқауы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Еліміздің өсіп - өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орыналуы, оның білім жүйесінің дегейіне, даму бағытына байланысты. Білікті мамандар топтасқан ортада алынбайтын камал, еңсерілмейтін биік жоқ. Халыққа сапалы қызмет көрсетудің тетігі тәжірибелі, білімді, үлкен сыннан өткен кадрлардың қолында екенін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» тұжырымдамасында ерекше айта отырып, бұл жүйені іске асырудың бірден – бір жолы елімізде дуалды оқыту жүйесін енгізу мәселесі екенін көрсеткен. Осы орайда білім беру саласында дуалды оқыту жүйесін енегізу арқылы оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігін арттыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр [1].

Дуалды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы қағидасы жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке, еңбек құндылығын игеруге көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады да жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады.

Бүгінгі заманның жаңа даму сатысында білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясат, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі қажет. Осы орайда білімнің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта жетілдіру, оқу жүйесін реттеу, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуы қажет етіп отыр.

Жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуда заманауи ғылыми техникалық прогрестің және ақпарат көлемінің өсуі оқу орындарындағы алынған білім қорының белсенді кәсіби іс-әрекетінің барлық кезеңіне емес, тек қысқа уақытқа ғана оның мұқтажығын қанағаттандыратындығын көрсетіп отыр. Болашақ модельер-конструктор мамандарының кәсіби міндеттерді шешу үшін өз бетінше ізденуге және білімді игеруге даярлау қажеттігі туындайды.

Өндірістегі техникалық жаратандыру және озық технологиялар жұмысшы кадрлардың кәсіби білім деңгейінің жоғары болуын талап етеді. Ол үшін техникалық және кәсіптік оқу орындарында білікті мамандар даярлау ісін дамыған елдердегі экономика сұраныстарына жауап бере алатындай деңгейге жеткізуіміз қажет. Білікті жұмысшы кадрларын даярлау үшін бөлінетін мемлекеттік тапсы-рыстың көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Еліміздің экономикасының даму деңгейінің артуына байланысты еңбек рыногындағы кәсіби мамандар тапшылығы терең сезіле бастады. Осыған байланысты оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігін арттыру арқылы болашақ конструктор технолог мамандарынның кәсіптік-техникалық білім деңгейі мен сапасын арттыруды ерекше маңызды міндеттердің қатарына қойып отырмыз.

Оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігін арттырудың дидактика қағидалары-оқытудың құрылымы, мазмұны және мәні туралы білім әрі ол іс әрекет көрсеткіші мен оқу процесінде нормаларға сай тәжірибе реттеушісі сипатына ие. Қазіргі дидактикада өзіндік қағидалар жүйесі үлгілі, бұрыннан таныс, классикалық және білім беру жүйесіндегі қарқынды жаңарулардан туындаған қағидалар басшылыққа алынады. Қағидалар жүйесін ажырату негізіне жеке әрекетті және басқарушылық көзқарастар ғалым педагогтардың еңбектерінде көрсетілген. Негіз қалаушы, жалпыға танымал дидактикалық

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

қағидаларға келесілерді жатқызуға болады: белсенділік пен саналылық, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, беріктік, ғылымилық, түсініктілік, теория мен практиканың байланыс сабақтастығы.

Оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігін арттыруда диагностикалық процесті ұйымдастыру мен жүргізуде *педагогикалық қағидалар* біздіңше *бірінші шарт* болып табылады. Педагогикалық және психологиялық диагностика теориясы бойынша ғылыми әдебиетті оқып зерделеу аталған қағидаларды дидактика қағидаларына негізделетінін көрсетіп отыр. Бұл нәрсе бізге конструкторлық технологиялық білім, білік-дағдылардың қалыптасу диагностикасының негізгі педагогикалық принциптерін ажыратуымызға көмек беріп отыр.

Біздің зерттеуде болашақ конструктор-модельерлердің *технологиялық білім мен іскерлігінің қалыптасу диагностикасын зерттеуде* мына принциптерге сүйенеміз: жүйелілік, циклдік қайталану, объективтілік, көрнекілік (жариялылық), түсініктілік және кешенділікке.

- *Жүйелілік қағидасы* диагностика мақсаттары мен осы мақсатқа бағдарлылықтың нақтыұстанымды қарастырады. Біздің зерттеудің мақсаты болып оқушылардың білім, іскерлігін қалыптасу диагностикасы табылады. Бұл үшін қандай білім мен іскерліктерді қалыптастыру керектігін анықтау қажет. Содан соң қарастырып отырған қағидаларға сәйкес «жабдықтар» және «өңдеу технологиясы» мен «бұйымды конструкциялау» бойынша оқу процесінің ұйымдастыру формасын әзірлеуіміз қажет. Ұсынылып отырған әдістеме тиімділігін тексеру үшін педагогикалық эксперимент арқылы іске асыруға болады.

- *Объективтілік қағидағалар талаптарына сай* диагностикалық тест (тапсырма, сұрақтар), диагностикалық шаралар, өзара ынтымақты, сенімді қарым-қатынасы, білім мен икемді бағалаудың белгіленген критерийлердің нақтылығы, дәлдігі мен адекваттылығы.

- *Циклдік қайталану* қағидасына сай диагностикалық бақылауды дидактикалық процестің барлық кезеңдерінде – білімді алғашқы қабылдауынан оны практикалық қолдануына дейінгі аралықта жүргізу қажеттілігі.

- *Көрнекілік (жариялылық) қағидасы* ең алдымен барлық оқушылардың ашық сынақтан өту барысында бірдей критерийлерден сарапталуы. Диагностикалау процесінде белгіленген өшемдерге лайық әрбір оқушы рейтингі жарияланып, көрнекі, салыстырмалы сипатқа ие болуы.

- *Түсініктілік қағидасы* диагностикалық әдістемені қолдану барысында түрлі көрнекі формаларының болуын талап етеді, бұл әдістеменің педагогтар мен оқушыларға түсініктілігі, диагностикалау шарттарының шынайы және тексерілушілердің ынтымақын қозғауды қамтиды

- *Кешенділік қағидасы* ерекшелігі педагогикалық ұжымда диагностикалауды ұйымдастыру кешенділігінде, өзара толықтырушы және өзара бақылаушы әдістерді қолдануда оқу тәрбие процесі құрылымының толық диагностикалауында.

Оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігін арттырудың *екінші шарты болып диагностикалау критерийлерінің адекватты, әділ және нақтылық табылады.*

Е.А.Михалычев пікірі бойынша диагностикалық критерий диагностикалаудың маңызды қасиеті. Диагностикалық критерий негізі (басқа қасиеттерімен бірге алғанда) және диагностика құралдары көмегімен оқып үйреніп жатқан объекті (құбылыс) күй-қалпын сипаттауға болады, оның қызметі, әрекетінде немесе дамуындағы ауытқулары бар жоғын анықтау мүмкіндігі туындайды.

Заманауи психологиялық-педагогикалық зерттеулерде оқу нәтижелерінің нақты әділ бағалау үшін түрлі критерийлер қолданылып, оның негізіне меңгерілуге тиісті ақпарат көлемін, меңгеруге кететін уақытты, есте сақтау деңгейін, ақпарат дәрежесін, жана жағдаяттарда алған ақпаратты өңдеп, оны пайдалана білуін қамтиды.

Біздің зерттеу белгілі білім мен іскерлікті қалыптастыруды оқыту нәтижелерін анықтау болғандықтан, оқу әрекеті және оқу нәтижелерін қандай терминдермен атау маңызды. Дәстүрлі түрде «білім» және «іскерлік» терминдері қолданылады. Осы терминдердің түсіндірмесіне ғылыми зерттеулер нәтижелерін келтірейік. Педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдауы сенімді түрде «білім» және «іскерлік» ұғымдарының педагогикадалық зерттеулерде толық қарастырылмағанын байқаймыз.

Психолого-педагогикалық әдебиетте «білім» ұғымы үш мағынада: оқыту мазмұны және оқу мазмұнын меңгеру нәтижелері ретінде қарастырылады. Сонымен қатар «білім» ұғымының мынадай төрт құрама бөлігі бар, олар: білімді бағалы ақпарат, білімді процесс, білімді жүйе, білімді алынатын нәтиже ретінде қарастыру көзделген.

Ғылыми білім адамға қажетті элемент, адамның әлемге практикалық қатынасын мегзейтін және адам санасында шынайы әлемді қабылдау, белгілі тілдік жүйе, бағытталған әрекет жүйесі боып табылады.

М.А.Данилов пен М.Н.Скаткин жалпы атқару қызметіне байланысты білім түрлерін төмендегіше жіктеуге болады [2]:

- 1) негізгі ұғымдар мен терминдер;
- 2) фактілер;
- 3) ғылым заңдары: білім түрлерін;
- 4) теориялары;
- 5) әрекет амалдары туралы білім;
- 6) әдіснамалық білім;
- 7) бағалау білімі [3].



## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

*Терминдер мен ұғымдар* білім жиынтығы немесе объект түрлерін белгілеу үшін пайдаланылады.

*Фактілер* туралы білім барлық басқа білімнің негізі, базасы болып табылады.

*Ғылым заңдары* фактілердің шектелген жиынтығы маңызды байланыстарынкөрсетеді.

*Теориялар* фактілер жиынтығының елеулі және оларды байланыстыратын бөлігі, тұлға пайымына жүйелілік ендіріп, белгілі бір құбылыстар сәкес класының жалпы ұғымына саятын мүмкіндік береді.

*Әрекет амалдары туралы* білім нақты материал талдауы жолын анықтаушы алғы жазба және практикалық әрекетте пайдаланылатын алгоритмдік сипат ережелеріне бөлінеді.

*Әдіснамалық білім* ғылымның нақты әдістері, таным тарихы және процесі, жолдары, шынайы өмірді өзгертетін түрлі әрекет амалдарын қарастырады.

*Бағалау білімі* объектілерге қатысын анықтап, объекті жүйесінде немесе жиынтығында қатынастардың мәнін сипаттайды. Бұл білім түрі қатынастарды және тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыруда өте маңызды деп көрсетеді Усова А.В., Бобров А.А. [4].

«Білім» ұғымы оқу мазмұнын игеру нәтижелері ретінде зерттеу аясында бізді көбірекқызықтыратын психолого-педагогикалық әдебиетте оқушылармен оқу материалын меңгеру сапасымен беріледі. Дидактика бойынша бірқатар еңбектерде бұл ұғым оқу нәтижелерінің жалпы сипатын қарастырып, білім сапасын көтеру мен білім беру тиімділігі, оқу нәтижелері туралы жазады. В.П.Беспалько оқушылардың білімін бағалауда білімді меңгеру деңгейін негізге алу керектігін ұсынады. Ғалыммен шартты түрде 4 деңгейге іріктеледі:

- тану деңгейі,

- білімді қайта жеткізу деңгейі,

- үйреншікті қалыпты жағдайларда қолдану,

- білімді шығармашылық жаңа жағдайларда қолдану деңгейі [5]. Әрбір деңгей критеріі ретінде меңгеру коэффициенті ( $K=a/p$ , мұнда  $a$ - дұрыс орындалған операциялар саны,  $p$ - операциялардың жалпы саны). Егер де меңгеру коэффициенті 0,7 артық болса, белгілі деңгейде білім қалыптасқандығы туралы айтуға болады.

Оқыту нәтижелерінің сапасын ашу үшін бірқатар зерттеушілер Т.Л.Коган [6], білімді бірнеше деңгейге бөліп отыр. Білім сапасының *бірінші деңгейін - пәндік-мазмұндық*, яғни оқытылып жатқан ғылым саласының пәндік аясына қатысы бойынша ажыратады. *Екінші деңгейге* оқушылардың оқу қызметіне қарай білімнің өзгеруін бақылап, *мазмұнды- әрекет* деңгейін ажыратады. *Үшінші деңгейге мазмұнды-тұлғалық деңгей* - білімді жеке тұлға қасиеттеріне көзқарас-сенімнің ауысу сәттерін сипаттайды

*Пәндік-мазмұндық* деңгейде білім сапасы объектісінің мазмұндық ерекшеліктерін көрсетіп, *білімнің толықтығы, жалтылығы, жүйелілігі* арқылы еленеді.

*Білім толықтығы* оқушыда белгілі объект қасиеттерінің қайта қалпына келтірі алу нәтижесімен, түсіндіре алу қабілеттілігімен білінеді. Алдағы диагностикаға білім тексеру жұмысындағы нәтиже сапасын анықтап алу қажет.

Білімнің *жалтылығы* объект мәні оның қасиеттерінің байланысын өз қалпына келтіре түсіндіре алуы. Яғни білім тексеру кезінде оқу материалының жалпылануын және амалдарын, оны түсіндіріп жеткізе алуына назар қою қажет.

Білімнің *жүйелілігі* екі немесе одан көп оқу объектілерінің қатынастары мен байланыстарын кезектей түсіндіре алып, осының негізінде оларды ұйымдастыру нәтижесін көрсетеді. Білімнің жүйелілігін диагностикалауда оқу объектілерін оқушылармен қабылдану дәрежесін жүйелеудегі амал ерекшеліктерін ескеріп отыру керек.

*Мазмұнды-әрекет* деңгейде білім сапасы оқу материалының сабақтастығын ашу керек және бұл деңгейде білім сапасы, *беріктікі*мен (жалпыланған және жүйеленген білім материалын есте сақтай алуы, есте ұзақ сақтауы, оны толық сақтай алуы), ұтқырлығымен (таныс жағдаяттарда қолдану процесінде білімді түрлендіру), әрекеттілігі (жаңа оқу жағдаяттарда білімді қолдануы) анықталады.

*Жеке-мазмұнды* деңгейде білім сапасы тұлғаның келесі қасиеттері ашылады: тәрбие ықпалымен қалыптасқан, оқу және сабақтан тыс уақытта білім қолдану нәтижелері анықталып жатады. Мұндай қасиеттер арасында *тұрақтылық, ойлау әрекетінің тереңдігі мен икемділігі* оқушының танымдық өзінділігілігінің көрсеткіші болады. Ойлау ұстамдылығы деп тиісті жағдаяттарда талданып отырған мәселеде ой операциясының өзектендірілуі шартты түрде қарастырылады. Ой қызметінің иілгіштік қасиеті оқу жағдаятының талдану қатысына қарай оны ерекше түрлендіре алу мүмкіндіктері арқылы түсіндіріледі. Ой қызметінің тереңдігі оқу қызметінің объектісін толық елестету мүмкіндігін ашып, басқа объектілер арасындағы байланыста елестете, диалектикалық байланыс пен қарама қайшылықтар бірлігінде талдай алу мүмкіндігін түсіндіреді.

Біздің зерттеу жұмысымызда оқушылар меңгерген білімінің сапасының деңгейін анықтау критерийлері ретінде келтірілген нәтижелер сапасы көмек көрсете алады.

*Дидактикада және оқыту әдістемесінде оқу әрекеті түрлі іскерліктерді меңгеру процесі деп танылады.* Дидактикалық әдеби материалдарда іскерлік топтастырылуы туралы мәліметтер жоқтығын тағы атап өту керек. Мектеп бағдарламаларында, әдістемелік көмекші құралдарда «іскерлік» ұғымы аса кең мағынада алынып, іскерлік деңгейіне жектізуді қажет етпейтін әрекет түрлеріне қатыстырылады.

Дидактикалық әдебиеттерде *іскерлік* түрлі негіздермен анықталады: олардың пәндік бағыттығына қарай білім мазмұнының құрамдас компоненттерімен (ұғым, заңдылық, теориялар) және оқу көздері (оқу мәтіндері, кестелер, схемалар) негізделеді. Іскерліктің мұндай топтастырылуы мектепте түрлі пәндерді оқыту әдістемесіне қатысты болып келеді. Н.Д.Левитов «белгілі жағдаяттарды ескере, жұмыстың дұрыс амалдарын қолдануда әрекеттерді таңдау және оны табысты аяқтау» деп атайды [7]. К.К.Платонов осы көзқарасқа жақын пікір таныта «Іскерлік – дегеніміз адамның жаңа жағдаяттарда жұмысты тиісті сапада және уақытылы өнімді орындай алу қабілеті» деп жазған [8].

И.И.Кулибаба тарапынан ұсынылып отырған топтастыру түріне сүйенуді қолданамыз. Ол *арнайы іскерлік*, оқу еңбегінің *рационалды*, *қисынды іскерлік*, (танымдық жұмысы) және *интеллектуалды зияткерлік іскерлік*, топтарын ажыратады [9].

*Арнайы іскерлік* мәні автор пікірі бойынша оқушылар бойында нақты оқу пәнін игеруде қалыптасатынын қасиет. Нақты оқу материалын толыққанды меңгеруде бұл іскерлікті саналы түрде игеру мүмкін еместігін атап көрсетеді. Арнайы іскерлік біліммен тығыз, ажырағысыз байланыста жүріп отырады.

*Рационалды қисынды оқу әрекеті икемділігі мәні* оқу жұмысының өзіндік ұйымдастыру және өзіндік реттеуден тұрады. Бұл топқа мақсатқа жету нәтижелерін рәсімдеу және танымдық мәселелер шешу үшін түрлі білім көздерімен жұмыс жасай алу іскерлігі; оқу әрекетіндегі нәтижелерді бақылай алу икемділігі, оларды керек жағдайда түзете алуы; өзінің іс-әрекетін басқара алу кіреді.

*Интеллектуалды зияткерлік іскерлік* барлық пәндерді біріктіре оқу әрекетінің өзегі болып табылады. Кез келген оқу пәнін меңгеру үшін анализ және синтез, жалпылау және саралау, дифференциация, нақтылау және деректеу, теңестіру және салыстыру, себеп-салдарлы байланыстарды анықтау сияқты күрделі операциялары қажет екені ақиқат.

Іскерліктің барлық топтары өзара тығыз байланыста тұрғаны анық құбылыс. *Арнайы, пәндік іскерлік* құрамына оқу әрекеті мазмұны үшін қажетті бөлігін қамтиды. Меңгеру кезектілігі дұрыс құрастырылған оқу процесі барысында оқушылармен интеллектуалды іскерлік игерілуі дұрыс қалыптасады. Оқу пәнін меңгеруде оқушылар білімнің арнайы көздері және нақты оқу материалына мазмұн бағытталғандығын өз санасына меңгере алады. Оқушының өз әрекетін басқара алу икемділігі оқу жұмысының рационалды ұйымдастыру тобына қосылады. Арнайы іскерлікте олар теориялық зерттеу әдістерін меңгеру жолында талдаулар талап етілетін, жинақталған ақпаратты, мәліметті жалпылау мен салыстыру, арасындағы тәуелділікті анықтау барысында біле бастайды. Бірақ кез келген жағдайларда интеллектуалдық, зияткерлік іскерліктің сыртқы және ішкі көрінісі, теориялық және практикалық әрекеттерде көріне, бүкіл оқу процесінің реттеуші бола отырып, оның тиімділігін көтеруге жағдайлар жасайды.

Демек, іскерліктің барлық топтары білім беру мазмұнының қосымша бөлігі болып, оқушылардың оқу дайындығы талаптарының қажетті компоненттері қатарына кіреді. Күтілетін нәтижелерді сипаттау – оқушы меңгеруге тиіс білім, білік пен іскерлік, дағдыларды атап көрсету.

В.Л.Рысс өзінің зерттеулерінде білім берудегі бақылау проблемасын мазмұнды игеру нәтижесін оқушылар берген нәтижелермен салыстыру деп атап көрсетеді. Белгілі оқу материалын меңгергендігінің нәтижесі көрсеткіштік критерийлер қатарына жатқызылады [10].

Технологиялық білім мен іскерлікті бағалау критерийлерін анықтау үшін біздің зерттеуде оқытудың нақты мақсаттары негізінде бұйым сызбасын сызу және бұйымды өңдеу технологиясы і бойынша меңгерудің қажетті нәтижелері арқылы білдіреміз.

Колледждерде болашақ конструктор-модельерлердің технологиялық білім мен іскерлікті бағалау диагностикасы критерийлерін таңдауда біз А.А.Кыверялгтың пікірімен келісе отырып, келесі талаптарды басшылыққа аламыз [11].

Бірінші талап – критерийлер әділ, объективті болуы шарт, зерттелудегі қасиетті дәл анықтау мүмкіндігін беру тиіс.

Екінші талап – критерий валидті, яғни мақсатқа сай, өлшейтін нәрсені өлшеуі тиіс.

Үшінші талап – критерийлер зерттелудегі құбылыстарға қатысты нейтралды болу керек.

Төртінші талап – критерийлер олардың статистикалық өңделуінде кодланысы жеңіл әрі салыстыруға лайық болу керек.

Зерттеу барысында алынған кез-келген нәтиже сандық және сапалық бағалау критерийлер берері анық.

Зерттеуіміздің әртүрлі кезеңдерінде біз оқушылардың конструкторлық-технологиялық білім мен іскерлігін бағалауда келесі сандық және сапалық жақтарын қатар қолданамыз.

*Төртінші шарт* болып технологиялық білім мен іскерлікті педагогикалық диагностикалау құрылымын анықтау.

Л.М.Фридман, пікірінше, дидактикалық диагностика бақылау және бағалау қызметі ретінде құрылымы бойынша келесі элементтерден тұрады: бақылау-бағалау актісінің мақсаттары; бақылау, бағалау мен түзету объектісі; объект бағаланып, салыстырылатын үлгі-эталон; бақылау нәтижесі; бағалау критерий-өлшемдері; таңдалған критерий өлшемдер сипаттайтын формадағы бағалаулар; коррекция-түзету құралдары; бақылау мен бағалау қызметінің жаңа объектісі ретіндегі түзету нәтижелері [12].

Педагогикалық диагностиканың толықтығы мен сенімділігі Е.А.Михалычев тұжырымдауы бойынша келесі кезеңдердің кезектілігін сақтай отырып жүзеге асырылуы арқылы қамтамасыз етіледі: диагностика мақсаттары мен мәселелерін анықтау; диагностика объектілері критерийлерін анықтау; диагностика

## ***М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері***

мәселелерін шешу әдістерін талғау; диагностика әдістері арқылы ақпарат жинақтау; алынған нәтижелердің сандық және сапалық өңдеуден өткізу; педагогикалық диагноз тұжырымын даярлау; коррекция, түзету шаралары жоспарын әзірлеу [13].

Теориялық талдау негізінде және конструкторлық-технологиялық білім мен іскерлікті диагностикалау бойынша практикалық жұмыс негізінде бұл зерттеу жұмысында алты кезеңнен тұратын диагностикалық әрекет құрылымын пайдаланамыз. Ол өз құрамына: мақсаттылық, диагностикалық әрекет жоспарлануын, әрекеттің жүзеге асуын; диагностикалық ақпаратты мазмұндайтын материал жинақтауды; алынған ақпараттың өңдеу мен талдауын; педагогикалық диагноз қорытынды-тұжырымдасы; педагогикалық объектінің даму болжамын; диагностикалық негізде оның дамуы үшін жағдайлар жасау мен түзету-коррекция жүргізуді қамтиды.

*Бірінші мақсатты кезеңі* диагностикалық зерттеудің мақсаты мен гипотезасын анықтап, педагогикалық процестің диагностикалық мақсаттарын болжайды және оған қол жеткізудің механизмін, бағалау критерийлерін анықтап «эталонды» мінсіз үлгілі модель жасауды болжайды.

*Екінші жоспарлау кезеңі* диагностикалау құрал-сайман, амал-тәсілдер кешенін, зерттеу мақсаттарына тең адекватты беріктігі мен сенімділігін тексеру; зерттеу кезеңдерін анықтауды қамтиды.

*Үшінші жүзеге асыру кезеңі* диагностикалау әдістері әзірлемесінің адаптация (бой үйрету) жұмыс кезегі, нақты педагогикалық жағдаяттарда педагогикалық объектінің жай-күйі, қалпын танып білу, оның бұл қалпының себептерін ашу. Алынған ақпаратты жазып фиксациялау, оның үлгі-эталон аралық қатынастары қамтылған, педагогикалық жүйе қалпының жалпы теориясы белгілеген талдауы мен бағасы.

*Төртінші диагноз анықтау кезеңі* өзінің құрамына сәйкессіздіктер себептерін анықтап жалпылауын, педагогикалық жағдаяттар шынайы күйі мен үлгі-эталон аралық қарамақайшылықтар айырмасын анықтау жұмыстары кіреді. Педагогикалық диагностика объектісінің жай-күйі туралы педагогикалық тұжырым жасау, оның концептуалды нормаға сәйкестігі анықтамасы ретінде, егер диагноз феноменологиялық негізде қойылса, аталған объект жай-күйі, қалпы тұжырымы себептік негіздерде қойылады.

*Бесінші болжау кезеңі* диагностикаланушы құбылыстың «даму аймағы» жай-күйіне байланысты туындайтын себеп-салдарын болжайды. Негізгі сипаттары мен даму тенденциялары, кейінгі функция-қызметтерін анықтауды қамтиды.

*Алтыншы кезең түзету-коррекциялау* педагогикалық жүйені түгел қамтып қарағанда оны түзету бағдарламасының мақсаттары болып қалыпты жағдайға келтіру мен даму бағдарламасына мақсат етіп, қызметінің сапасын, тиімділігін көтеруді көздейді.

Аталған кезеңдер жиынтығы, біздің көзқарасымызға, диагностикалау процесінің технологиясын технологиялық білім мен іскерліктің қалыптасу дәрежесінің анықтауға мақсатталып, бағытталғанын ашып түсіндіреді.

Демек, жоғарыда баяндалғанды жалпылай, қорытындылап технологиялық білім мен іскерлікті диагностикалау жұмысы оқушылардың болашақ кәсібі бойынша даму үрдісін зерделеп оңтайландыруға бағытталуы тиіс, олардың технологиялық білім мен іскерліктерінің қалыптасуындағы ауытқуларды уақытылы анықтап, түзету жұмыстарының маман дайындауда сапаны жетілдіруді қамтамасыз етуі абзал.

Конструкторлық-технологиялық іскерлікті қалыптастыру процесін табысты жүргізу үшін келесі педагогикалық шарттарды анықтадық:

1) *жүйелілік, объективті, жүйілілік, көрнекілік, түсініктілілік пен кешенділік қағидаларын жүзеге асыру;*

2) *адекватты дәл диагностикалық критерийлер таңдау (сандық және сапалық);*

3) *диагностикалау мәселелерін шешуге арналған әдістерді таңдау (алғаш ақпаратты жинақтау әдісі, өлшемдер мен бағалаулар, тестілер, статистикалық талдаулар мен өзіндік диагностика);*

4) *Конструкторлық-технологиялық білім мен іскерлікті диагностикалау әдісін дайындау үдерісінің құрылымын анықтау.*

Қорыта айтқанда, педагогикалық әдебиетті талдау оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерлігін арттыру арқылы болашақ модельер-конструктордың технологиялық кәсіби қызметіне қажетті конструкторлық-технологиялық білім мен іскерліктің мазмұны мен көлемін белгілеген нақты өлшемдер туралы бірдей ойдың жоқтығын дәлелдейді.

### **Әдебиеттер**

1. Н.Ә.Назарбаев. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Астана, 2013.
2. Дидактика средней школы. / Под ред. М. А. Данилова, М. Н., Скаткина. - М., 1975.
3. Подласый И.П. Педагогика. - М.: Просвещение, 1996. – 632 с.
4. Усова А. В., Боброа А. А. Формирование учебных умений и навыков учащихся на уроках физики. - М.: Просвещение, 1988. - 112 с.
5. Давыдов В. В. Виды обобщения в обучении. - М., 1972. - 76 с.
6. Коган Л.Н., Ханова О.В. Культура в условиях НТР. -Саратов, 1987. -286с.
7. Левитов Н. Д. Психология труда. - М., 1969.
8. Платонов К. К., Голубева Г. Г. Психология. - М., 1973.
9. Кулибаба И. И. и др. О разработке требований к знаниям, умениям и навыкам учащихся. - М., 1973.

## **М.Әуезов атындағы ОКМУ ғылыми еңбектері**

10. Рысс В. Л. Контроль знаний учащихся. - М.: Педагогика, 1982. - 218 с.
11. Кыверялг А. А. Методы исследования в профессиональной педагогике. - Таллин: Валгус, 1980. - 331 с.
12. Фридман Л. М. Педагогический опыт глазами психолога. - М.: Просвещение, 1987 - 224 с.
13. Михалычев Е. А. Теоретические основы педагогической диагностики. Диссертация на соискание степени д. п. н. - М., 1991. - 326 с.
14. Жолдасбекова С.А., Балташ П.Н. Дуальная форма обучения как альтернатива профессиональной подготовки учителя. Журнал «Педагогика и психология» Казахский Национальный педагогический университет им.Абая, Алматы,2014. С85-90.

### *Резюме*

*В статье рассматривается проблемы развития конструкторско-технологические навыки обучающихся в процессе дуального обучения. Система образования имеет важную роль в развитии современного общества, в том числе и развитие конструкторско-технологические знания и умения обучающихся. Обоснованы шесть этапов диагностики конструкторско-технологических навыков обучающихся в процессе дуального обучения.*

### *Summary*

*The article discusses the problems of design and technological skills of students. protesees in dual training. The education system has an important role in the development of modern society, including development of design and technological knowledge and skills of students. Diagnostiki substantiated six stages of design and technological skills of students in dual education.*

**Жұмаділла Г.К., Кожекбаева А.Ж.**  
№5 колледжі, Шымкент, Қазақстан

## **ДУАЛЬДЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ – ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ӨЗЕГІ**

**Аңдатпа:** Мақала дуальді оқыту жүйесін Шымкент қаласындағы №5 колледжде эксперименттік негізде енгізу бойынша жұмысының артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау.

**Кілттік сөздер:** дуальды оқыту, №5 колледж, тігін өндірісі, кәсіпорындар.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадамның» 77-ші қадамда экономиканың алты негізгі саласы үшін он алдыңғы қатарлы колледж бен он жоғары оқу орнында білікті кадрлар әзірленіп, кейін бұл тәжірибе еліміздің басқа оқу орындарына таратылатыны көңілге қуаныш ұялатты.

Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызы зор. Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет» — деп, бұл оқыту жүйесінің техникалық салада алар орнынын айқындап берген болатын [3]. Сондай-ақ, колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеген. Осыған байланысты елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласында жаңа жүйе жасалына бастады.

Дуальды жүйенің негізі — болашақ жас маманның оқу орны мен өндірісте қатар оқуы. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жоғарылату. Дуальды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастыру нәтижесінде, оқушы оқу бағдарламасын жақсы меңгеріп қана қоймай нағыз дайын маман болып, жұмыс берушілердің сұраныстарына, талаптарына сай кәсіптік-техникалық кадрлар даярлайтын болады және дуальды оқыту әдісінің тағы бір ерекшелігі — еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға тек білім мекемелерінің ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады [1].

№5 колледж 26.06.2014ж берілген №14009211 мемлекеттік лицензиясы негізінде келесі мамандықтар бойынша білім береді:

1. Мамандық: 1209000 - Тоқу өндірісі (түрлері бойынша) біліктілігі - 1209012 «Тоқушы»
2. Мамандық: 1211000 - Тігін өндірісі және киімді үлгілеу біліктілігі - 1211072 «Модельер-пішүші» біліктілігі - 1211062 «Арнайы тігінші»

Жарты ғасырлық тарихы бар білім ордасы 1976-1996 жылдар аралығында №5 КТМ, 1997-2008 жылдары «№5 кәсіптік мектеп», 2013 жылы қаңтар айынан бастап «№5 колледж» МКҚК мәртебесін алды. Колледж ұжымының басты мақсаты – заман талабына сай бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлау. Осы орайда колледж директоры Тагаева Гульмира Жапбарқызының басшылығымен көптеген игі істер

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

атқарылуда. Соның ішінде дуальды оқытуды оқу жоспарына енгізу бойынша біршама бастамалар жасалынды. Бұған дәлел ретінде Гульмира Жапбарқызы 2014 жылдың қазан айында Еуропа елдерінде: Германия, Швейцария және Францияда «Дуальная система профессионального образования европейских стран» тақырыбы бойынша біліктілігін арттырып қайтты. Нәтижесінде дуальды оқытудың оң нәтижелері жұмыс барысында қолданылуда.

Дуальды жүйенің негізі - оқу орны мен өндірісте қатар оқыту болып табылады. Яғни бұл дегеніміз дуальды оқытуда теория мен практиканың өзара байланыс принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі.

Дуальді оқытудың негізгі артықшылықтарын атап өтер болсақ:

Біріншіден, дуальді білім беру процесі, ең алдымен жеке тұлғаға бағытталаып, студенттің шығармашылық іскерлік сапаларын, коммуникативтілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, рухани-адамгершілік, мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар, болашақ мамандардың функционалдық сауаттылығы мен құзыреттілігі қалыптасады.

Екіншіден, білім берудің негізгі мәселесін – еңбекке орналасуды шешуге мүмкіндік беретіні және кәсіпорын мен колледжде оқу арқылы қажетті біліктілікке қол жеткізу.

ОҚО білім басқармасының 2014 жыл 3 қыркүйекте бекітілген «Облыстағы техникалық және кәсіптік білім ұйымдарын дуальды оқыту бойынша эксперименттік оқытуды енгізу туралы» №838 бұйрығына сәйкес №5 колледж дуальды оқыту жүйесін енгізу бойынша эксперименттік алаңша қатарына еніп, осы жоба негізінде 6 топ эксперимент режимінде жұмыс жасап жатыр.

Осы жүйе бойынша №5 колледжде теория мен тәжірибені ұштастыратын дуальды оқыту жүйесін енгізуді алға қойып, колледжіміздің 2012-2016 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарында дуальды білім беру бағдарламаларын жанартып әлеуметтік серіктестікті одан әрі жандандыру мақсаты қойылды. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №58 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығы негізінде колледжімізде эксперименттік жұмыс оқу жоспары жасалынды.

Дуальді оқыту жүйесіндегі ерекшеліктердің бірі – оқу орнына серіктес табу. Білім алушылардың тәжірибе сабақтарын өткізуі үшін даярланатын мамандықтарға сай келетін кәсіпорындармен келісім шартқа отыру. Яғни, кәсіптік білім беруде дуальдық жүйені енгізу -жұмыс берушілермен тікелей байланысты. Бұл мәселе бойынша Елбасымыз Н.Назарбаев өз сөзінде «Қазақстанда жаңа инфроқұрылымдарды және алдыңғы қатарлы колледждер желісін дамыту керек. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы дуальдық білім беру жүйесін трансформациялау реформасына белсене қатысып, түлектердің сапасын тәуелсіз бағалау ісін бастау қажет» деп баса айтты [3]. Бүгінгі таңда ОҚО Кәсіпкерлер палатасымен бірлесе дуальдық оқыту жүйесін қолға алған колледж ұжымы төменде аталған 9 өндіріс мекемелерімен 4 жақты келісім шартқа (кәсіпкерлер палатасы, білім басқармасы, өндіріс орны және колледж) отырып және колледжішілік 3 жақты келісім шарт (колледж, ата-ана, өндіріс орны) түзді. Олар:

1. ЖШС «Гаухар»;
2. ЖШС «Фиорентина»;
3. ЖШС «Томирис»;
4. ЖШС «Сауле»;
5. ЖШС «Golden Nomad»;
6. ЖШС «Оңтүстік Қазақстан аяқ-киім фабрикасы»;
7. ЖСШ «South Textiline»;
8. ЖШС «Бал Тестиль»;
9. ЖШС «Назар Текстиль»

Техникалық және кәсіптік мамандықтар бойынша өндірістік оқу мен тәжірибенің пайыздық үлесі: теория 30-40%, өндірістік практика 60-70% аралығында. Осы пайыздық үлеске қарай №5 колледжде теория 40%-ға дейін қысқарып, практика 60%-ға көбейтілді [3]. Қазіргі таңда дуальді жүйемен «Тігін өндірісі және киімді модельдеу» және «Тоқу өндірісі» мамандықтары бойынша, оның ішінде:

біліктілігі: «Модельер –пішуші» - 50 оқушы;

біліктілігі: «Арнайы тігінші» - 75 оқушы;

біліктілігі: «Тоқушы»-25 оқушы

жалпы алғанда барлығы 150 оқушы өндіріс орнында тәжірибеден өтуде.



**Біліктілігі «Арнайы тігінші» білім алушылары  
ЖШС «Гаухар» тігін фабрикасында**



**Біліктілігі «Тоқушы» білім алушылары  
ЖШС «South Textiline» фабрикасында**

2014-2015 оқу жылы аралығында жоғарыда аталған мамандықтар бойынша I курс оқушылары өндіріс орнымен толық танысу кезеңінен өтті. Ал енді 2015-2016 оқу жылында білім алушыларымыз өндіріс орнында бекітілген бағдарламаға сәйкес теорияда өтілген бұйымның түйіндерін өңдеу жұмыстарын технологиялық практикада орындап бекітіп жатыр.

Алайда бұл жүйенің артықшылықтарымен қатар қазіргі таңда біршама кем тұстары да жоқ емес. Мысалы, нарықтық экономика кезеңіне байланысты өндіріс орындарының барлығы жауапкершілігі шектеулі серіктестер. Осыған орай көпшілік өндіріс мекемелерінде өндірістік тәжірибелік жұмысқа толық деңгейде жағдай жасалынып жатқан жоқ. Атап айтар болсақ біріншіден өндіріс орындарында шеберлердің оқушылармен сабақ өтулері үшін жеке дәрісхана берілуі қажет. Себебі өндірістік оқыту жұмысы алдында өндірістік оқыту шеберлері күнделікті нұсқау беріп және орындалған жұмысты қорытып отырулары қажет.

Екіншіден оқыту мен өндірістік тәжірибені интеграциялау. Яғни бұл дегеніміз шеберлеріміз ең алдымен өндіріс орындарында біршама тәжірибеден өткен маман болулары қажет, өйткені жас мамандарымыз өндіріс орындарының жұмыс барысымен таныс емес. Осындай қиындықтарды шешу мақсатында колледжіміздің өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары өндіріс орындарында тағлымдамалардан (стажировкадан) өтіп отырады.

Үшіншіден жеке кәсіпкер өндіріс орны біздің оқушыларымызды тегін жұмыс қолы ретінде қарамай еліміздің экономикасын өркендететін болашағымыз ретінде қарауы тиіс.

Қорыта айтқанда, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 ж. 30 қарашадағы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты жолдауында жаңа әлеуметтік саясаттың 5 бағыты аталып көрсетілген, соның 4-бағытында «2017 жылдан бастап «Жалпыға бірдей тегін кәсіби-техникалық білім беру» жаңа жобасы іске қосылады» деп көрсетілген [4]. Яғни бұл дегеніміз кәсіптік-техникалық білім беру мекемелері мен өндіріс орындарына үлкен жауапкершілік жүктелуде. Осы орайда дуальды оқыту жүйесінің елімізде қарқынды дамитынына сеніміміз мол.

#### **Әдебиеттер**

1. «Техникалық және кәсіптік білім» - ақпараттық әдістемелік журнал. 2014 ж.
2. «Дуальды оқыту жүйесін ендіру» жобасының ғаламтордағы жиынтық материалдары.
3. «Егеменді Қазақстан» газетінің топтамалары.
4. ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 ж. 30 қарашадағы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты жолдауы.

#### *Түйін*

*Статья посвящена анализу дуального профессионального образования в колледжах РК на примере колледжа №5 г.Шымкент. Согласно приказу Управления образования ЮКО, данный колледж является экспериментальной площадкой по внедрению дуальной системы обучения. В этой статье описывается метод работы колледжа № 5 по данной системе образования, также выделяются плюсы и минусы дуального обучения и методы, применяемые колледжом для ликвидации этих недостатков и усовершенствования системы обучения.*

#### *Summary*

*This article is devoted to the analysis of dual vocational education used in colleges of the Republic of Kazakhstan, and college №5 of Shymkent city was taken as an example, and all the analysis was done based on it, because according to the order of the Office of Education of the South Kazakhstan Region, this college was assigned as an experimental platform for the implementation of the dual training system. Firstly, the methods used by the college in order to implement dual vocational education in their system were described. Secondly, the advantages and disadvantages of such system were observed, and some possible solutions for disadvantages used by college are described.*

**Камалов Ю.Н., Камалов М.Ю.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

### **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАҢА ТҰРПАТТАҒЫ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа:** Мақалада кәсіптік оқытудың болашақ мұғалімдерінің педагогикалық қызметін құрылымдық-мазмұндық сұрақтары қарастыралған. Қызметін түрлері кәсіптік оқытудың болашақ мұғалімдерінің жалпы құзыреттіліктің құрылымдық элементтерінің бірі болып белгіленген. Мақалада технология мұғалімінің педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары сипатталған, сол сияқты ақпараттық, жұмылдыру-бағдарлау, дамытушылық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, конструктивтік, зерттеушілік, техникалық.

**Кілттік сөздер:** құзыреттілік, педагогикалық қызмет, кәсіптік білім беру, тұлғаның кәсіби бағыттылығы, жеке тұлғалық құзырлылық.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың барлық салаларында болып жатқан түбегейлі өзгерістер, соның ішінде интеллектуалдық потенциалымыздың қарқынды дамып өсуі білім беру саласының өзегі болып есептелетін мектебімізге құзырлы, жалпы адами және ұлттық мәдениет жаршысы педагогикалық қызметтің гуманитарлық құндылықтарын бойына сіңірген жаңа тұрпаттағы мұғалімнің келуін қажет ететін объективті сұраныс болып есептелінеді.

Осыған орай бүгінгі күні, еліміздің Білім және Ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының алдына үлкен міндеттер қойып отырғаны да белгілі. Ол өз қызметінің нәтижесін бағдарлап, бағалай алатын, оқу үдерісін жобалап жүзеге асыра білетін, педагогикалық ситуацияларды талдауға қабілетті, өзінің жеке ой-пікірі бар, құзырлы педагог кадрларды дайындау деп танылады.

Бәрімізге белгілі Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған соңғы 20 жыл көлемінде білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан қарқынды, үздіксіз реформалау өзінің жемісті нәтижелерін беруде. Олардың бір қатары.

Үздіксіз білім берудің көп сатылы жүйесі негізіндегі ұлттық білім берудің моделі түзілді. өзінің мазмұны құрлымында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін басшылыққа алатын, кредиттік оқыту жүйесіне негізделген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары дайындайылып білім беру жүйелеріне ендірілді.

Дегенмен оқу жоспарлары мен бағдарламалардың түрлі сапалы құрылымдық өзгерістері мен оқу үдерісін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерінің нормативтік ережелерінің түбегейлі өзгерісіне қарамастан әліде де болса жоғары оқу орындарындағы педагог маман кадрларын дайындау үдерісінде бірқатар кемшіліктер орын алуда. Яғни, педагогикалық қызметтің шығармашылық табиғаты мен оны дайындаудағы бірыңғай репродуктивтік бағыт арасындағы қарма-қайшылықтар сақталуда.

Сондықтан да, бүгінгі таңда болашақ мұғалімді кәсіби педагогикалық дайындау үдерісі бір-бірімен тығыз байланыстағы құрлымдық-функционалдық қатынасқа негізделген тұтас жүйе негізінде жүзеге асыруды қажет етеді.

Осы орайда бүгінгі заманымыздың алдымыздағы қойып отырған нақты талаптарына жауап бере алатын жаңа тұрпаттағы болашақ мұғалімдерді кәсіби педагогикалық дайындау үдерісінің моделі төмендегідей бес бағытта түзілгені белгілі.

Оның бірінші талабы *тұлғаның кәсіби бағыттылығы*, жаңа тұрпатты мұғалімге қойылатын бұл талап негізгі үш құраушы компонентермен сипатталады. Олар болашақ педагогтың тұлғалық, мазмұндық және процессуалдық дайындық деңгейлерін анықтайды. Дайындық деңгейіне қойылатын екінші талап *тұлғаның адамгершілік идеалық ұстанымымен* байланысты яғни мұғалімнің гуманистик және танымдық көз-қарастарын заманауи талаптарға сәйкес қалыптастыру. Жаңа тұрпаттағы мұғалімнің кәсіби педагогикалық деңгейіне қойылатын үшінші талап, *тұлғаның кәсіби қызмет жағдайына бейімделуімен* сипатталады, ол оқытушының психологиялық, технологиялық және кәсіби әдістемелік дайындық бағыттарын көздейді. Төртінші талап *мұғалім тұлғасының инновациялық және шығармашылық іс-әрекетін* дамытуды көздейді. Ол мұғалімнің интегралдық үрдісіндегі бағдарлық, интеллектуалдық қызмет және өз мүмкіндігін бағалау бағыттары бойынша дайындық деңгейіне қойылатын бесінші талап *жеке тұлғалық құзырлылық* яғни оның мәдениеттік, әдіснамалық және өз пәніне бағдарлылық қабілеттіліктерін дамытумен байланысты.

Әрине берілген моделдегі жаңа тұрпаттағы педагог-кадрларды дайындау үдерісі бірі мен бірі тығыз байланыстағы жүйе негізінде жүзеге асырылатын күрделі үдеріс. Дегенмен көрсетілген жүйенің өзегі ретінде кезек күттірмей шешімін табуға тиісті мәселелердің бірі, тұлғаның кәсіби бағыттылығын жетілдіру

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

мәселесі екендігі де белгілі. Кәсіби бағыттылық біз жоғарыды көрсеткеніміздей үш құраушы компонентер негізінде жүзеге асырылады. Олар: тұлғалық, мазмұндық және процессуалдық құраушылар.

Тұлғалық бағыттың алдымызға қойып отырған негізгі міндеттерінің бірі, бізді қоршаған инновациялық-индустриялық өндіріс пен қоғамымыздағы түрлі нәтижелі өзгерістерге тез және еркін бейімделе алатын тұлғаны дамыту мәселесі ретінде қарастылады. Сонымен қатар білім беру үдерісіндегі маңызды инновациялық жүйелерді және содан туындайтын интеллектуальдық ой дамуын бойына сіңірген жаңашыл педагог тұлғасының қалыптасуымен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман мұғалімі даму үдерісіндегі тұлғалық – сапалық сипаты оның кәсіби-педагогикалық деңгейімен, ақыл ой дербестігі мен, гуманистік шеберлігімен және өзін-өзі басқару қабілетілігімен анықталады.

Кәсіби бағыттылықтың негізін құраушы келесі компонент, болашақ мұғалімнің мазмұндық тұрғыдан дайындық деңгейіне қойылатын талаптармен анықталады. Дайындықтың мазмұндық құраушысы болашақ мұғалімнің жүйеленген пәндік, әдістемелік және әдіснамалық білімдер деңгейімен анықталады. Оқытушының бойында дамыған өндірістің ғылыми негізі жөніндегі жүйеленген терең пәндік білім және сол сала бойынша практикалық, зертханалық іс-әрекет жұмыстарын жүргізі алатындай іскерлік пен дағдының қалыптастырылуы мен сипатталады.

Кәсіби бағыттылықтың процессуалдық компоненті педагогикалық қызметтің конструктивтік, коммуникативтік және ұйымдастырушылық бағыттарын қамтитын әдіс-тәсілдер мен дидактикалық жүйелілікке негізделген спатпен анықталады. Осыған орай 5В012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының нормативтік құжаттарын талдау және осы саладағы атқарған біздің көп жылдық педагогикалық қызметіміздің нәтижесі, кәсіптік оқыту мұғалімінің құзреттілігін арттыруды төмендегі қызмет бағыттары бойынша жүзеге асыру өзінің нәтижелі жемісін беретінін көрсетті.

Біздің ойымызша «Кәсіптік оқыту» және «Технология» пәні мұғалімдерінің педагогикалық қызметі төмендегідей сегіз бағытты қамтуды қажет етеді. Олар: ақпараттық, жұмылдыру-бағдарлау, дамытушылық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, конструктивтік, техникалық, зерттеушілік қызметтері. Көрсетілген әр-бір қызметтің мазмұндық сипаты мұғалімнің жалпы мәдени, кәсіби және пәндік бағыттағы құзреттілігін көрсетеді.

**I. Ақпараттық қызмет:** Ақпаратты беретін (тарататын) негізгі құрал ретінде ауызша сөйлеу тәсілдерін меңгеру. Оқу материалдарын еркін меңгеру деңгейі пәнді оқыту теориясы мен практика іс-әрекеттердің, экономикалық, экологиялық, кәсіпке бағдарлау жөніндегі теориялық мағлұматтар. Құралдармен, жабдықтармен, приборлармен, қондырғылармен т.б жұмыс істеу тәсілдерін көрсету әдістерін меңгеру. Аудиовизуальдық құралдарды пайдалану және іске асыруды меңгеру. Қажетті ақпарат көздерін жөніндегі жүйелі білім және оларды пайдалану білу іскерлігі. Еңбек технологиясына оқыту үдерісінде кері байланысты жүзеге асыра алуы меңгеру іскерлік, дағдыны бекіту.

**II. Жұмылдыру-бағдарлау қызметі:** Оқушылардың оқу-еңбек қызметіне қоғамдық мәнді мотивациясын қалыптастырып және оның әдіс-тәсілдерін меңгеру. Оқушылардың еңбек белсенділігі мен танымдық қабілетінің дамуына ықпал ететін білімдері мен жеке тәжірибелерін жүзеге асыруға жұмылдыру. Оқушыларды еңбек мәдениеті мен еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруға үйрету. Оқушылардың еңбек тапсырмаларын орындау барысында жеке және ұжымдық жауапкершілікке, құрал-жабдықтар мен қондырғыларға, пайдаланылатын материалдарға жауапкершілікпен ысрапсыз болуға, қоғамға пайдалы еңбекке ұқыпты қатынастарды тәрбиелеуге қабілеттілікті меңгеру.

**III. Дамытушылық қызмет:** Оқушылардың оқу еңбегіне, еңбек қызметіне деген қызығушылығын арттыру және ынталандыру. Оқушылардың танымдық-шығармашылық және еңбекке деген белсенділігін, техникалық және политехникалық ой-өрісін тереңдету және кеңейту. Еңбекке оқытудың теориясы мен практикасында пәнаралық байланыстарды пайдалану.

**IV. Коммуникативтік қызмет:** Оқу тобының ерекшелігі мен сабақ мақсатына сәйкес оқушыларды психологиялық дайындау (оқу материалының маңызы, проблемалық ситуациялар, міндет қоя білу т.б). Оқу материалының білімділік және тәрбиелік мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын жағдай жасау (түсіндіру, көрсету, пайдалану т.б). Сабақ барысында жағымды эмоционалдық атмосфераны қамтамасыз ету. Оқыту үдерісінде дифференциалдық және жеке дара қатынастарды пайдалану. Білімгерлердің білімі мен іскерлігінің қалыптасуын оның тәрбиелік мәніне сәйкес бағалау. Сабақ барысында туындаған түрлі ситуацияларға тез және орынды бағдар жасай алу.

**V. Ұйымдастырушылық қызмет:** Оқушыларды ғылыми-техникалық шығармашылық пен ауыл-шаруашылық тәжірибие жұмыстары бойынша сыныптан тыс іс-шаралардың бағыттарындағы оқу-еңбек қызметінің түрлеріне тарту, қатыстыру. Сабақтың әр-бір бөліміне бөлінетін уақытына сәйкес оның құрылымын анықтау. Оқушылардың ағымдағы білімі мен іскерлігінің деңгейін қадағалап бақылауды жүзеге асыру. Оқушылардың ұжымдық топтық және жеке дара оқу-еңбек қызметін ұйымдастыру. Сабақтың басталуында және оның барысында практикалық жұмыстарды орындауға нұсқаулар беру. Сабақтың қорытынды бөлімін ұйымдастыру және өткізу, оқушылар жұмысын саралау және бағалау, қорытындылау, келесі сабаққа міндеттер қою, жұмыс орынын және шеберхананы жинастыруды ұйымдастыру. Кәсіпке бағдарлау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу.

**VI. Конструктивтік қызмет:** Мектепте оқушыларды еңбекке дайындаудың жалпы педагогикалық мақсатына сәйкес әр-бір өтілетін сабақтың мақсатын анықтау. Оқушылардың жүйелі техника-



## **М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері**

технологиялық білімдері мен еңбек іскерліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған оқу материалдарын іріктеу. Сабақтың мақсаты мен міндеттеріне, оның білім беру және практикалық бағыттылығына, қоғамға пайдалы мәнділігіне сәйкес еңбек объектілерін таңдау. Оқушылардың дайындық деңгейіне сәйкес пәнді оқытудың перспективтік тақырыптық жоспарларына түзетулер енгізу және шеберханаларды материалдық-техникалық жабдықтау. Оқытудың нәтижелі формалары мен әдістерін жүйелері мен қағидаларын жобалау, оқу-тәрбие үдерісінде мүмкін болатын қиыншылықтарды көре білу. Оқушылардың оқу-тәрбиесінің сапасын көтеру мақсатында мұғалімнің өз бетінше білімін жетілдіруді жоспарлау. Оқу-тәрбие жұмыстарының мақсатына сәйкес «Технология» пәні бойынша оқу-материалдық базаны дамытуды жоспарлау.

**VII. Зерттеушілік қызмет:** Оқушыларды еңбек технологиясына оқытудың және тәрбиелеудің мақсатын белгілейтін оқу-бағдарламалық құжаттарды талдау. Еңбек технологиясына оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелік жүйесін, формалар мен құралдарын талдау, олардың нақты оқу-тәрбие үдерісінде қолданылу мүмкіндігін зерттеу. Ауылшаруашылық және өндіріс технологияларының дамуы жөнінде ақпараттарды зерттеу және жинақталған материалдарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану. Оқушыларды еңбеу технологиясына оқыту мен тәрбиелеудің өсу динамикасының деңгейін анықтау. Мұғалімнің педагогикалық қызметін жетілдіруді бағалау, болжамдау және талдау. Алдыңғы қатарлы жетік педагогикалық және технологиялық тәжірибелерді талдау. Өзбетінше оқу арқылы жаңа арнайы білімдер мен іскерліктерді меңгеру.

**VIII. Техникалық қызмет:** Еңбек технологиясына оқытудың материалдық-техникалық базасын меңгеру құрал-саймандарды, жабдықтарды, технологиялық машиналарды (станоктар, тігін машиналары) пайдалану, жөндеу, реттеу т.б. Керекті кестелерді, эскиздерді, сызбаларды, есептерді жасау және пайдалану. Материалдарды қолмен және механикалық өңдеу, олардан бұйым құрастыру. Конструкциялау мен модельдеу. Оқушылардың еңбек қызметінің нәтижесін техникалық-экономикалық тұрғыдан бағалау. Ғылыми-техникалық басылымдарды жүйелі негізде жаңарту және толықтыру. Өзінің жалпы еңбектік дайындығын кеңейту және бекіту.

«Технология» білім беру саласы білімді де іскер адамды тәрбиелеуді талап етеді. Адамның қайсыбірі болмасын өзінің практикалық іс-әрекетінде әрдайым түрлі мәселелік тапсырмаларды шешеді. Қазіргі кезде оқушыларға меңгертілетін қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін жүйеге келтіруде және оны оқытушылар тарапынан басқаруға байланысты бірқатар талпыныстар жасалуда. Бұл мектептің «Технология» пәні бағдарламалары бөлімдеріне қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер бағыттарын ендіруге байланысты туындап отыр.

Сонымен жоғарыда сараланып көрсетілген «Технология» пәні мұғалімінің педагогикалық қызметінің құраушы компоненттері күзреттілік негізін түзетін жүйе ретінде қарастырылады. Яғни мұғалім тұлғасы іскер, шығармашыл, мәдениетті, мейірімді, энтузиаст т.с. ақыл мінездерді бойында жинап топтастырған кәсіби білікті маман ретінде танылуға тиісті.

### **Әдебиеттер**

1. 5B01200 «Кәсіптік оқыту» мамандығының ҚР МЖМББС- Астана. - 2010. – 36 б.
2. Мамандықтың типтік оқу бағдарламалары. – Шымкент. - 2011. – 180 б.
3. GOSO RK in 5B01200 "Vocational training" - Astana. - 2010. – 36 pages.
4. Standard training programs of specialty. – Shymkent. - 2011. – 180 pages.

### *Резюме*

*В статье рассматриваются структурно-содержательные вопросы педагогической деятельности будущих учителей профессионального обучения. Выделены виды деятельности, которые являются одним из составляющих элементов общей компетентности будущего учителя профессионального обучения. В статье описаны основные направления педагогической деятельности учителя технологии, такие как информационная, мобилизационно-ориентационная, развивающая, коммуникативная, организаторская конструктивная, исследовательская и техническая.*

### *Summary*

*The article discusses the structural and substantive issues of pedagogical activity of the future teachers of vocational training. Highlighted activities, which are one of the constituent elements of the overall competence of the future teachers of vocational training. The article describes the main directions of activity of the teacher pedagogicheskoy technologies, such as information, mobilization and orientation, developing, communicative, constructive organizational, and technical research.*

**Нұржанбаева Ж.О.**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЕҢБЕК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Аңдатпа:** Бірыңғай білім беру-өндірістік орта жағдайында студенттерді дуальді мақсатта даярлаудың тұтас жүйесін құру техника-технологиялық ұстанымдармен қазіргі таңда техникалық саладағы мамандар даярлау үдерісін қайта бағдарлануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіптік білім саласындағы студенттердің тұлғалық дамуы мен педагогтардың ғылыми-әдістемелік сапаларының деңгейіне қазіргі қоғам және заманауи өндірістің қойып отырған талаптары жоғары болып отыр. Нарық қатынастарының қалыптасуы мен дамуы және өндірістегі қарқынды түрде жүріп жатқан техникалық-технологиялық инновациялық үдерістерге болашақ мамандардың жылдам бейімделуі мен сол үдерістің белсенді қатысушысына айналуына мүмкіндік беретін дуальдық оқыту жүйесі.

**Кілттік сөздер:** дуальді оқыту, дуализм, дуальдық жүйе, кәсіптік білім беру, еңбек құндылықтары.

Қазіргі кезеңдегі білім беру парадигмасының инновациялық бағыттылығы бір-бірімен үйлесімді біріккен екі логикалық түйіннен құралған: білім беру (азаматтардың қабілеттіліктерін дамыту) және экономика (адам ресурстарын оңтайлы қолдану). Кәсіптік білім берудің қазіргі кезеңдегі маңызды сипаттамасы интеграциялық үдерістері біріншіден, білім беру жүйесінің өз ішіндегі мазмұндық-құрылымдық өзгерістерге ұшырауы, екіншіден кәсіптік білім беру мен өндірістік саланың өзара әрекет етуі үдерісінің қарқындылығынан көрінеді. Осылайша кәсіптік білім берудегі интеграциялық тенденциялардың екі жақты бірлігі және одан туындайтын үдерістер әдіснамалық категория ретінде дуальдық ұстанымы тұрғысынан жалпығылыми және педагогикалық аспектіде түсінуге алып келеді.

«Дуальдық», «дуализм», «дуалистік» терминдері латын тілінен «dualis-екіжақты» бір абстрактілі жалпыәдіснамалық ұғымды білдіреді[1]. Дуальдық ұғымы көзге де ғылым салаларында кеңінен қолданылады. Философиялық категория ретінде дуализм материалдық және руханилық субстанция (материя және рух, материалдық және руханилық), бір-бірінен ажырамас екі бастаманы білдіреді. Экономикалық мағынада «дуализм» бір елдегі екі өндірістік тәсілдің, еңбек ресурстарының нарығының, тұтынудың, ақша айналымының екі түрі қатар қалыптасқан жағдайда қолданылады.

Педагогикада «дуальдық жүйе» алғаш рет ГФР 1960 жылдың ортасынан бастап кәсіптік оқытудың жаңа формасы ретінде қолданыла бастады. Дуальды оқыту ресми түрде алғаш рет ғылыми айналымға Германияда қолданылғанымен әлемнің барлық елдерінде ерте кезеңнен бастап әртүрлі формада жүзеге асқан. Халықтық педагогикада еңбек тәрбиесімен егіз ұштасқан кәсіп игеру, өз ісінің шебері атану үшін ерте жастан ұстазға, шеберге үйренуге балаларын беріп оқыту дәстүрі болған. Өмірге қажетті кәсіп түрлеріне орай ер балаға, қыз балаларға еңбек тәрбиесіне баули отырып, кәсіп үйреткен [2].

Отандық кәсіптік білім беру тәжірибесіне эксперимент ретінде енгізіліп отырған дуальдық оқыту – әлеуметтік әріптестік, яғни білім беру мекемелері мен еңбек нарығындағы барлық субъектілерімен, олардың институттарымен, аймақтық басқару ұйымдарымен, социумдағы мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен өзара келісімге келе отырып, осы үдеріске қатысушылардың мүдделерін жүзеге асырудағы өзара әріптестікті білдіреді.

Дуальдық оқыту жүйесінің осы әлеуметтік әріптестікті орната отырып, болашақ мамандардың бойында қоғамға және өзіне қажетті құндылық сапаларды қалыптастыруда кешенді түрде ықпал ету мүмкіндігін арттыра түсетіндігін көрсетеді. Болашақ маман үшін маңызды еңбек құндылықтарының қалыптасуына ықпал ететін – еңбек ортасы. Дуальдық оқыту үдерісі барысында студенттер тікелей шынайы еңбек ортасына барады, оларға кәсіпорын тарапынан берілген еңбек операцияларын орындауы барысында көзқарастары, еңбекке деген құлшыныстары, кәсібіне деген қызығушылықтары арта түседі. Әрине іс-тәжірибе барысында осы үдеріске да қатысады, алайда теориялық білімі мен іс-тәжірибелік машық, дағдыларын қатар игерудің тиімділігі жоғары екендігін көрсетіп отыр [3].

Сонымен қатар, әлеуметтік әріптестіктің кәсіптік білім беру саласында мемлекеттің саясатын жүзеге асырудың тиімді тетігі ретінде маңыздылығын бірқатар ғылыми зерттеулерде дәлелденген. Әлеуметтік әріптестік - білім беру мекемелері мен кәсіпорындардың өзара тиімділік және өзара мүдделілік негізінде құрылған байланыстарды орнатады, оны жүзеге асырып, бағыт беретін, ұйымдастыруға белсене қатысушы мемлекеттің әрекеттерін қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік әріптестіктің нәтижелі жүзеге асуына кәсіптік білім беруді ұйымдастыру жаңа принциптерінің жүйесі ықпал етеді. Аталған принциптердің интегративтік негізі «Жұмыс беруші нені оқытуды анықтайды, білім беру мекемелері – қалай оқытуды анықтайды». Осыдан келіп шығатын жетекші қағида «еңбек нарығына қарай бағдар алу»[4].

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

Дуальды модель - бизнестің, болашақ маман мен мемлекеттің мүдделерінің бірлестігі. Бұл мәселенің іске асыру тетігі тұтастай білім беру жүйесін жаңғырту, оқу-тәрбие үдерісін бүгінгі күн талаптарына сай оңтайландыру, дуальды кәсіби білім беруді дамыту, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру мәселелерін кешенді түрде шешу міндеттері жүзеге асырылуы. Дуальды кәсіби білім беру көптеген дамыған елдер тәжірибесінде бар және бұл оқыту жүйесі кеңестік жүйеде де қолданылған болатын.

Қазіргі қоғамда еңбек құндылығының мәні мен мағынасын Н.Назарбаевтың «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты Қазақстан халқына үндеуінде нақтылап берген болатын. Жаһандық дағдарыстың себептерінің бірі болып отырған әлеуметтік масылдыққа жоюдың жолы бәсекеге қабілетті, өз кәсібінің нәсібін көре алатын, өзінің еңбек әрекетінен рухани қанағат табатын, кәсіби маман даярлауға жаңа міндеттер қойған болатын. «Біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Оларға Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Жастарымыз туған Қазақстанда еңбек етіп, өз әлеуеттерін жүзеге асырулары қажет: тұтастай білім беру жүйесін жаңғырту; оқу-тәрбие үдерісін бүгінгі күн талаптарына сай оңтайландыру; дуальды кәсіби білім беруді дамыту мәселелерін кешенді түрде шешу міндеттері жүзеге асырылуы тиіс» [5].

Осы тұрғыдан алғанда, дуальды оқыту жүйесінің болашақ мамандардың кәсіптік құзіреттіліктері мен еңбек құндылықтарын қалыптастырудағы орны мен ролін анықтау мақсатында Шымкент қаласындағы колледж студенттерінің арасында сауалнама жүргізілген болатын, нәтижесінде келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Еңбектің маңыздылығын бағалауда тұлғаның дамуына ықпал ететін көпқырлы аспектілері:

1. Еңбек адамның дене мүшелерін дұрыс жетілуі
2. Ақыл-ойының дұрыс бағдарда қалыптасуы
3. Зейіні мен зеректігін жетілуі
4. Шығармашылық ізденісі
5. Адамгершілік
6. Азаматтық ұстанымы
7. Патриоттық сезімі
8. Өзінің қоғам алдындағы парызы мен жауапкершілік сезімі
9. Жолдастық, достық сезімі
10. Ұжымдағы қарым-қатынас мәдениеті
11. Мінез-құлқының дұрыс қалыптасуы мен өмірде өзінің орнын табуы
12. Өзі сүйіспеншілікпен атқаратын болашақ кәсібін тандауы
13. Таңдаған мамандығынан еңбекке қанағаттануы мен рахат сезіміне бөленуі

Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ететін орта: жанұя, білім беру мекемелері, өзін қоршаған ортасы (достары, сыныптастары және т.б.), кәсіпорын. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан жастарының құндылық бағдарында еңбектің алатын орны:

1. Жоғары жалақы
2. Қызықты жұмыс
3. Достар
4. Мансап
5. Жауапкершілік
6. Белсенділік
7. Еңбексүйгіштік

Еңбек – бұл студенттердің басым бөлігі үшін іс-әрекет түрі ретінде қабылданады, еңбек етудің мақсаты – өзінің және жанұя қажеттіліктерін өтеуге бағытталған. Қазіргі студент кәсіби-тұлғалық және әлеуметтік-статустық ынталылығымен сипатталады. Еңбек құндылығының болашақ маман тұлғасында қалыптасқандығы - қоғамның мүшесі ретінде қоғамдық мәні бар құндылықтарды қабылдауы деңгейін анықтап береді. Қазіргі студенттердің 10 негізгі құндылықтары:

1. Жанұя
2. Материалдық игілік
3. Достар
4. Денсаулық
5. Білім, қызықты жұмыс, өзін таныту
6. Бостандық, дербестік
7. Бедел, атақ-мансап
8. Хобби, спорт
9. Шығармашылық
10. Табиғатқа көзқарас

Дуальді оқытуды ендірудегі кездесіп отырған түйіткілді мәселелеріне қатысты, 2015 жылдың 18 желтоқсан күні М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Кәсіпке баулудың теориясы және әдістемесі» кафедрасының Шымкент қаласындағы №5 колледжі базасында **«Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру мәселелері»** тақырыбында дөңгелек стол ұйымдастырылып, өткізді.

## **М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері**

«Дөңгелек столда»: п.ғ.к., доцент Камалов Ю.Н. «Бәсекеге қабілетті маман даярлаудың өзектілігі» жайлы бірқатар мәселелердің бар екендігіне тоқталып өтті. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру - заман талабы» жайлы п.ғ.д., профессор С.А.Жолдасбекова дуальді оқытудың тиімді тұстарына тоқталып, оның артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасап берді. Ал, кәсіптік білім беру мекемелерінде критериялды бағалау технологиясын қолдану мәселесі бойынша өз пікірімен бөліскен п.ғ.к., аға оқытушы А.С.Ұзақоваға колледж оқытушылары тарапынан көптеген сұрақтар қойылды. Қазіргі техникалық және кәсіптік білім беруді заманауи технологияларсыз елестету мүмкін емес, осыған сәйкес тігін бұйымдарын жобалауда автоматты жобалау жүйесін пайдалану мүмкіндіктері туралы аға оқытушылар С.Ш.Байзахова және Ш.А.Битемирова бинарлық дәріс түрінде даярлаған презентациясы колледж оқытушыларының жаңа инновациялық технологияларды қолдануына бағыт беретін мазмұндағы оқу-әдістемелік құрал ретінде қызу талқыланды, сұрақтар қойылып, жауаптар берілді. Өз кезегінде білім беру мекемелерінде дуальді оқытуды ендіруді ұйымдастырудағы мәселелер бойынша №5 колледжде кездесіп отырған кедергілер мен оны шешудің жолдары жөнінде колледж оқытушылар өз пікірлерімен бөлісті. Докторант Ж.О.Нуржанбаева дуальді оқыту жүйесінде білімгерлердің еңбек құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігіне тоқталып өтті. Болашақ маманның бойында кәсіби шебер атануына маңызды баспалдақ болатын еңбек құндылықтарын қалыптастыру бүгінгі техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселе екендігін «дөңгелек столға» қатысушыларда қызу талқыға салды.

«Дөңгелек столда» қорытынды сөз алған №5 колледж директоры Г.Ж.Тағаева қазіргі таңда дуальді оқытуды ендіру заман талабынан туындап отырғандығын және университет пен колледж арасында оқу-әдістемелік байланыстың нәтижесі бар екендігін атап өтті.

«Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру мәселелері» тақырыбында өткізілген дөңгелек столда келесі ұсыныстар берілді:

1. «Кәсіпке баулудың теориясы және әдістемесі» кафедрасы және №5 колледж арасында дуальді оқыту жүйесін ендіру бойынша оқу-әдістемелік байланысты жандандыру;
2. Болашақ мамандарға дуальді білім беру жүйесіндегі оқытудың жаңа технологиялары бойынша (САПР) мастер-кларстар, семинарлар ұйымдасытырып, өткізу;
3. Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда элективті пәндер енгізу («Кәсіби еңбек құндылықтарының негіздері»).

### **Литература**

1. Взаимодействие учебных заведений и предприятий как компонент интеграции профессионального образования и производства / И.М. Айтуганов [и др.] // Казан. пед. журн. – 2009. – № 2. – С. 3–9.
2. Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасы. Оқу құралы. Алматы. «Глобус», 2013 – 468б.
3. Zholdasbekova S., Nurzhanbaeva Zh. The importance of introduction of a dual system of education in formation of future specialists the work values. International conference of industrial technologies and engineering, Shymkent, Kazakhstan (ICITE) October 30-31, 2014, pages: 503
4. Петров, Ю.Н. Дуальная система инженерно-педагогического образования-инновационная модель современного профессионального образования / Ю.Н. Петров. – Н. Новгород : Изд-во Волж. гос. инженер.-пед.ун-та, 2009. – 280 с.
5. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» // Егемен Қазақстан, 10 шілде, 2012.

### *Резюме*

*В статье предметом исследования являются проблемы внедрения дуального обучения в учебный процесс колледжах. А также возможности формирования трудовых ценностей студентов колледжа в системе дуального обучения. Процесс формирования трудовых ценностей будущих специалистов среднего уровня в системе дуального обучения. Построение системы дуальной целевой подготовки будущих специалистов, ориентированной на реальные потребности регионального рынка труда, конкретных предприятий, социальные и карьерные ожидания молодежи, позволяет на качественно новой основе обеспечить взаимодействие учреждений профессионального образования и предприятий и тем самым обеспечить современное качество подготовки специалистов.*

### *Summary*

*In the article the subject of the study are problems of implementation of the dual training colleges in the learning process. And also the possibility of the formation of labor values of college students in the dual system of education. The process of formation of future labor values of middle-level education in the dual system. Building a system of dual task of training future professionals, focused on the real needs of the regional labor market, specific enterprises, social and career expectations of young people, it allows a qualitatively new basis to ensure cooperation of vocational training institutions and enterprises, thereby ensuring modern quality training.*

**Узақова А.С., Ысқақ А.И., Изгилеуова А.Ш., Қасымова М.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ КРИТЕРИАЛЬДЫ БАҒАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

**Аңдатпа:** Қазіргі кезде республикамызда білім беру ісін жаңартудың демократияландыру мен ұстанымдары ретінде, олардың талабы бойынша оқытудың басты мақсаты — өздігінен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін, әрине, бұған дейінгі білім мен ғылым бойынша атқарылған іс шараларды, жеткен жетістіктерді жүйелі дамытып, ұлттық мектептің оқыту жүйесіндегі үлгілі үдеріс, озат та озық тәжірибелерді қалың көпке кеңінен насихаттап, осы бағыттағы түйінді де келелі мәселелерді дұрыс жолға қою – сауапты істердің, басты талаптардың қатарына жататыны критериальды бағалау технологиясы.

**Кілттік сөздер:** критерийлер, критериалдық бағалау, диагностикалық бағалау, суммативті бағалау, формативті бағалау.

Қазақстан білім беру жүйесінің модернизациясы қарқынды инновациялық үдерістердің қоғамдық болмыстағы құбылыс сипаты себеп болып отыр. Білім беру үдерісінің түбегейлі өзгерісі оқушының білім алуымен бірге, оның тұлғалық және субъектілік қасиеттерін жете дамытумен, қоғамның демократиялануымен және ізгілендірілуімен байланыстырылады. Кез-келген білім беру деңгейлерінде аталған қасиеттегі маманды даярлау болсын, оқушыны тәрбиелеу мен оқыту болсын білім беру тұрғылары білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру, басқару іс-әрекеттерінің формасы мен мазмұнын жетілдіру ғана көзделмей, педагогика ғылымының теориясын, білім беру мазмұнын, білім беру мен тәрбиелеудің формаларын, әдістері мен құралдарын жаңашаландыру, соның ішінде дидактика бөлімінің құрылымдық элементі – білімді бағалау жүйесінде өзгерту ғылым мен тәжірибенің өзекті проблемасына айналып отыр [1].

Дәстүрлі бес балдық бағалау жүйесі орта ғасырдан бері қалыптасып өзінің орнықтылығын дидактикада қатаң сақтап, қарапайымдылығымен және универсалдылығымен осы уақытқа дейін тәжірибесі дүниежүзілік білім кеңістігінде өз мәртебесін жоғалтпай келеді. Бірақ, педагогика ғылымы мен білім беру тәжірибесінде артықшылығымен бірге, оның біршама кемшіліктері де жеткілікті. Әсіресе, дәстүрлі бағалау жүйесі педагогтың «қорқыту» құралына айналып, оқушының психологиялық дағдарыс пен күйзелістеріне ерте жастан ұшырауына басты кемшілік болып келеді. Аталған бағалау жүйесін жаңа бағалау тұрғыларымен және жүйелерімен алмастыруға, мысалы, сынақ-рейтингтік бағалау, мониторинг, портфолио, критериалдық бағалау сияқты түрлері педагогика ғылымында біршама зерттеу жұмыстары жүргізілгені байқалды.

Білім беру саласында бақылау мен бағалау іс-әрекеттерін көптеген педагог-ғалымдардың зерттеу назарында болған. Оларға мына педагог-ғалымдар қарастырды: В.С. Аванесов [2], В.В. Гузев [3], В.И. Звонников [4], Т.И. Шамова [5], Н.Ф. Талызина [6], Г.А. Цукерман [7] және т.б.

Жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың оқу білімге деген қызығушылығын арттыра отырып, әрбір оқушының оқудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі жеткен табыстарын жан - жақты және әділ бағалай білу ерекше орын келеде. Олар келесі реттілікте орналастырға болады:

- кәсіпке оқытудың әр кезеңіндегі білімдерін бағалау жөнінде білім алушыларға нақты түсінік беру; - ұстаздың сабақты ұйымдастыруы мен материалдық жабдықтауы, оларды жоспарлау жұмыстарын бағалау және оларды сабақтан тыс, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен басқаруда ескеру; - білім алушылардың пәндік білім, білік, дағдыларын және адамгершілік нормалары бағдарлы, жалпы адами және ұлттық құндылықтар тұрғысындағы іс - әрекет тәсілдерін меңгеру бойынша жетістіктерін көрсететін нақты нәтижелерді бағалау; - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау;

- білім алушының оқу іс - әрекеттері тәсілдерін саралау үш деңгей аясында жүзеге асыру мәселесін қарастыру; - критерийлік – бағдарланған шкала нақты оқу үдерісі аясында білім, білік және құзырлықтарды берілген деңгейіне қаншалықты қол жеткізетіндігін анықтауға мүмкіндік беретін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы болып табылатынын ескеру;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етуде білім берудің белгілі бір деңгейдегі білім беру стандарты аясындағы әрбір пәнді оқытуда орындалатын оқу іс - әрекетінің барлық түрінен алған ұпайларын жинау арқылы қол жеткізіледі. Бағаның объективтілігі білім алушылардың білімін және олардың іс - әрекеттерінен күтілетін нәтижелер жүйесі негізінде оқушының оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау.

- өз жетістіктерін бағалау - өзін - өзі тексеру мен бақылау, өзінің іс - әрекетін сыни тұрғыда бағалау, қателерді айқындау және оларды жоюдың жолдарын табу, сондай – ақ бағалау критерилерін анықтай алу болып табылатын білім алушылардың өз іс - әрекеттерінің нәтижелерін алдын - ала өзіндік бақылауын ескеру. Оқытуды бағалау - бұл білім беру жүйесінің ең қажетті және маңызды элементі. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың оқу білімге деген қызығушылығын арттыра отырып, әрбір оқушының оқудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі жеткен табыстарын жан - жақты және әділ бағалай білу керек.

## ***М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері***

Қазіргі кезде республикамызда білім беру ісін жаңартудың демократияландыру мен ұстанымдары ретінде, олардың талабы бойынша оқытудың басты мақсаты — өздігінен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін, әрине, бұған дейінгі білім мен ғылым бойынша атқарылған іс шараларды, жеткен жетістіктерді жүйелі дамытып, ұлттық мектептің оқыту жүйесіндегі үлгілі үдеріс, озат та озық тәжірибелерді қалың көпке кеңінен насихаттап, осы бағыттағы түйінді де келелі мәселелерді дұрыс жолға қою – сауапты істердің, басты талаптардың қатарына жататынын білеміз. Мұның өзі сайып келгенде, қоғамдық өмірдегі өскелең өзгерістерді жіті таразылап, қазіргі кезеңдегі оқу жүйесіне, тәлім-тәрбие ісіне сергек қарауды қажетсінеді. Еліміздің білім беру жүйесінде түбірлі өзгерістер мен жаңашылдық Дүниежүзілік білім стандарты кеңістігі деңгейіне жету жолында қадамдар жасалуда. Оған дәлел 2011-2020 жылғы Білім беруді дамыту бағдарламасына сәйкес, Кембридж университеті мамандары мен Назарбаев Зияткерлік мектебінің ұйымдастыруымен елімізде, Қазақстанда, үш айлық курстың өткізіліп жатқаны. Осы біліктілікті арттыру курсына оқып-үйренгендердің ішінен, мені қатты толғандырған – оқуды бағалау және оқыту үшін бағалау болды.

Осы уақытқа дейін жазбаша, ауызша түрде баға қою жолымен бағалап келдік.

Қазіргі Қазақстан білім беру саласында оқушылардың оқу жетістігін бағалау жүйесі американдық психологы Бенджамин Блумның [8] ұсынған таксономиясы бойынша бағалауды қолға алып, білім берудің оқу үдерісіне енгізу үстінде. Жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбегінде жаңаша білімді бақылау мен тексерудің жалпы теориялық негіздері, әдіснамалық теориялары жете қарастырылғанымен жеке оқу пәндеріне, әсіресе, кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы мамандықтардың **критериальды бағалау технологиясын қолдану** білімді бағалау таксономиясын жасау технологиясы және оны тәжірибеде қолдану тәртібі, яғни, процессуалдылық тұрғысының жеткіліксіздігі байқалды.

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериальды бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

Бағалау дегеніміз не? «Бағалау» термині «жакын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады.

Бағалау – келешек оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

### ***Критериальды бағалаудың мақсаты:***

- Кәсіптік білім беру мекемелерінде оқыту сапасын жоғарлату;
- Кәсіптік білім беру мекемелерінде білімгерлердің
- білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

### ***Критериальды бағалаудың міндеттері:***

- Сабақтың әр бөліктеріндегі әрбілімгердің дайындық деңгейін анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарының орындалу қабілеті;
- Білімгердің жеке даму жетістігін бақылауға;
- Білімгердің білімалу барысындағы қателіктері мен олқылықтарына айқындауға;
- Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өзбағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы білімгер мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге.

### ***Практикалық маңызы***

- Тек қана білімгердің жұмысы бағаланады;
- Орындалған жұмыс салдына белгілі үлгі (эталонмен) салыстырылады;
- Білімгер өзіннің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі және ата-анасына ақпарат береді;
- Критериальды бағалау белгілі оқу мақсаты бойынша бағаланады.

### ***Меңгеру:***

Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша білімді жинақтау жүйесін, Формативті және суммативті бағалау негіздерін, Білімгерлердің оқу жетістіктерін бағалау жүйесін,

### ***Бағалау жүйесі:***

Баға қою барысында қолданылатын шкала;

Баға қоюдың кезеңділігі;

Білім беру үрдісінің барлық субъектілері арасындағы байланыс механизмі;

Білімгерлердің өзінің қаншалықты жетік меңгергенін анықтау механизмі.

### ***Бағалаудың негізгі міндеттері:***

- Оқыту нәтижелерін бақылау, салдарын болжау;

## М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері

- Керібайланыстықамтамасызету;
- Белгіленгенмақсатқажетудәрежесінбағалау;
- Оқуүдерісініңәртүрлікезеңіндегібілімгерлердіңтанымдықіс-әрекетінбасқару.

### Блум таксономиясы бойынша критерийлерге сипаттама беру

Бағалау критерийлері	Мазмұндық сипаты
Білім	Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.
Түсіну	Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады: <i>Трансляция</i> – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.); <i>Интерпретация</i> – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау; <i>Жорамалдау</i> – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.
Қолдану	Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіне деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.
Жинақтау	Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді. Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру.
Талдау	Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, т.б.), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.
Баға (сыниөзіндік пікір)	Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Қорытынды: Білімгерлердің оқу жетістіктерін уақытылы тіркеп отыруды ұмытпау.

#### Қазіргі замандағы бағалау болуы тиіс:

- *икемді*
- *көпқұралды*
- *түсінікті*
- *психологиялықжайлы*

\* *көпқұрамды*: диагностикалық, суммативтіжәнеформативтібағалау

**Диагностикалық бағалау**– оқушының біліктілігін және білім, білік, дағдының қалыптасуының бастапқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе тарауды, бөлімді, тақырыпты өтуді алғашқы сабағында өткізіледі.

**Диагностикалық бағалау** мұғалімге оқушылардың тапсырысына жауап бере алатындай етіп оқу жоспарын түзетуге, оқыту және оқу барысында туындайтын қиындықты бағдарлауға мүмкіндік береді.

Суммативті немесе қорытынды бағалау (емтихан, қорытынды тест т.б.) белгілі бір уақыт кезеңінде оқушылардың оқу нәтижелерін айқындайды.

- Бағалаудың *формасын және тәсілдерін* оқытушы анықтайды

- *Дәрісханада басты тұлға* - оқытушы.

**Суммативті бағалау.** Суммативті бағалау бақылау жұмысының түрлерін өткізуде қолданылады. Бақылау жұмысын құру барысында ескеретін жағдай: бақылау жұмысының сұрақтары мен тапсырмалары өтілген материалды есте сақтау қабілетін ғана тексеріп қоймай, сонымен қатар жоғары деңгейлік дағдыларды да дамыту қажет.

Осындай тапсырмаларды құру кезінде Блумтоптамасында көрсетілген оқыту мақсатының деңгейлеріне сүйенуге болады (1956).

\* «Есте сақтау» деңгейінде оқушы еске түсіріп, қайта тұжырымдап, өтілген материалды есте сақтайды.

\* «Түсіну» деңгейінде оқушы материалды өз сөзімен түсіндіру, аудару немесе кестелер арқылы түсінеді.

\* «Қолдану» деңгейінде оқушы материалды басқа контексте қарастырып қолданады.

\* «Талдау» деңгейінде оқушы өтілген материалдың бір бөлігін, компонентін немесе элементін талдайды.

\* «Бағалау» деңгейінде оқушы рефлексия, сыни бағалау арқылы шешім жасайды.



## М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері

\* «Кұру» деңгейінде оқушы өтілген материалды қолдана отырып жаңа идеялар құрады.

### Формативті бағалау.

\* Күнделікті тәжірибеде - қолданылады (сабақ сайын, күн сайын);

\* Ілгері басуды (прогресс) қамтамасыз ететін кері байланыс;

\* Оқытушыға сыныптың үлгерімін қадағалауға көмектеседі;

Сонымен, формативті бағалау мынандай қызметтер атқарады: қалыптастырушы, ынталандырушы.

### Формативті бағалау:

\* Ағымдық бақылау - оқушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеру. Пән бойынша ағымдық үлгерімнің бақылауын пәннің оқу бағдарламасына сәйкес, топта білім беретін оқытушы өткізеді.

\* Ағымдық бақылау түрлері ауызша сауалнама, тесттілеу, есеп шығару, эссе жазу, дөңгелек үстел, кейс-стади және т.б. қамтуы мүмкін.

### Формативті және суммативті бағалау арасындағы айырмашылық қандай?

Өсімдікпен үйлестіріп қарасақ

Егер біздің оқушыгер – өсімдіктер болса, онда...

Формативті бағалау бұл өсімдіктерді қажетіне қарай суару, құнарландыру, яғни олардың өсуіне тікелей ықпал ету.

Өсімдікті қорытынды бағалау - бұл оларды өлшеу процессі. Өлшемді салыстырып, болжағанмен олар өз өзінен өсімдіктің өсуіне ықпал жасамайды. Сол себепті, формативті бағалау оқытудың ең маңызды факторы.

### Формативті бағалау:

\* Жеке тұлғаға бағыттап оқытуға лайықты;

\* Жүйелілік сипаты бар;

\* Тек нәтиже ғана емес, үдерісте те бағаланады;

\* Жеке тұлғалық және метапәндік қабілеттер қалыптасады;

Во-первых, клонирование человека - это прежде всего результат научного творчества ученых. Таким образом, на это явление отчасти распространяются нормы, регулирующие эту деятельность. Во-вторых, на сегодня такая процедура может быть осуществлена лишь в качестве биомедицинского эксперимента. Таким образом, правовое регулирование клонирования человека должно учитывать нормы, регулирующие порядок проведения биомедицинских экспериментов. В-третьих, социальные последствия клонирования человека позволяют обсуждать возможность отнесения этой технологии к группе репродуктивных прав. Как уже оговаривалось ранее, технология клонирования не предполагает создания "нового" существа, генотип которого образуется благодаря слиянию двух различных геномов - мужского и женского. Результатом этой процедуры является создание копии уже существующего (или существовавшего) человека. Существо, полученное способом клонирования, можно будет назвать "запоздалым близнецом", братом или сестрой человека, ДНК которого используют при клонировании. В связи с этим клонирование не может считаться продолжением рода в полном смысле слова. Необходимо также учесть, что при осуществлении клонирования в качестве помощи бесплодным семейным парам могут быть задействованы два лица: человек, давший свою ДНК, и женщина, давшая свой ооцит, одновременно являющаяся суррогатной матерью, либо три лица: человек, давший свою ДНК, женщина, давшая свой ооцит, женщина - суррогатная мать. В связи с этим возникает вопрос о юридическом определении отношения каждого из этих людей к ребенку, так как это непосредственно отразится на его наследственных и других правах.

Механизм клонирования предполагает создание копии человека (брата или сестры), а также участие множества лиц - нескольких доноров и суррогатной матери. Поэтому, на наш взгляд, родителями ребенка, произведенного таким путем, смогут называться люди, которые юридически оформят его усыновление. Усыновление не считается репродукцией, оно является реализацией права на семью. Вышесказанное свидетельствует о том, что клонирование человека не должно быть отнесено к репродукции, а значит, и к

репродуктивным правам. Помимо всего прочего, клонирование отличается от репродуктивных технологий еще и тем, что технически вообще исключает возможность существования у ребенка отца.

Является ли клонирование человека действительно реальным? Должны ли вообще существовать клоны человека? Со времени рождения клонированной овцы, Долли, в 1997 году в Шотландии, такие вопросы задаются часто. 27 декабря 2002 года, Клонайд (Clonaid), основатель культа Реэлиан (Raëlian) во Флориде, объявил о рождении девочки методом бесполого репродуктивного копирования (т.е. путём клонирования). Клонайд заявил, что ребенок был создан посредством клеточную фузии и электрической стимуляции клетки кожи женщины 31-го года и яйцеклетки с извлеченным ядром. Затем, якобы, эмбрион, созданный этим методом, был имплантирован в матку-заменитель матери, где и развивался вплоть до самого рождения. Это заявление вызвало еще больше вопросов у научных организаций и учёных всего мира, а также и осуждение, связанного с нравственно стороной вопроса. Вопрос состоит не в том, был ли клон человека действительно создан, или в том, действительно ли эта кампания имеет технические способности создавать людей. Настоящий вопрос состоит в том, что клонирование человека, само по себе, является нарушением морали и этики человека.

Правительство Казахстана ужесточило ответственность за клонирование человека, были соответствующие поправки в законодательство.

Согласно ст.129 УК РК «Клонирование человека или использование человеческого эмбриона в коммерческих, военных или промышленных целях, а равно вывоз половых клеток или человеческого эмбриона из РК в этих же целях, наказывается лишением свободы на срок до трех лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до двух лет или без такового, то же деяние, совершенное группой лиц, или группой лиц по предварительному сговору, или организованной группой, или неоднократно, наказываются лишением свободы на срок от четырех до семи лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет или без такового, те же деяния, совершенные преступной группой наказываются лишением свободы на срок от семи до десяти лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до пяти».

Согласно пояснению разработчиков, «данная статья включена в целях установления на законодательном уровне уголовного наказания за нарушение законодательства о генно-инженерной деятельности».

Уголовную ответственность за клонирование человека предлагали ввести еще три года назад, однако тогда эта инициатива реализована не была.

Мы знаем, что у людей есть не только физические тела, но также души, мысли и нравственные стандарты и коды поступков человека. Поэтому, люди могут быть радостными, злыми, печальными или счастливыми, и у них существует разум. Это является фундаментальным различием между людьми и животными. Что, если, в противовес этому, «клон», созданный путём переноса ДНК, будет иметь только тело без человеческих мыслей и отличительных черт человека. Это существо будет подобно пустой оболочке без души. Так называемая, технология клонирования, распознает только физическую материю людей, но не духовность людей. Она принимает человека просто за объект и превращает людей в объекты, которые могут быть контролируемыми технологией. Если такой технологии позволить продуцировать, она будет продолжать идти по опасному пути, пока люди не станут продуктами, которые будут создаваться в широких масштабах.

В добавление, трансплантация органов пациенту от клонированного человека, чьи донорские качества идентичны с генами пациента, не является желаемой объективностью. Жизнь человека, даже жизнь клонированного человека, не должна рассматриваться как потребительский продукт. Даже эмбрион человека на самом начальном уровне, как предполагается, имеет жизнь. Поэтому, это не этично, а также аморально создавать человеческую жизнь, не более чем для того, чтобы использовать клетки, а затем уничтожать её. Все страны Европейского Сообщества согласны с тем, что людей, включая эмбрионы человека, нельзя убивать ради спасения жизни других.

Принять клонирование человека трудно не только с точки зрения этики, есть серьёзное беспокойство и с технической точки зрения. Хотя клонированные животные уже существуют, включая клонированных крыс, овец и свиней, было обнаружено, что у них часто развиваются физические дефекты или их настигает преждевременная смерть.

В настоящее время, только несколько стран приняли закон о запрещении дублирования людей, включая Англию, Израиль и Германию. Хотя США не имеет закона, запрещающего клонирование людей, президент Буш призвал Конгресс издать законы, которые остановят клонирование людей и человеческих эмбрионов для медицинских исследований. Ватикан верит, что жизнь начинается с беременности, и осуждает клонирование людей, потому что много эмбрионов будет уничтожено в процессе клонирования. Институт Науки Жизни Ватикана призвал издать законы для наказания подобных нарушений против человечества, любые попытки такого вида преступлений против человечества, с целью предотвратить все, что может создавать подобие существующему в природе. Такие законы заставят людей избегать создавать такие ужасы. Британский эксперт по этике

## **М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері**

воссоздания людей, господин Дикерсон (Dickerson), говорит, что международное сообщество должно подписать соглашение, чтобы запретить дублирование людей. Он заявляет, что страны должны кооперировать на международном уровне в вопросах проведения расследования в отношении тех ученых, которые хотят заниматься подобными делами, так как это идет вразрез с понятиями человеческого достоинства и нарушает права человека. Мы должны отсечь все корни этого побега и не оставить места, где бы они смогли спрятаться. Люди не имеют права делать это, прикрываясь идеей научных исследований.

### **Литература**

1. О временном запрете на клонирование человека: Федеральный закон от 20 мая 2002 г. № 54-ФЗ // СЗ РК . 27 мая 2002. № 21. Ст. 1917.
2. Дегтерев Н.Д. Клонирование: правда и вымысел. – СПб.: ИК Невский проспект, 2002.
3. Последний поклон // Ломоносов. 2003. № 3.
4. Ненси Л. Джоунс. Этика терапевтического клонирования человека. Перевод с англ. Е. Канищевой. // <http://www.scienceandapologetics.org/text/144.htm>
5. Прокопенко Ю. Общественное мнение о запрете клонирования // <http://centruug.ru/>
6. Ненси Л. Джоунс. Этика терапевтического клонирования человека. Перевод с англ. Е. Канищевой. // <http://www.scienceandapologetics.org/text/144.htm>
7. Прокопенко Ю. Общественное мнение о запрете клонирования // <http://centruug.ru/>
8. Коммюнике стран "Большой восьмерки", подписанное в Денвере 22 июня 1997 г. //
9. Уголовный Кодекс РК от 01.01.2015г.

### *Түйін*

*Бұл мақалада адамдардан клон жасау проблемалары қаралған. Құқықтық баға бере отырып, заң шығарушылар бұл мәселенің медициналық, әлеуметтік қырларын айтады. Адамдардан клон жасау - бұл біріншіден, ғалымдардың шығармашылығы, еңбектері, екіншіден – адамдардың клеткаларынан клон жасау, былайша айтқанда копия жасау. Қазақстан Республикасындағы бұл мәселе бойынша заң шығарушылар жаңа шыққан Қылмыстық Кодексіне өзгертулер еңгізген, мысалы қылмыстық жауаптылық үш жылдан бастап, аса ауыр жағдайларда он жылға дейін болады.мақалада адамдардан клон жасау проблемалары салыстырмалы түрде берілген, дүние жүзінде осы мәселе жөнінде әртүрлі пікірлер мен анықтамалар берілген.*

### *Summary*

*In making a legal assessment of human cloning some lawmakers see it primarily biomedical procedure, the other - a social phenomenon (creation of genetically identical individuals). However, we must bear in mind that in the latter case, the cloning - just one of the ways to achieve this goal. In this connection it is necessary to formulate a general legal norms reflecting (positive or negative) attitude to the creation of human beings genetically identical exist or have existed human beings by cloning, embryo division or in any other way. First, human cloning - is primarily the result of scientific work of scientists. Thus, this phenomenon is in part subject to the rules governing this activity. Second, today such a procedure may be carried out only as a biomedical experiment. Thus, the legal regulation of human cloning should take into account the rules governing the conduct of biomedical experiments.*

**Есімқұлов С.Т., Избасар Т., Тұрлыбеков Қ.Т.**

## **АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ РЕНТА ШАРТЫНЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН МАЗМҰНЫ**

**Кілттік сөздер:** Коммерциялық емес заңды тұлға, құқықтық мирасқорлық, сингулярлық мирасқорлық, ақшалай сома, сатып алу-сату шарты.

Тұрақты рента шартының элементтеріне тоқталар болсақ, олардың тараптары рента алушы және рента төлеуші болып табылады. Тұрақты рента алушылары азаматтар және коммерциялық емес ұйымдар болып келеді. Азаматтар ренталық қатынастарда тұрақты рента алушысы болып, үш жағдайда ондай мүмкіндікке ие бола алады:

- а) егер олар мүлік иелері болса және мүлік олармен рентаға берілсе;
- ә) тұрақты рентаны алушы мұрагерлік салдарынан құқықтық мирасқор болса;
- б) тұрақты рента азаматтар пайдасына басқа бір тұлғамен шарт арқылы қарастырылса, яғни үшінші тұлға пайдасына жасалған шарт орын алса [1].

Азаматтарды кәсіпкер ретінде тіркеу олардың тұрақты ренталық төлемдерді алуы үшін кедергі болмайды, себебі бұндай жағдайларда азамат өзіне жататын жалпы құқық қабілеттілікке негізделіп рента қатынастарына да қатыса береді.

Тұрақты рента алушы ретінде егер бұл олардың мақсатына және қызметіне сай келсе коммерциялық емес ұйымдар да әрекет ете алады. Бірақ Қазақстан Республикасында мемлекеттік мекемелер тұрақты рента

алушы бола алмайды, себебі олар мемлекеттік бюджеттен тыс көздерден қаржыландырылуы мүмкін емес. Барлық жеке меншікке негізделген бола алады. Ренталық төлемдер ретінде ақшаны алу коммерциялық емес ұйымдарға олар құрылған мақсаттардағы қандай да болсын қызметті жүзеге асыруға мүмкіншілік береді. Ренталық төлемдер есебінен қаржыландырылуға тиым тікелей жарғыларда қарастырылуы мүмкін, бірақ та оларды тәжірибелі (нақты) бекіту ақыл ойға сыйыса бермейді.

Коммерциялық емес заңды тұлғаларда олардың пайдасына өзге тұлғалармен орнатылған тұрақты рентаның алушылары бола алады. Коммерциялық емес ұйымдардың пайдасындағы рентаны алушылардың қатары өзгеріп тұруы мүмкін.

ҚР АҚ 523 бабының 2-тармағына сәйкес олардың құқықтары заңды тұлғалар қайта құрылуы нәтижесіндегі құқықтық мирасқорлық арқылы өтуі (ауысуы) мүмкін[2]. Яғни, егер екі жекеменшік мекеме біріккен болса және с.с., онда олардың біреуінің тұрақты рентаны алуға құқығы жаңадан пайда болған коммерциялық емес заңды тұлғаға ауысады. Алайда, қайта құру нәтижесінде коммерциялық заңды тұлға болса, онда рентаны төлеу тоқтатылады. Сол сияқты мұра иесіз қалатын болса, рента бойынша мемлекет пайдасына (тарапына) өткізіліп, құқықтық мирасқорлық орын алмайды. Тұрақты рентаны алуға құқық өзге (жеке немесе заңды) тұлғаға ішінара сингулярлық мирасқорлық негізінде талап етуді беру арқылы ауысуы мүмкін. Егерде талап етуді беруге тиым немесе оны төлеушімен келістіру талабы тұрақты рента шартының өзінде ұсталмаса онда талап етуді беру рента төлеушісі келісімінсіз де жүзеге асырылуы мүмкін.

Тұрақты рентаны төлеушілері болып азаматтар (жеке тұлғалар) және осыған оларға тиым салынбаса (заңнама бойынша немесе құрылтайшы құжаттармен) коммерциялық, коммерциялық емес заңды тұлғалар келуі мүмкін.

Тұрақты рента шартының нысанасы бір жағынан рента төленуі үшін иеліктен шығармайтын мүлікті, екінші жағынан ренталық төлемдерді қамтиды. Тұра (формалды) түрде заңнама ренталық шарт нысанасы болып келе алатын мүлік тізімін (түрлерін) шектемейді, бірақ іс жүзінде ренталық шарт жылжымайтын (қозғалмайтын) мүлікке билікті жүзеге асыруға қолайлырақ болып келеді. Рента болса, ол көбінесе (жиірек) ақшалай қанағаттандыру (асырау). Ақша орнына заттай (натуралды) қанағаттандыру (асырау) берілуі мүмкін. Ол кездерде заттар беріледі, жұмыс орындалады немесе қызмет көрсетіледі. Көрсетілетін қызметтер құқыққа сәйкес болуы керек. Заттай (натуралды) қанағаттандырудың сомасы, тұрақты рента шартында көрсетілген ақшалай сомаға сәйкес (тең) болуы керек. Аралас қанағаттандыру (асырау) мүмкін болады, егер ол бір бөлігінде заттай, қалған бөлігінде ақшалай берілген жағдайда [3].

Тұрақты рента шартына қатысты рента төлеушінің меншігіне берілетін мүліктің бағасы, ренталық төлемдердің мөлшері және тұрақты рентаны сатып алу бағасы туралы айтуға болады.

Рента шартының тәуекелге негізделгеніне байланысты оның бағасы шартты түрде анықталады, қателесулер (тұрақсыздық) орын алуы да мүмкін, себебі есепке мүліктік тек таза құны ғана емес, болашақта алынар деген ренталық төлемдердің көлемі де алынады. Рентаның ең төмен сомасы (мөлшері) тұрақты рента шарты бойынша қарастырылмаған. Рентаны бағаның дәстүрлі түсінігіне келтіру өте қиын. Оны анықтауға қатысты белгілі (тұрақты) көрсеткіштер (өлшемдер) қалыптасып үлгерген жоқ. Ал тауарлар, жұмыстар, қызметтер бағалары жөнінде айтатын болсақ, олар үшін нарық жағдайында баға қалыптастыру тетігі дайын. Осыны ескеріп, біз болашақта рента бағасын анықтауға (ол жөнінде қорытынды жасауға) мүмкіншілік беретін өндемелер (әдістемелер) пайда болуы керек екенін айтамыз.

Қалай болса да (қиындылықтарға қарамастан) бекітілген сан тұрақты рентаның мөлшері тараптар үшін міндетті болып келеді. Мерзімді (ұзаққа созылатын) төлемдер болғасын рента инфляциядан қорғалу шарасы ретінде оны индекстеуді талап етеді. Шартпен өзгешелік қарастырылмаса, төленетін рентаның мөлшері заңнама бекіткен айлық есептеу көрсеткіштің өзгеруіне пропорционалды өзгереді [4].

Тұрақты рентаның төлеуші сатып алу бағасы дегеніміз бұл, оны төлеген жағдайда, алушы алдындағы міндеттемесінен босатылатын ақшалай сома. Заңи табиғаты бойынша оны міндеттемені тоқтатудың бір тәсілі, бас тарту төлемі ретінде бағалауға болады (ҚР АҚ 369 бабы). Сатып алу бағасы шартпен анықталады. Шарттың өзінде сатып алу бағасы туралы жағдайлар қарастырылмаса, сатып алу ренталық төлемдердің бір жылдық сомасына сәйкес келетін баға бойынша жүргізіледі. Рента төлеушіге тегін берілген мүліктің сатып алу бағасы шартпен бекітілмесе, ол мүліктің құнынан және біржылдық ренталық төлемдердің сомасынан құрылады.

Тұрақты рента мерзімсіз төленеді, яғни оны төлеу міндеті өз бетімен тоқтатылуы мүмкін емес. Сондықтан бұл мәселенің құқықтық мәні міндеттемені орындау мерзіміне беріледі, олар болса төлемдердің мерзімділігіне тіреледі. Төлемдердің мерзімділігі шарттың өзінде анықталмаса, тұрақты рента әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталуымен төленуі керек. Сөйтіп, төлем күні жаңа басталған тоқсанның бірінші күнімен анықталады, көрсетілген (тиісті) мерзімде төлемді жасамау мерзімді өткізіп алуға әкеліп соғады.

Ал шарт мазмұнына тоқталар болсақ, рента шартының мазмұны сатып алу-сату шартының мазмұны сияқты көлемді болып келмейді. Бірақ, оның мазмұнын кеңейтіп қарауға да болады, себебі бұдан бұрын айтылғандай, рента шартының қатысушыларында (тараптарында) сыйға тарту, сатып алу-сату шарттарының қатысушыларындағыдай құқықтар мен міндеттері пайда болады (қарастырылуы мүмкін). Рента төлеушінің негізгі міндеті шартпен қарастырылған ренталық төлемдерді тиісті мерзімдерде төлеп тұруда болып келеді. Рентаны төлеуші рентаны сатып алу арқылы оны төлеуден бас тарта алады.



Осындай жағдайда (рентаны телеуден бас тартатын болса) рента төлеушісі өзінің бас тартатыны туралы рента төленуі тоқтатылуына дейін үш айдан кем болмайтын мерзімде рента алушысына хабарлауға міндетті. Бас тарту туралы хабарлау үшін, ұзақтау болып келетін мерзімдер, шартпен қарастырылуы мүмкін. Рента алушысы барлық тиесілі сомаларды алмайынша рента міндеттемесі тоқтатылмайды. Рентаны сатып алудың өзге тәртібі, сатып алу сомасын бөлшектеп төлеу, аралас нысанда төлеу және т.б. шартпен қарастырылуы мүмкін.

Тұрақты рента шарты рентаны сатып алу құқығы рента алушының өмірі бойы немесе өзге мерзім ішінде жүзеге асырылуы мүмкін болмайтынын қарастыра алады. Алайда осындай шектейтін мерзім шарт жасалған сәттен отыз жылдан аспауы керек. Рента төлеушісі рентаны сатып алу құқығынан толығынан бас тартатынын бекітетін шарт (оның бөлек жағдайы) жарамсыз болып келеді.

Ертерек айтылғандай, рентаны алушыда тек құқықтар болады. Ол ренталық асыраудың дер кезінде уақтылы және тиісті төленуін талап ете алады. Кейбір жағдайларда рента алушының рента телеушіден оның рентаны сатып алғанын талап етуге құқығы пайда болады. Бұл құқықтың негіздемелеріне мыналар жатады:

1) рента төлеушінің рента төлеу мерзімін бір жылдан астам уақытқа өткізіп алуы (өзге мерзімдер шартпен қарастырыла алады);

2) рента телеушінің ренталық міндеттемені қамтамасыз ету (мүлікті кепілге беру ж.б.) бойынша, рента алушы алдындағы өзінің жауапкершілігін сақтандыру бойынша міндеттерін бұзуы;

3) рента төлеушіні төлемге қабілетсіз деп тану, немесе рента шартта қарастырылған мөлшерде және мерзімдерде төленбейтінін дәлелдейтін (көрсететін) өзге жағдайлардың пайда болуы;

4) рента төленуі үшін берілген жылжымайтын мүлік ортақ меншікке айналуы немесе бірнеше тұлғалар арасында бөлінуі;

5) шартпен көзделген өзге жағдайлар. Мысалы рентаның тиісті емес нысанда төлеу, тұрақты рента төленуі үшін берілген мүліктің өзге тұлғаға өтуі және басқалар [5].

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар орын алатын болса, рента алушының біржақты әрекеттеріне байланысты төлеушінің рентаны сатып алуға қатысты (бойынша) міндеті пайда болады.

Бұл міндет орындалмаса рентаны алушы кепілдік нысанасына өндіріс айналдыруға немесе міндеттемелер орындалуын қамтамасыз ететін өзге тетігін қолдануға және рентаны сатып алу бағасын құрайтын соманы өндіріп алуға құқылы. Рента төлеушіге жауапкершіліктің тиісті шараларын қолдану да жоққа шығарылмайды.

Өз кезегінде шарттың мазмұнына рентаға мүлік ақыға немесе тегін берілді ме сол елеулі әсерін тигізеді. Мысалы, мүліктің кездейсоқ бүлінуіне немесе жойылуына байланысты құқықтар мен міндеттерге. Егер мүлік тегін (ақысыз) берілсе мүліктің кездейсоқ жойылуының немесе бүлінуінің қаупі (тәуекелі) толығынан рента төлеушіде болып келеді. Бұл орын алғанда (осындай жағдайда), ол өзіне қолайлы болып келетін жағдайлар бойынша келісіп, рентаны тезірек сатып алуы керек. Басқа амал рентаны алушы борышты кешіргенінде ғана болады (ҚР АҚ 373 бап).

Мүлік рентаға ақыға берілсе және мүлік кездейсоқ жойылса немесе бүлінсе, осымен байланысты тәуекел тараптар араларында үлестіріледі. Рента төлеуші рента төлеуді тоқтатуы немесе оны төлеу жағдайларын өзгертуді талап ете алады. Біздің көзқарасымыз бойынша рента ұзақ мерзім төленсе, яғни рентаны алушы едәуір табыс тауып үлгерсе, онда ренталық төлемдерді тоқтатуға болады. Керісінше, ренталық қатынастар аз уақыт қызмет етсе, рента алушының мүдделері оған ішінара өтеу жасалуын талап етеді, сондықтан ренталық төлемдер тоқтатылмай тек азайтылуы мүмкін. Өзге де мәселе шешімдерін табуға болады, мысалы, төлемдер сомасы бірден емес, бірте-бірте азайтылуы мүмкін. Барлығын ұйымды қанағаттандыратын шешім екі жақты келісім негізінде, өзара пайдалы жағдайлар бойынша рентаны сатып алу.

#### **Әдебиеттер**

1. Грешников И.П. Субъекты права. – Ч.1: Юридическое лицо в праве и законодательстве. – Алматы: Издательство «ЛЕМ», 2001. – 100 бет//.
2. ҚР Азаматтық Кодексі: жалпы және ерекше бөлімі.-Алматы,2002
3. Кашанина Т.В., Корпоративное право (Право хозяйственных товариществ и обществ). Учебник для вузов. – М: НОРМА – ИНФРА. М, 1999. –402б.
4. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220 Заңы
5. Климкин С.И. Хозяйственные товарищества по законодательству Республики Казахстан. Учебно-практическое пособие. – Алматы: Жеты Жарғы, 2002. – 48 бет//.

#### *Резюме*

*В этой статье рассматриваются понятия и элементы договора постоянной ренты.*

#### *Summary*

*This article discusses the concepts and elements of the contract of permanent rent.*

**Жарылқапова Г.П.**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН  
БОСТАНДЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ**

**Аңдатпа:** Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша адамның және азаматтың Конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі мен маңызын ашу. Адамның және азаматтың Конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және жалпы сипаттамасы, құқыққорғау органдарының азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудағы ролі, сонымен қатар адамның және азаматтың Конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері қарастырылады.

**Кілттік сөздер:** Мемлекеттік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, қылмыстық-құқықтық нормалар, референдум, митинг, демонстрация, декларация.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабы біздің елімізде адам құқықтары мен бостандықтары танылады және соған кепілдік беріледі деп анықтайды. 1998 жылғы 26-маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 4-бабының 1-тармағы ұлттың мүдделердің бірі адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету деп жариялайды.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтарды шын мәнінде пайдалану үшін маңызды орын берілетін заңдық кепілдіктермен қамтамасыз ету жүйесі ерекше саналады. Заңдық кепілдіктер мемлекеттік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық деген салаларға бөлінеді. Олар азаматтардың құқықтары мен бостандықтары бұзылуының алдын алуға, сол сияқты бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіруге бағытталған құралдар мен әдіс-тәсілдерге ие болады.

Жеке адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда елеулі орын қылмыстық-құқықтық кепілдіктерге беріледі. Ол кепілдіктерге азаматтарды неғұрлым қауіпті қылмыстың қол сұғушылықтан қорғауға байланысты құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ міндеттерді орындамағаны үшін жауаптылықтарды қарастыратын заң нормалары жатады. Нақтырақ айтқанда, қылмыстық-құқықтық нормалар тәртіп бойынша басқа сала заңнамаларының нормалары тиімсіз болған және конституциялық құқықтар мен бостандықтардың бұзылуына шара қабылдай алмаған жағдайда қолданылады.

Қазақстан Республикасы ҚК 2-бабы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бірінші орынға қояды. Қазақстан Республикасы ҚК 3-тарауындағы 145-159-баптарында (барлығы 15 құрам) қандай қоғамдық қауіпті әрекеттерден адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары қорғалатыны айтылған.

Сөйтіп, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп, Қазақстан Республикасының Конституциясымен жария етілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық заңмен көзделген қоғамдық қауіпті әрекеттер танылады.

Дегенмен, бұл жерде осы құқықтар мен бостандықтардың екі топқа бөлінегіндігін атап өткен жөн болады. Бір топты адамға тұғанынан бастап тән болатын, айырылмайтын және басқаға берілмейтіндей және соған орай оған қол сұғушылық жеке адамға қарсы (өміріне, денсаулығына, абыройы мен ар-намыс бостандығы) қылмыстар деп танылатындай адамның абсолютті құқықтары мен бостандықтарын құрайды. Басқа екінші топ-азаматтарға мемлекетпен берілген құқықтар мен бостандықтарға байланысты. Бұл құқықтарға қол сұғушылық адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылады.

Адамның және азаматтың Конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тікелей объектісіне байланысты төмендегідей топтастырамыз:

1. Саяси құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Адамның және азаматтың тең құқықтығын бұзу (ҚР ҚК145 бабы); Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау (ҚР ҚК150 бабы); Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеу (ҚР ҚК151 бабы); Жұмыскерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК154 бабы); Жиналыс, митинг, демонстрация, шеру, пикет ұйымдастыруға, өткізуге немесе оларға қатысуға кедергі жасау (ҚР ҚК155 бабы); Еруілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу (ҚР ҚК157 бабы).

## ***М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері***

2. Адамның және азаматтың әлуметтік-экономикалық құқықтарымен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Қазақстан Республикасының еңбекзаңнамасын бұзу(ҚР ҚК152 бабы); Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу(ҚР ҚК156 бабы).

3 Адамның және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Азаптаулар (ҚР ҚК146 бабы); Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу (ҚР ҚК147 бабы); Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу(ҚР ҚК148 бабы); Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу(ҚР ҚК149 бабы).

4. Адамның және азаматтың ақпарат саласындағы құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК158 бабы); Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу (ҚР ҚК159 бабы).

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының жәбірленушілері болып Қазақстан Республикасының азаматтары танылады.

Осы топқа жататын баптарды талдау барысында тыңдаушылар тараудағы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының нақты белгілеріне назар аударулары қажет. Объективтік жағынан қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары белсенді іс – әрекеттер арқылы жасалынады, кейбір құрамдар (ҚР ҚК 156 бабы) әрекетсіздік арқылы көрініс табады. Сонымен қатар көптеген құрамдар формальды, материалды қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдары да ( ҚР ҚК 154,156 баптары) кездеседі. денсаулыққа абайсызда ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтірілген жағдайларда, азаматтың құқықтары мен заңды мүдделері нақты бұзылған жағдайларда. Көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтар кінәнің қасақана ниетімен жасалынады, тек ҚК 156 бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамында кінәнің абайсызда нысаны.

Адамгершілік пен адам құқықтарының басымдылық идеялары қазақстандық қоғам мен мемлекеттік құрылыстың саяси-экономикалық бағытында нық орын алып отыр. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20-қыркүйегінде мақұлданған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Тұжырымдамасында, қылмыстық құқықта адамның табиғи артықшылығына негізделген, ажырамас құқықтары мен бостандықтарын қорғауға жататын әлеуметтік құндылықтардың мүлдем жаңа иерархиясы анықталғандығы көрсетілген. Бұл құқықтар мен бостандықтар 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде, 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде бекітілген адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттардың негізін құрайды.

### **Әдебиеттер**

1. 30 тамыз 1995 ж. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: НОРМА-К. – 2014.
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. (№ 226-V 3 шілде 2014ж. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі баптарымен, № 167-1 16 шілде 1997ж. Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің баптарына салыстырмалы кестемен) – Алматы: НОРМА-К. – 2014 – 240б.
3. 10 желтоқсан 1948 ж.жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы.
4. Конституционный закон РК «О выборах в Республике Казахстан» от 28 сентября 1995г.
5. Ашитов Б.З. Проблемы предупреждения преступных нарушений правил охраны труда. Алматы, 2007
6. Резепов И. Ш. Уголовное право. Особенная часть. Краткий курс; Окей-книга - Москва, 2013. - 128 с.
7. Рахимжанов Г.К. Конституционные права и свободы граждан и уголовный закон (лекция), Караганда, 1996
8. Амрахов Н.И. Проблемы уголовно-правовой охраны прав и свобод человека и гражданина: Учебное пособие. Воронеж, 2006.

### *Резюме*

*В статье рассматриваются виды уголовные правонарушения против конституционных и иных прав и свобод человека и гражданина*

### *Summary*

*The article discusses the types of criminal offenses against the constitutional and other rights and freedoms of man and citizen*

**Имашев Б.Е., Даулетқұл Т.**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МҮДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа:** Қылмыстық құқық бұзушылықтардағы қолсұғушылықтың объектісі мемлекеттік аппараттың және жалпы және жекелеген звенолардағы жергілікті өзін-өзі басқару аппаратының қалыпты қызметі болып табылады. Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың қосымша объектісі ретінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделері қарастырылады.

**Кілттік сөзер:** Мемлекеттік қызмет, мемлекеттік басқару мүдделері, сыбайлас жемқорлық, қылмыстық құқық бұзушылықтар, теориялық, тәжірибелік, қылмыстарды ескерту, заңдылық пен оның тәжірибеде қолдануының жетілгенін танытады, құқық бұзушылықтармен күресу, қылмыстық-құқықтық.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшелігі қоғамдық қауіпті әрекеттерді заңдарды сақтау және қорғауға міндетті адамдардың жасауында болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары екіжақтылықтың, яғни екі тұстың болуымен сипатталады: біріншіден, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланушы мемлекет қызметкері, екіншіден, қызметтік мүдделеріне қарсы әрекетін өзінің пайдасы үшін қолданатын адамдар.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың кең таралуы мемлекет аппаратының сыбайластығы заң шығарушыны мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресуде қатаң шаралар қолдануына мәжбүрлейді.

Қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілерінің ерекшелігін көрсету және осының негізінде мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар түсінігінің қалыптасуы қылмыстық құқық бұзушылықтардың мына белгілерін ашуда маңызды: қоғамдық қауіпті әрекеттерді саралау, қылмыстың сабақтас құрамдарының айырмашылығын анықтау, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар және өзге де құқық бұзушылықтарды шектеу.

Заңдардың өзгертілуіне байланысты мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігін дұрыс анықтау қажеттілігі туындайды.

Сыбайлас жемқорлық билікті және онымен байланысты мүмкіндіктерді жалпы қоғам мүддесі үшін емес, жеке тұлға топтасқан адамдардың пайдакүнемдік мақсатында немесе жеке мүдделері үшін пайдалану деп түсінуге болады.

ҚК 15 тарауында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы қолсұғушылықтың объектісі мемлекеттік аппараттың және жалпы және жекелеген звенолардағы жергілікті өзін-өзі басқару аппаратының қалыпты қызметі болып табылады.

Кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың қосымша объектісі ретінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделері қарастырылады.

Жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар міндетті белгілері олардың заты болып саналады: ақша, құнды қағаздар, өзге де мүліктер (ҚР ҚК 366-368 баптар), ресми құжаттар (ҚР ҚК 369 бап). Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі әрекет арқылы жүзеге асады, тек қызметтік әрекетсіздік (ҚК 370 бап) және салақтық (ҚК 371 бап) қылмыстық құқық бұзушылықтары әрекетсіздікке жатады.

Аталған әрекеттер объектілік жақтың құрылымы бойынша 2 топқа бөлінеді:

- материалдық құрылымды қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚК 307-309 баптары);
- формальды құрылымды қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚК 364-371 баптар).

Материалдық құрылымды жақтың міндетті белгілеріне заң шығарушы азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін елеулі түрде бұзатын әрекеттерін жатқызуға болады.

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу, ең алдымен, құқық қорғаушы объектілерін елеулі түрде материалдық шығынға ұшырату.

Елеулі түрдегі материалдық шығын мүліктік, жекелік және ұйымдық болып бөлінеді.

Ұйымдық зиян кәсіптің, ұйымның жұмысын тоқтату, азық-түліктің шығарылуын тоқтату, олардың жұмысына кедергілер тигізген жағдайлар саналады.

Елеулі түрдегі зиянға азаматтардың конституциялық құқығын, бостандығын бұзу, сол органның беделін түсіру, ауыр зардаптарын тигізу.

## *М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері*

Материалдық зиянның түсініктемесі нақты кәсіпорын мекеменің қалыпты жұмысына кері әрекеттердің әсерінің деңгейі болып табылады, шығынның көлемі, жәбірленушінің саны, моральдық-физикалық, мүліктік шығын мен зиянның ауырлығы. Мүліктік-жекелік ұйымдық зияндар бағалық сипаттамаға ие.

ҚК 15 тарауында қарастырылған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағы кінәнің қасақаналығымен сипатталады. ҚК 371 бабында қарастырылған қылмыс құрамы ерекше болып есептеледі. Онда кінәнің абайсыз нысаны ғана мүмкін.

Парамен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды қарастырғанда екі құрамға назар аудару қажет: пара алу (ҚР ҚК 366 бабы) және пара беру (ҚР ҚК 367 бабы). Параның затын дұрыс анықтап, қылмыстық құқық бұзушылықтың аяқталуын және дәрежелеуші белгілеріне жан – жақты талдау жүргізілулері қажет. Пара мен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігі оның субъектілері өзінің лауазымдарын асыра пайдаланып, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіріп, мемлекеттік қызметтің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғады.

Объективтік жағынан пара алу (ҚР ҚК 366 бабы) мемлекеттік қызмет атқарушы, уәкілеті не оған теңестірілген тұлғалық пара алушылық пайдасына қандай да бір әрекет (әрекетсіздігі) немесе оның жіберген өкілінің (сонымен бірге жанұя мүшелері болуы мүмкін) жасауды орындаумен сипатталады. Осы құрамның міндетті белгісі ретінде оның заты – пара жүреді. Кең мағынада пара алу мүліктік сипаттағы заңсыз пайда табу болып саналады.

Субъективтік жағынан кінәнің тікелей қасақана нысанымен сипатталады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісі пайда табу мақсаты.

Қазақстан Республикасы ҚК 361 бабында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтың мәні мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өз өкілеттігін мемлекеттік қызмет мүдделеріне теріс пайдалануында жатыр

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі – мемлекеттік аппараттың заңды тұрғыдағы қалыпты қызмет атқаруы.

Қазақстан Республикасы ҚК 361 бабы бойынша қылмыстық жауапкершіліктің шарты қызмет өкілеттігін мемлекеттік қызмет мүдделеріне теріс пайдалану.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану дегеннің астарында аталған қылмыстық құқық бұзушылық субъектілерінің қызметтік өкілеттігі және қызмет субъектілерінің қызмет орнының күші арқылы орындайтын құқық пен міндеттерді іске аксыру әрекеті жатыр деп түсіну керек.

Егер әрекет объективті түрде толығымен мемлекеттік аппаратқа жүктелетін жалпы міндеттер мен талаптарға, сонымен бірге, жеке билік құрылымдары немесе басқару орындарының жұмыс тәртібі мен қалыптасқан принциптеріне қайшы келсе, бұл әрекет мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы деп есептеледі.

Қызмет мүддесі деп нақтылы мекемелер мен ұйымдардың қалыпты жұмыс жүргізуі, жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін және тәртіпті сақтау түсіндіріледі.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы материалды болып табылады. Азаматардың не ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзған жағдайда қылмыстық жауапкершілік қолданылады. Осындай зиянға ең алдымен құқық қорғаушы объектінің елеулі түрде материалдық шығынға жол беруін жатқызуға болады.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъектісіне мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамдар не оған теңестірілген адамдар, лауазымды тұлғалар, сонымен бірге дәрістің бірінші сұрағында толық сипатталған мемлекеттік қызметке жауапты тұлға.

Сонымен Қазақстан Республикасында экономикалық, саяси, құқықтық, идеологиялық сипаттамадағы ғаламдық өзгерістер кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше өткірленіп, саяси маңыздылығы арта түсті. Осы құбылыстарға байланысты мемлекеттік билік пен елдің экономикалық қызметі саласына сыбайлас жемқорлықтың тереңдеп ену тенденциясы қазіргі талаптарға сай бақылану үстінде. Заңдылық режимін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы адамдардың құқық басымдығы мен мүддесін талдау осы мәселенің қазақстан қоғамын тұрақсыздандырушы факторлардың бірі екенін көрсетеді.

Құқықтық тәртіп саласында қалыптасып келе жатқан экономикалық қатынастарды жоғары деңгейлі реттеу мемлекеттік органдардың құқықтық орны мен құзырын анықтайтын заң актілерінің, құқық нормаларының жүйесін құрауды талап етуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының негіздерінің бірі болып танылады. Қарастырып отырған әлеуметтік феномен бүгінгі таңда табиғаты мен көрінісін жан-жақты қарастыруды талап ететін күрделі, көп қырлы құбылыс болып табылады.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауда туындаған сұрақтар теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық не өзге де қылмыстарды ескерту мен жолын кесу тиімділігі заңдылық пен оның тәжірибеде қолдануының жетілгенін танытады. Сонымен бірге, қазіргі кезде аталған тақырыпты талдау барысы тарихи тәжірибелік, позитивтік, негативтік, қылмыстық-құқықтық компаративистика құралдарын талдауда аталған қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің маңызды қылмыстық-құқықтық сұрақтарын шешуде ортақ көзқарастардың жоқтығымен сәйкес келеді.

**Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. (№ 226-V 3 шілде 2014ж. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі баптарымен, № 167-1 16 шілде 1997ж. Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің баптарына салыстырмалы кестемен) – Алматы: НОРМА-К. – 2014 – 240б.
2. Андреева Е. Г. Службные преступления в сфере частной охранной и детективной деятельности / Под ред. В. Е. Эминова. – М.: Penates—Пенаты, 2001.
3. Волженкин Б. В. Службные преступления. – М.: Юристъ, 2000.
4. Горелик А. С., Шишко И. В., Хлупина Г. И. Преступления в сфере экономической деятельности и против интересов службы в коммерческих и иных организациях. – Красноярск, 1998.

*Резюме*

*В данной статье рассматривается, уголовные правонарушения против порядка управления противодействуют нормальной управленческой деятельности органов государственной власти и местного самоуправления, могут привести к ослаблению их авторитета, а также к нарушению прав и интересов граждан и задачи управления, вытекающие из общих задач государства на современном этапе его развития.*

*Summary*

*Given article is desiccated to analysis of the adjacent criminal norms compare-son with illegal participation in business activity. The complex delimitation is conducted between adjacent criminal-legal norms, influencing upon correct qualification.*

УДК (316.61)

**Оразалиева А., Абилдаева Г.**

ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ В КОНТЕКСТЕ ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Ключевые слова:** правовая социализация, право, образование, закон

Правовая социализация представляет одну из важнейших частей общей социализации индивида и представляет специфическое проявление ее общих законов в сфере формирования и развития индивидуального политического, правового сознания и правовой культуры. Исходными методологическими принципами анализа сущности, структуры механизма социализации служат социальные условия, общественные отношения, идеалы, взгляды, воспитание, поступки и уровень правовой культуры людей. Под правовой социализацией понимается процесс специально организованного и направленного освоения базовых правовых норм, формирования позитивного отношения к этим нормам, складывания правомерной модели поведения, основанный на интериоризации учащимися правовых ценностей и выработке на их основе своей гражданской позиции.

Для эффективной реализации задач становления гражданского общества правовая социализация учащихся сегодня признается одним из приоритетов общественного развития страны, правового государства.

Решающее значение для успешной правовой социализации учащихся имеет подготовленность в области права самих работников образования: руководителей, преподавателей, мастеров производственного обучения, воспитателей. Она проявляется в умении создать и поддерживать благоприятные условия для становления правовых ценностей в учебном и воспитательном процессе.

От педагога во многом зависит, насколько благоприятными будут образовательные условия правовой социализации. Как считает Н.М. Борытко, педагогическое условие – это внешнее обстоятельство, фактор, оказывающий существенное влияние на протекание педагогического процесса, в той или иной мере сознательно сконструированный педагогом, предполагающий, но не гарантирующий определенный результат процесса [1, с. 94, 155-156]. Таким образом, в данном определении фактор и условие используются в качестве синонимов.

Принципиально важным для нашего исследования является положение И.А. Липского о том, что использование педагогических факторов в научном познании объектов социальной практики является первым шагом, так как они «объясняют причины появления, становления, развития и функционирования, а также разложения, отмирания и исчезновения познаваемых объектов» [2, с. 4]. Вместе с тем автор замечает, что фактор не действует автоматически. Для того чтобы он мог реализовать свой потенциал, необходимы соответствующие условия. И.А. Липский называет изучение условий вторым шагом исследовательской работы: «Известно, что под «условием» понимается то, от чего зависит нечто другое (обусловливаемое); существенный компонент комплекса объектов (вещей, их состояний, взаимодействий), из наличия которого

с необходимостью следует существование данного явления. Весь этот комплекс в целом называют достаточными условиями. Именно условия превращают фактор (потенциал) в реально действующую силу» [3, с. 80-114].

В философской и психолого-педагогической литературе нет единства в идентификации и классификации факторов и условий. В большинстве энциклопедических изданий фактор (от латинского factor – делающий, производящий) определяется как «причина, движущая сила какого-либо процесса, явления, определяющая его характер или отдельные его черты» [5, с. 308-309].

Факторы могут классифицироваться по различным основаниям на количественные и качественные, внешние и внутренние, объективные и субъективные, общественные и личностные, методические и научно-теоретические, базовые (система образующие) и дополнительные, мотивационные и рефлексивные и т. п. Представляется крайне важным выделение факторов, влияющих на позицию педагога при формировании правовой социализации учащихся.

Под термином «фактор» в данном случае будет пониматься основная движущая сила, основная причина явления, существенное обстоятельство процесса постоянно действующие условия, влияющие на физическое, психическое, нравственное развитие человека, его обучение и воспитание, формирование личности [6, с. 130-131].

Факторы, влияющие на процесс правовой социализации можно определить как позитивные или негативные причины, которые способствуют или препятствуют течению данного процесса. Они также подразделяются на объективные и субъективные. К объективным факторам, определяющим правовую социализацию учащихся, следует отнести социальные факторы – это государственная политика в области профессионального образования, состояние системы профессионального образования, средства массовой информации, социальная среда местного сообщества, семейная ситуация, среда досуга учащихся; характер взаимоотношений учащихся с окружающими людьми. К субъективным факторам – ориентации и установки на овладение правовой культурой, позитивное отношение к праву, принятие правомерной модели поведения.

А.В. Мудрик выделяет четыре группы факторов, влияющих на социализацию человека. К ним относятся [7, с. 53]:

1. мегафакторы – космос, планета, мир, которые в той или иной мере через другие группы факторов влияют на социализацию всех жителей Земли;

2. макрофакторы – страна, этнос, общество, государство, которые влияют на социализацию всех живущих в определенных странах;

3. мезофакторы – условия социализации больших групп людей, выделяемых: по местности и типу поселения, в которых они живут (регион, село, город, поселок); по принадлежности к аудитории тех или иных сетей массовой коммуникации (радио, телевидение и др.); по принадлежности к тем или иным субкультурам;

4. микрофакторы – непосредственно влияющие на конкретных людей, которые с ними взаимодействуют: семья и домашний очаг, соседство, группы сверстников, воспитательные организации, различные общественные, государственные, религиозные, частные и контрсоциальные организации, микросоциум [8, с. 410].

Среди факторов, определяющих направленность и содержание правовой социализации, подавляющее большинство отечественных философов, социологов права, психологов, педагогов, среди них В.Н. Кудрявцев, В.П. Казимирчук, В.В. Лапаева, А.Р. Ратинов, Липский И.А выделяют [9]:

– правовую культуру, ориентированную на развитие политического и правового сознания граждан, воздействие на индивида сразу в нескольких направлениях; формирование у него способности играть определенные социальные роли, соответствовать принятым в обществе образцам поведения; установление индивидом определенной системы правовых ценностей; выработку навыков, привычек и стереотипов правового поведения. По отношению к обществу критериями оценки развитости правовой культуры являются правовой нигилизм, правовая активность населения, отношение к таким правовым ценностям, как свобода, права человека, демократические выборы. Свидетельством высокого уровня развития правовой культуры личности служит ее подготовленность к восприятию правовых идей и закона, умение и навыки пользования правом в оценке собственных знаний права;

– правовую систему, для которой, в отличие от правовой культуры, присуща оценка явлений не в остатке, в виде отдельных блоков, а в динамике – как действующей целостности; образуют же ее в совокупности четыре правовых явления: писаное право, юридическая практика, правовая идеология, правовые понятия;

– правосознание, в основе которого лежат представления о действии правовой системы, о правовой действительности в индивидуально понимаемых человеком правах и обязанностях, закрепленных в правовых требованиях; важной составляющей правосознания человека выступают чувственная и рациональная составляющие; особое значение при этом имеет формирование у него правового чувства справедливости, вины, ответственности, честности и т. д.;

– правовое образование и воспитание, направленные на формирование знаний, убеждений и мотивов правомерного поведения средствами правовой пропаганды, просвещения и обучения; наиболее развитой

формой правовой образованности и воспитанности является формирование у личности умения и потребности к правовому самообразованию и самовоспитанию, ее самосовершенствование в познании права и выработке осознанного уважительного отношения к правовым принципам, ценностям, нормам.

Таким образом необходимо отметить, что социализация молодежи - это объективный процесс ее вхождения в социальную сферу. В обществе существует институциональное, целенаправленное воздействие на молодежь в форме воспитания подрастающего поколения. Этот процесс осуществляется через систему различных социальных институтов, таких как государство, семья, школа, армия и ряда других.

